ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ

ғылыми-танымдық журналы



2-2026



Қазақстандағы музей ісі мен осы сала мамандарына арналған «Музей әлемі» журналы оқырман қауымға ұсынылып отыр. Еліміздегі барша музей мамандарына аталған басылым арқылы өз еңбектерін жариялауға мүмкіндік қарастырылған. Осылайша, біз, еліміздің ең ірі музейлерінен бастап, шалғай аудан-ауылдардағы әріптестерімізбен тығыз байланыс орнатуды көздеп отырмыз. Қазақстанның бай тарихи мәдениетін насихаттау арқылы ұлт мәдениетіне қызмет етуді мақсат тұтқан «Музей әлемі» журналы сіздердің таным көкжиегін кеңейтер қызықты мақалаларыңызды жарыққа шығаруға дайын.

Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

Бас редактор:
Эльмира Абдукамалова

Жауапты редактор:
Тазагүл Қабыкенқызы

Редакторлар:
Сәуле Оразбай
Аягоз Султанова
Бахытгуль Бейсенбина

Суретші-дизайнер:
Аида Смайлова

Фототілші:
Қанат Мусин

МУЗЕЙ ӘЛЕМІ №2-2026
ISSN: 3106-4485

Редакцияның мекенжайы:
010000, Астана қаласы
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме
Байланыс телефондары:
+7(7172) 91 90 35, 335, 663, 664, 641 (ішкі)
e-mail: Qazyna.journal@gmail.com

Журнал жылына 4 рет шығады
Пішімі 205х275 мм. Офсеттік басылым 4+4
Журналға жарияланған авторлық материалдар редакция көзқарасын білдірмейді.

«Астана қаласының жас мүгедектері»
Баспахана мекен-жайы:
Астана қ., Е 489, 6
Тел.: 8 701 251 90 17

МАЗМҰНЫ

Музей жаңалықтары....4

Цифрлық музей

О. Арипджанов. Музеи тюркского мира – путь от региональной интеграции к цифровому сотрудничеству....7
Г. Мукашева. Оцифровка музейного «сундука» как инструмент сохранения культурного наследия....9
Murat Bozcu. Digital transformation and heritage preservation: The Hagia Sophia History Museum experience....14
Ә. Қасенова. Тарихи-мәдени мұраны сақтау жүйесіндегі цифрлы трансформация: тәжірибе мен перспективалар....15

Тарих жаңғырығы

Қ. Сапаров., С. Хасенов. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов еңбектеріндегі жер-су атаулары....18
Ж. Ергельдинова. «Алжир» лагері тұтқындарының хаттары: Саяси қуғын-сүргін тарихын қайта пайымдаудың маңызды дереккөзі....24
Қ. Жапақов. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Жалағаш ауданы (Архив материалдары негізінде)....29

Мәдени мұра

Ж. Шалкеева. Қали Жүніс моншасының салыну тарихы және өңірлік мәдениеттегі орны....34
Ғ. Ақпанбекова. С. М. Дудин фотосуреттеріндегі қазақ қоғамы....40
Қ. Қабиден., А. Бейсенәліұлы. Қазақтың ұрмалы-соқпалы аспаптарының жасалу технологиясы және қолданыс аясы....46

Құнды жәдігер

Д. Тауасарова. Басқұр – кеңістікті біріктірген мәдени код....49
Э. Ибрагимова. Бойтұмар – рухани қорғаушы....51
Қ. Қабиден. Көне аспаптар сыры....55

Тұлға

Қ. Оразымбетов. Қазақстаннан шыққан тұңғыш ғарышкер 80 жаста....57
С. Амирова., Д.Токтаров. Профессор Алан Оутрам: Ботай мәдениеті және халықаралық ғылыми жарияланым тәжірибесі....60
Л. Мырзахмет. Әділет пен ар жолында: Салық Зиманұлының мұрасы»....64

Түркі тарихы

С. Атдаев. Коншинский караван в Мерве 1882 г....70

Музей ісі

А. Рахтаева. Ұлттық музейде – балдырған гид жобасы 82
В. Павлик. Иммерсивные практики в музейной педагогике: трансформация городского пространства в образовательную среду на примере аудиоэкскурсионного проекта «город говорит»....87
Ү. Жұмабайқызы. Музейлік коммуникация: жәдігер және қоғам арасындағы мәдени диалог (18 мамыр – Халықаралық музей күніне орай)....90

Материалдық емес мәдени мұра

Ж. Сейтенова. Қазақтың дәстүрлі аңшылық тәсілдері....92

Ұлттық музейде халықаралық IV Қазақстан музей конгресі өтті

2026 жылғы 19-21 мамыр аралығында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ауқымды мәдени-ғылыми іс-шара – «Тарихи-мәдени мұраны сақтау: инновация және цифрлық трансформация» тақырыбында халықаралық IV Қазақстан музей конгресі өтті.

Дәстүрлі іс-шараның шымылдығын ашқан ҚР Ұлттық музейінің директоры, тарихшы Берік Әбдіғалиұлы қатысушыларды конгрестің басталуымен құттықтап, тарихи-мәдени мұраны сақтау ісіндегі халықаралық ынтымақтастықтың, цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдердің маңыздылығына тоқталды.

Конгресс аясында «Қазақстан – Франция 2026» музеология форумы өтті. Іс-шара тарихи-мәдени мұраны сақтау, музей ісін дамыту, инновациялар мен цифрлық трансформация мәселелеріне арналды.



Форумның ашылуына Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Француз Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі Сильван Гиоге, ALIPH қорының атқарушы директоры Валери Фрелан, Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасындағы Елшісінің орынбасары, бірінші кеңесші Ааро Юлитало қатысты.

Ұйымдастырылған іс-шаралар ауқымды әрі көпсалалы форматта өтті. Атап айтқанда, конгрестің I секциясы аясында «E-museum» веб-порталы: мемлекеттік каталог жүргізу және музей қорларын цифрландыру мәселелері» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылып, музей мамандарының кәсіби білімі мен дағдыларын жетілдіруге бағытталды.

II секцияда «Түркі әлемі музейлері: ортақ мұра, интеграция және бірлескен жобалар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліп, түркітілдес елдер арасындағы мәдени байланыстарды нығайту және ортақ тарихи-мәдени мұраны бірлесіп зерттеу бағыттарын айқындау тұрғысынан ерекше маңызға ие болды.

Музеология форумы шеңберінде «Мәдени дипломатия және музейлік жобалар», «Мәдени мұраны басқару: сақтау және жаңғырту», «Цифрлық музей: инновациялық шешімдер мен тәжірибе» тақырыптары бойынша өткізілген секциялық отырыстарда Франция, Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің музей мамандары тарихи-мәдени мұраны сақтау, музей ісін дамыту, инновациялар мен цифрлық трансформация мәселелеріне арналған баяндамалар жасады.

«Материалдық емес мәдени мұра: киіз басу өнері» атты келесі секцияда материалдық емес мәдени мұраны сақтау, қорғау және насихаттау мәселелері бойынша баяндамалар талқыланды. Сондай-ақ қазақтың дәстүрлі киіз басу өнеріне арналған арнайы шеберлік сабағы өткізілді. Шеберлік сабақ барысында киіз басу өнерінің технологиясы, жүнді дайындау, сабау, шабақтау, сулау, булау және білектеу сияқты әдіс-тәсілдер тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Қазіргі уақытта мәдени мұраны сақтау және оны болашақ ұрпаққа жеткізу миссиясы өзекті мәселеге айналып отыр. Осы орайда Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі халықаралық IV Қазақстан музей конгресін ұйымдастыру арқылы еліміздің мәдени мұрасын әлемге танытуға, отандық музей ісін халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге және рухани құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу жолындағы ортақ міндеттерді бірлесе атқаруға мүмкіндік жасады.

Музей түні: келушілер музей кеңістігін жаңа форматта таныды

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде Халықаралық музейлер күніне арналған дәстүрлі «Музей түні – 2026» мәдени-танымдық акциясы жоғары деңгейде өтті.



Биылғы акция өткен мен бүгінді, дәстүр мен жаңашылдықты, тарих пен заманауи мәдениетті тоғыстырған ерекше форматымен есте қалды. ҚР Ұлттық музейі кеңістігі бір күнге үлкен мәдени алаңға айналып, мыңдаған келушіге таным мен шығармашылыққа толы атмосфера сыйлады.

Акцияның ресми ашылуында Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы Ерлан Дәкенов музей қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың ұлттық тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудағы маңызды рөлін атап өтті. Сонымен қатар, ол «Музей түні» секілді ауқымды мәдени шаралардың қоғамның музейлер және ел тарихына деген қызығушылығын арттырудағы маңызын ерекше атады.

Кеш барысында қонақтарға театрландырылған экскурсиялар, интерактивті бағдарламалар мен квест сабақтары ұсынылып, келушілер тарихи кезеңдер атмосферасына саяхат жасады. Сонымен қатар, кішкентай келушілерге арналған дәстүрлі «Балдырған гид» жобасы ұйымдастырылып, бүлдіршіндер музей залдары бойынша экскурсия жүргізді.

Кештің ерекше жобаларының бірі – «Жұлдызды гид» бастамасы болды. Танымал тұлғалар және қоғам қайраткерлері музей залдарында экскурсия өткізіп, келушілерге ұлттық мұраны жаңа қырынан таныстырды.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің қолдауымен өнер мен технологияны ұштастырған бірегей шоу ұсынылды. Гуманоид-робот, бионикалық робот-иттің қатысуымен өткен көрініс және скрипкашы Назым Мұстафинаның әсерлі орындауы көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Музей түні аясында концерттік бағдарламалар, DJ-сет, ғылыми дәрістер, шеберлік сабақтары, қолөнершілер жәрмеңкесі мен музей қызметкерлерінің авторлық экскурсиялары ұйымдастырылып, келушілер музей кеңістігін жаңа форматта таныды.

Сондай-ақ, қонақтар музей залдарындағы отандық және халықаралық көрмелерді тамашалап, өнер мен мәдениеттің сан қырлы әлеміне саяхат жасады.

«Музей түні – 2026» акциясы музейдің руханият, мәдениет, ғылым және шығармашылық тоғысқан заманауи кеңістік екенін тағы бір мәрте айқындады.

«Қаз қонақ» көрмесі



2026 жылғы 10 мамырда Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Қаз қонақ» республикалық маңызы бар табиғи ескерткіші мәртебесінің берілгеніне 55 жыл толуына арналған көрме ашылды. Бұл орын – жер планетасының тарихы жанданып, алыс өткеннің куәсіне айналған бірегей палеонтологиялық ескерткіш. Музей келушілерді сирек кездесетін олжалары – ежелгі жануарлардың сүйек қалдықтарымен танысып, таңғажайып деректерді білуге шақырады. Іс-шараға мәдениеттану ғылымдарының кандидаты, Марғұлан университетінің профессоры Валентина Алиясова белсене қатысты.

Түркия вице-президенті Ұлттық музейді аралады

Қазақстанға жұмыс сапары барысында Түркия вице-президенті Джевдет Йылмаз еліміздің басты мәдени ошақтарының бірі – ҚР Ұлттық музейі төріне арнайы ат басын бұрды. Құрметті мейманды ҚР премьер-министрі Олжас Бектенов бастап келіп, қазақ елінің бай рухани әлемімен таныстырды.



Экскурсия барысында мәртебелі қонақ Ұлы Дала өркениетінің терең тамырынан сыр шертетін бірегей экспозицияларды тамашалады. Көшпелі мәдениеттің көркем көріністері, ата-баба мұрасын айшықтайтын асыл жәдігерлер мен тарихи құндылықтар қонақтың ерекше ықыласын аударды. Әсіресе түркі халықтарына ортақ мәдени сабақтастықты паш ететін сирек экспонаттар рухани үндестіктің айқын белгісіндей әсер қалдырды.

Бұл тағылымды сапар Қазақстан және Түркия арасындағы ғасырлар қойнауынан жалғасқан достық әрі бауырластықтың, тарихи тамырласу мен рухани жақындықтың жарқын көрінісі ретінде айрықша мәнге ие болды.

Халықаралық семинар аясында құнды жәдігерлер таныстырылды

2026 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында өткен «Қ.А. Ясауи кесенесінің зерттелуі және реставрация тарихы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар аясында қонақтар «Сирек жәдігерлер залы» көрмесімен танысты. Көрме барысында қатысушылар тарихи құндылығы жоғары бірегей жәдігерлерді тамашалап, олардың ғылыми маңызы мен мәдени мұра ретіндегі ерекшеліктеріне терең бойлады.



Аталған халықаралық семинар жұмысына Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген және отандық тарих, археология және сәулеттану салаларының жетекші ғалымдары мен сарапшылары, сондай-ақ ғылыми-зерттеу ұйымдарының өкілдері белсенді қатысты. Бұл жиын өзара тәжірибе алмасуға, ғылыми байланысты нығайтуға және мәдени мұраны сақтау бағытындағы өзекті мәселелерді бірлесе талқылауға мол мүмкіндік берді.

ЦИФРЛЫҚ МУЗЕЙ

МУЗЕИ ТЮРКСКОГО МИРА – ПУТЬ ОТ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИНТЕГРАЦИИ К ЦИФРОВОМУ СОТРУДНИЧЕСТВУ

Отабек АРИПДЖАНОВ,
PhD, старший научный сотрудник,
Государственный музей истории Узбекистана
Академия наук Республики Узбекистан
г. Ташкент, Узбекистан

Совет национальных музеев Центральной Азии как модель региональной интеграции

В последние годы в Центральной Азии сформировалась устойчивая тенденция к институционализации музейного сотрудничества, направленного на развитие общего культурного пространства региона. Ключевым шагом в этом процессе стало создание Совета национальных музеев Центральной Азии, объединившего ведущие музейные учреждения Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана и Узбекистана.

Инициатива была впервые зафиксирована в декабре 2022 года в Ташкенте по итогам встречи директоров национальных музеев стран региона, где была подписана Резолюция о создании Совета. Дальнейшее развитие эта инициатива получила 15 декабря 2023 года, когда в Ташкенте был подписан протокол о создании Совета национальных музеев Центральной Азии. Важным этапом институционального оформления стало принятие и подписание Положения Совета в декабре 2024 года в Бишкеке.

Создание Совета можно рассматривать как важный шаг к формированию устойчивой платформы профессионального взаимодействия музейных специалистов региона. Его деятельность направлена на координацию научных исследований, развитие выставочной деятельности, обмен опытом и повышение квалификации кадров.

Одним из ключевых проектов Совета является подготовка первого научного каталога уникальных предметов, хранящихся в фондах национальных музеев Центральной Азии. Данный проект реализуется при поддержке Institute for the Study of Ancient Cultures и направлен на систематизацию и научное описание культурного наследия региона.

Важную роль в развитии профессионального сотрудничества играет многолетнее взаимодействие с Чикагским университетом (University of Chicago), в частности с участием Гила Стейна (Gil Stein). С 2018 года на базе Государственного музея истории Узбекистана реализуются регулярные образовательные программы и семинары, направленные на подготовку специалистов в области реставрации и хранения музейных предметов.

Особое значение имеет инициатива C5 CTPAC (Central Asian Cultural Heritage Conservation Partnership/ Центральноазиатское партнерство по обучению консервации артефактов), объединяющая специалистов пяти стран региона. В рамках данной программы проводятся регулярные тренинги и семинары, посвященные вопросам консервации, реставрации и музейного менеджмента. Так, в 2024 году программа обучения была посвящена работе с материалами из дерева, камня и кости, а в 2025 году на вопросы транспортировки, временного экспонирования и сохранности предметов из бумаги.

Эффективная интеграционная модель, продемонстрированная Советом национальных музеев Центральной Азии, доказывает способность институтов региона к успешному взаимодействию и служит основой для создания аналогичной платформы, призванной углубить профессиональное сотрудничество в масштабах всего тюркского мира.

Музеи стран тюркского мира располагают значительным потенциалом для формирования общего культурного пространства, основанного на исторических, языковых и культурных связях. В то же время их деятельность в большинстве случаев развивается в рамках национальных

концепций, что ограничивает возможности комплексного представления общего наследия.

В этом контексте развитие координированных межмузейных инициатив, включая совместные выставки, научные исследования, обмен коллекциями и выработку общих подходов к интерпретации наследия может способствовать более целостному осмыслению культурных процессов в пространстве тюркского мира.

Цифровое сотрудничество и перспективы использования искусственного интеллекта

Современный этап развития музейной деятельности характеризуется активным внедрением цифровых технологий, которые становятся неотъемлемой частью процессов сохранения, изучения и представления культурного наследия. В данном контексте цифровое сотрудничество выступает следующим этапом после институциональной интеграции.

Одним из ключевых направлений является создание цифровых каталогов, виртуальных выставок и использование технологий 3D-моделирования, позволяющих значительно расширить доступ к музейным коллекциям. Однако особое внимание в последние годы привлекает развитие технологий искусственного интеллекта.

Современные системы искусственного интеллекта позволяют генерировать изображения, тексты и визуальные реконструкции, однако в большинстве случаев они основаны на глобальных, универсальных наборах данных. Это приводит к формированию обобщённых и зачастую искажённых представлений о локальных культурах.

В последние годы технологии генерации изображений и видеоконтента с использованием искусственного интеллекта получили широкое распространение и активно применяются в цифровых медиа, образовательной среде, а также в музейной практике, включая создание мультимедийных экспозиций. Однако в большинстве случаев подобные материалы не отражают в полной мере историческую достоверность и культурную специфику конкретных регионов.

Это обусловлено тем, что существующие модели искусственного интеллекта не обладают специализированными знаниями о локальной материальной культуре и опираются на усреднённые визуальные данные. В результате при попытке реконструкции, например, элементов материальной культуры раннесредневекового Чача (Ташкента), формируются условные и нередко некорректные образы, не соответствующие научным данным.

В этих условиях возникает необходимость создания собственных национальных и региональных цифровых баз данных, отражающих специфику культурного наследия стран Центральной Азии. Только на основе таких данных возможно создание корректных цифровых моделей, адекватно представляющих историко-культурные особенности региона. Важную роль в этом процессе может сыграть разработка специализированных моделей искусственного интеллекта, обученных на проверенных научных и музейных материалах.

Развитие подобных баз данных должно осуществляться на национальном уровне с последующей интеграцией в межгосударственные системы. Такой подход позволит сохранить культурную идентичность каждой страны и одновременно сформировать общее цифровое пространство.

Перспективным направлением является создание единой цифровой платформы, объединяющей музейные ресурсы стран тюркского мира. Такая платформа может включать научные каталоги, цифровые коллекции, образовательные ресурсы и виртуальные экспозиции, доступные международной аудитории. На основе интеграции национальных баз данных возможно формирование согласованной цифровой среды, обеспечивающей более точное и научно обоснованное представление общего культурного наследия.

Таким образом, переход от региональной интеграции к цифровому сотрудничеству представляет собой логичное развитие музейного взаимодействия.

Опыт Центральной Азии показывает, что при наличии институциональной базы возможно формирование более сложных форм сотрудничества, включая координацию цифровых данных и технологий.

В перспективе развитие искусственного

интеллекта и цифровых платформ может сыграть ключевую роль в формировании нового уровня взаимодействия между музеями тюркского мира, обеспечивая более глубокое и комплексное представление общего культурного наследия.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қазіргі цифрландыру жағдайында түркі әлемі елдерінің музей мекемелерін интеграциялау процестеріне арналған. Орталық Азия ұлттық музейлері кеңесінің қызметі мысалында автор институционалдық өзара іс-қимылдың қазіргі тәжірибесін талдайды және оны технологиялық серіктестіктің сапалы жаңа деңгейіне өтудің базалық платформасы ретінде қарастырады.

SUMMARY

The article addresses the processes of integrating museum institutions within the Turkic world in the context of contemporary digitalization. Using the experience of the Council of National Museums of Central Asia as a case study, the author analyzes the existing practice of institutional interaction and conceptualizes it as a fundamental platform for transitioning to a qualitatively new level of technological partnership.

ОЦИФРОВКА МУЗЕЙНОГО «СУНДУКА» КАК ИНСТРУМЕНТ СОХРАНЕНИЯ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ

Гульсара МУКАШЕВА,
главный хранитель
Национального музея РК

В современных условиях цифровые технологии становятся важным инструментом не только сохранения музейных коллекций, но и их научного изучения. Оцифровка музейных предметов позволяет фиксировать их текущее состояние, создавать страховые копии, обеспечивать доступность музейного наследия для исследователей и широкой аудитории. Вместе с тем цифровые методы открывают новые возможности для атрибуции и выявления сведений, которые невозможно установить при обычном визуальном осмотре.

Одним из примеров такого исследования стал деревянный «сундук» из фондов Национального музея Республики Казахстан, происхождение и функциональное назначение которого долгое время оставались недостаточно изученными.

В ходе исследования была проведена детальная цифровая съёмка предмета с последующей компьютерной обработкой изображений. Использовались методы увеличения, контрастирования и детализации отдельных участков поверхности, что позволило выявить ранее неразличимые элементы оформления и текстовые фрагменты.

Особое внимание было уделено металлической пластине на лицевой стороне сундука и бумажной наклейке, размещённой на внутренней стороне крышки. Полученные данные были сопоставлены с историческими справочниками, архивными материалами и сведениями о промышленных предприятиях Российской империи конца XIX – начала XX века.

В результате цифровой обработки изображений на металлической пластине



Процесс оцифровки предмета.
Национальный музей РК

удалось прочитать надпись: «Александръ III Императоръ Всероссійскій». Благодаря цифровой обработке стало возможно полностью прочитать надписи по контуру пластины, в том числе ранее неразличимые фрагменты.

Анализ полученных данных позволил установить историко-технологическую принадлежность предмета. Изображение императора Александра III даёт возможность отнести время изготовления «сундука» к периоду его правления -1881-1894 гг.

Проведено сопоставление выявленных надписей с промышленными справочниками конца XIX - начала XX вв., энциклопедическими изданиями, а также архивными сведениями о рижских промышленных предприятиях.

На лицевой стороне «сундука» закреплена декоративная металлическая накладка овальной формы, выполненная методом штамповки. Композиция состоит из двух медальонов, объединенных растительным орнаментом. в левом медальоне помещен профильный портрет Александра III (1881-1894 гг.) с круговой надписью: «Александръ III Императоръ Всероссійскій». В правом медальоне расположена текстовая надпись: «За трудолюбие и искусство», «ПАВ РААШЕ», «Рига».

Металлическая накладка представляет собой фирменную декоративную пластину, закреплённую на внешней поверхности сундука. Пластина выполнена в эклектичной стилистике конца XIX века с использованием растительного орнамента и медальонной композиции. Изображение императора Александра III и текстовые элементы позволяют рассматривать её как часть фирменного оформления продукции Балтийского завода весов, мер и гирь Павла Рааше. Характер крепления и степень износа свидетельствуют о том, что накладка является первоначальным элементом конструкции сундука.

Проведённый анализ позволил установить связь предмета с Балтийским заводом весов, мер и гирь Павла Рааше, действовавшим в Риге во второй половине XIX - начале XX века. Предприятие являлось одним из крупнейших производителей метрологического оборудования Российской империи и выпускало торговые, аптекарские, платформенные и амбарные весы, гири и различные измерительные приборы.

В энциклопедическом издании «Рига» (1989) содержатся сведения о Балтийском заводе весов, мер и гирь, действовавшем в период правления Александра III. Владельцем предприятия был Павел (Пауль) Рааше - обрусевший немец, организовавший производство различных измерительных приборов и оборудования.

Балтийский завод весов, мер и гирь (Павел Рааше) был основан в Риге, в 1850х годах. На этом заводе производили: десятичные и сотенные торговые весы, большие мостовые (платформенные, амбарные) весы, гири - наборы разновесов для весов, меры объёма (например, для зерна - «пурки»).



Пластина, снятая с помощью оцифровки



Сундук. Оцифровка. Национальный музей РК

А также на заводе производили аптекарские весы – маленькие сборные весы для точного взвешивания порошков, лекарств и прочее.

Продукция завода отличалась высокой точностью изготовления и неоднократно отмечалась наградами промышленных выставок. Девиз «За трудолюбие и искусство», размещённый на пластине, отражал производственную философию предприятия и подчёркивал высокое качество выпускаемой продукции. Завод получил более десятка золотых и серебряных медалей, а также Золотую дарственную медаль от Министерства финансов «За трудолюбие и искусство».

Несмотря на частный характер предприятия, его продукция была широко распространена на территории Российской империи.

Изображение Александра III и выявленные надписи позволили не только установить производителя предмета, но и определить его место в историческом контексте развития промышленности и метрологической системы Российской империи.

Таким образом, исследуемый «сундук» является носителем ценной исторической информации, отражающей производственные, образовательные и культурные связи Российской Империи конца XIX века. Это было одно из значимых промышленных предприятий Риги своего времени. Завод просуществовал до начала Второй мировой войны.

Предмет представляет интерес для музейных коллекций, исследователей истории техники и промышленности.

История поступления предмета в музейное собрание

Согласно акту приема, предмет был передан в музей Михеевым В.Г., начальником отдела Балкашинского РОВД. В легенде акта указано, что коробка для разновесов хранилась в семье Балыкина Максима Ивановича, жителя села Каменка Балкашинского района.

Первоначально предмет поступил в фонды Акмолинского областного историко-краеведческого музея. В последующем, после его закрытия, был передан в музей Президентского центра культуры Республики Казахстан, а после расформирования Президентского центра вошёл в собрание Национального музея Республики Казахстан.

Следует отметить, что в различных учётных документах предмет обозначался по-разному: как «коробка для разновесов», «коробка деревянная» и как «сундук, «шкатулка». Подобные расхождения нередко встречаются в музейной практике, особенно в отношении предметов, поступивших в фонды без полной атрибуции.

В одной из книг учёта поступлений предмет был включён в группу «предметы переселенцев». Дополнительных сведений, раскрывающих обстоятельства его появления на территории Казахстана, в музейной документации не имеется. Вместе с тем данная запись представляет интерес, поскольку может свидетельствовать о перемещении предмета в среде переселенческого населения конца XIX - начала XX века.

Не исключено, что «сундук», первоначально связанный с использованием измерительных приборов и метрологического оборудования,



Книга учета, акты поступлений. Национальный музей Республики Казахстан



Сундук с пластиной



Бумажная наклейка внутри сундука

был привезён на территорию Акмолинского региона в период активных переселенческих процессов Российской империи. Однако отсутствие дополнительных архивных материалов не позволяет делать окончательные выводы, и данный вопрос требует дальнейшего изучения.

Первичная атрибуция предмета была краткой и отражала лишь его предполагаемое практическое назначение.

Исследование музейного предмета, проведённое с применением цифровой съёмки и обработки изображений, сопоставление архивных материалов, позволило уточнить атрибуцию, назначение предмета и рассматривать его как специализированный заводской деревянный ящик для хранения и транспортировки измерительных приборов. А также установить связь «сундука» с Балтийским заводом весов, мер и гирь Павла Рааше в Риге.

Повторное обращение к предмету и фондовой документации позволило выявить сведения, которые ранее не были отражены в учётных материалах.

Особый интерес представляет бумажная наклейка, сохранившаяся на внутренней стороне крышки сундука, пожелтевшая от времени бумажная наклейка с отпечататанным заводским шрифтом «Сравнительная таблица въесовыхъ мѣръ голландскихъ зерновыхъ въсовъ (т.е. Рижской пурки), исчисленныхъ на русскія мѣры четверти, Рижскимъ городскимъ механикомъ ПАВ.РААШЕ» – это прямое указание на содержимое и функцию «сундука». «Сундук» для инструментов измерительных приборов.

Таблица, размещённая на внутренней стороне крышки, вероятно выполняла роль постоянного справочного материала, используемого в практической деятельности при проведении измерений и торговых операций.

Представленный артефакт является уникальным образцом фирменной продукции рижского «Балтийского завода весов, гирь и мер».

«Сундук» представляет собой не бытовой, а профессиональный предмет, связанный с хранением измерительных приборов. На внутренней поверхности и конструктивных элементах сохранились следы длительной эксплуатации.

Металлическая пластина с девизом «За трудолюбие и искусство» являлась частью фирменного оформления предприятия и подчёркивала качество выпускаемой продукции.

Их производство требовало высочайшего уровня трудолюбия, усердия и искусства (мастерства) от рабочих и инженеров. Это был мощный маркетинговый ход, подчеркивавший, что продукция завода - это результат не просто труда, а настоящего искусства.

Изображение Александра III отражало характерную для конца XIX века практику размещения государственной символики на промышленной продукции и свидетельствовало о лояльности предприятия официальной власти Российской империи.

Использование методов оцифровки и цифровой обработки изображений позволило уточнить атрибуцию предмета, установить его производителя, определить функциональное назначение и дополнить сведения об истории бытования экспоната.

«Сундук» представляет интерес как редкий



Измерительные приборы Балтийского завода



Сундук для инструментов измерительных приборов

образец промышленной продукции конца XIX века, связанный с историей измерительных приборов и метрологического дела.

В результате проведённого исследования, включавшего оцифровку предмета, анализ сохранившихся надписей, бумажной справочной таблицы и сопоставление архивных материалов, удалось уточнить атрибуцию музейного предмета. Ранее в учётной документации он фиксировался как «коробка деревянная», «коробка для разновесов», «сундук» и «шкатулка».

С учётом конструктивных особенностей предмета, его функционального назначения и выявленной связи с Балтийским заводом весов, мер и гирь Павла Рааше в Риге, предмет атрибутирован как: «Ящик деревянный заводской для хранения разновесов и измерительных приборов». Конец XIX века.

Балтийский завод весов, мер и гирь Павла Рааше. Рига.

Проведённая работа позволила не только уточнить происхождение и назначение предмета, но и существенно дополнить его научное описание и исторический контекст бытования.

Практика повторного изучения музейных предметов показывает, что даже давно учтённые экспонаты могут содержать сведения, оставшиеся вне внимания при первичной атрибуции.

Фондовые собрания продолжают оставаться важным источником новых сведений, а применение цифровых технологий открывает дополнительные возможности для изучения и интерпретации музейного наследия.

Список источников:

1. Книга актов приёмки основного фонда № 48 за 1987 год, том II (Акт приёмки № 3528 «Коробка деревянная для разновесов»)

2. Книга учёта поступлений основного фонда № 16 Национального музея Республики Казахстан (экспонат № 22016 «Коробка деревянная для разновесов»)

3. Рига: Энциклопедия. – Рига, 1989

4. Архивные и справочные материалы по истории Балтийского завода весов, мер и гирь Павла Рааше

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорындағы ағаш сандыққа жүргізілген зерттеу нәтижелері қарастырылады. Зерттеу цифрлық түсірілім және кескінді өңдеу әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Цифрландыру барысында металл пластина мен қағаз жапсырмадағы бұрын оқылмаған жазбалар анықталып, олардың негізінде бұйымның шығу тарихы айқындалып, оның қызметтік мақсаты нақтыланды және тарихи айналым мәнмәтіні белгіленді. Зерттеу музейлік заттарды атрибуциялауда және олардың тарихи-мәдени әлеуетін ашуда заманауи цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін көрсетеді.

SUMMARY

The article presents the results of a study of a wooden chest from the collections of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, conducted using digital imaging and image processing methods. During the digitization process, previously illegible inscriptions on a metal plate and a paper label were revealed. These findings made it possible to determine the origin of the object, clarify its functional purpose, and establish its historical context. The study demonstrates the potential of modern digital technologies in the attribution of museum objects and in revealing their historical and cultural significance.

Digital transformation and heritage preservation: The Hagia Sophia History Museum experience

Murat BOZCU,
Hagia Sophia History Museum
Istanbul, Turkey

Turkey and Kazakhstan share many cultural connections through history. We have common memories, traditions, and values that connect our societies across centuries. Museums have a special role in protecting these shared cultural ties and passing them to future generations in a peaceful and meaningful way.

Today, museums are changing very quickly. They are no longer only places where objects are displayed behind glass. Modern museums must create knowledge, emotion and experience together. For this reason, digital transformation has become one of the most important topics in contemporary museology.

Hagia Sophia History Museum in Istanbul was established in 2023 to tell the 1700-year story of Hagia Sophia through a modern and balanced museum approach. Hagia Sophia is one of the world's most important cultural monuments. It carries the traces of Byzantine, Ottoman and modern Turkish history together.

The museum is located in a separate historical building near Hagia Sophia and combines traditional museology with digital storytelling technologies.

Today, visitors can experience Hagia Sophia's history through immersive projection systems, interactive exhibitions, audio guides in 23 languages, and digital restoration applications. One of our most important goals is accessibility. For this reason, the museum uses technologies that help visitors from different cultures understand the monument more deeply. We also use advanced digital systems for visitor experience and heritage protection. Artificial intelligence supported visitor management systems help control visitor density and protect historical spaces from overcrowding.

At the same time, augmented reality and 3D technologies allow visitors to see missing architectural elements and lost artistic details in digital form. Technology should support culture – not replace it. The real purpose of museums is still human connection. People come to museums not only to see history, but also to feel it. For this reason, balance is essential. We must protect authenticity while also speaking the language of younger generations.

Another important point is cooperation. Cultural heritage belongs to all humanity. No country can protect this heritage alone. We need stronger partnerships between museums, researchers and cultural institutions. Especially in regions with shared history and cultural connections, cooperation can create very valuable new projects.

Museums today are not only protecting the past. They are helping societies understand each other and build a better future together.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Айя-София музейінің тарихы заманауи технологиялардың көмегімен таныстырылатыны, сондай-ақ интерактивті көрмелер, 23 тілдегі аудиогидтер және реставрация жұмыстарын көрсетуге арналған цифрлық қосымшалар пайдаланылатыны айтылған.

SUMMARY

В статье сообщается, что история музея Айя-София представляется с помощью современных технологий, а также используются интерактивные выставки, аудиогиды на 23 языках и цифровые приложения для реставрации.

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ТӘЖІРИБЕ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

Әсемгүл ҚАСЕНОВА,
Ә. Марғұлан атындағы Археология институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары

Қазіргі кезеңде цифрлық технологиялар қоғам өмірінің барлық саласына кеңінен еніп, ғылыми зерттеу жүргізу, ақпаратты жүйелеу және мәдени мұраны сақтау тәсілдерін түбегейлі өзгертіп отыр. Бұл үдеріс тарихи-мәдени мұра саласына да тікелей әсер етуде. Әсіресе археология ғылымында цифрландыру тек деректерді сақтаудың техникалық құралы ғана емес, сонымен қатар, ғылыми зерттеу жүргізудің, мұраны қорғаудың және оны көпшілікке қолжетімді етудің маңызды тетігіне айналды.

Әлемдік тәжірибеде Digital Humanities және Digital Archaeology бағыттарының қарқынды дамуы тарихи мұраны басқарудың жаңа үлгілерін қалыптастырды. GIS-технологиялар, Big Data, жасанды интеллект, үшөлшемді модельдеу және виртуалды реконструкция археологиялық зерттеулердің сапалық жаңа деңгейге көтерілуіне ықпал етуде. Осыған байланысты, тарихи-мәдени мұраны цифрландыру қазіргі археология ғылымының стратегиялық бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда.

Қазақстан аумағы Еуразия кеңістігіндегі ірі тарихи-мәдени аймақтардың бірі болып табылады. Мұнда тас дәуірінен бастап ортағасырларға дейінгі кезеңдерді қамтитын ондаған мың археологиялық ескерткіштер шоғырланған. Урбанизация, климаттық өзгерістер, табиғи эрозия және антропогендік факторлардың күшеюі тарихи-мәдени мұраны сақтау мәселесін ерекше өзекті етуде. Осыған байланысты археологиялық ескерткіштерді цифрландыру, GIS-картографиялау, 3D-құжаттандыру және бірыңғай ақпараттық жүйелерді қалыптастыру тарихи мұраны сақтаудың маңызды құралдарының біріне айналып отыр.

Тарихи-мәдени мұраны цифрлы басқарудың құқықтық және институционалдық негіздері.

Қазақстан Республикасында тарихи-мәдени мұраны сақтау және ғылыми айналымға енгізу саласы соңғы жылдары жаңа даму кезеңіне өтті. Бұл бағыттағы жүйелі өзгерістер заңнамалық және институционалдық реформалар арқылы жүзеге асырылуда. Соның маңызды көріністерінің бірі – «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2025 жылғы 26 желтоқсанда енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды айтуға болады. Осы заңның 34-1-бабына сәйкес Ұлттық археологиялық қызметін, Археологиялық жұмыстар жөніндегі бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (БААЖ), сондай-ақ, жалпы археологиялық олжалар мен археологиялық материалдардың ұлттық депозитарийін қалыптастыру көзделді. Бұл бастамалар археологиялық мұраны есепке алу, сақтау, цифрлық жүйелеу және ғылыми өңдеу үдерістерін орталықтандыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 15 сәуірдегі және 11 наурыздағы тиісті қаулыларына сәйкес Ұлттық археологиялық қызметтің функциялары мен Ұлттық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру міндеттері Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтына жүктелді.

Осылайша Институт археологиялық мұраны сақтау, есепке алу, ғылыми өңдеу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағытындағы ұлттық деңгейдегі жетекші ғылыми-үйлестіруші орталық мәртебесіне ие болды. Бұл археологиялық мұраны басқару жүйесінің тиімділігін арттырып, ғылыми деректерді жүйелеуге, цифрлық технологияларды енгізуге және Қазақстан археологиясын халықаралық ғылыми кеңістікпен ықпалдастыруға мүмкіндік береді.

Институт қызметінің негізгі басым бағыттарының бірі – археологиялық қор материалдарын цифрлық форматқа көшіру. Көпжылдық ғылыми экспедициялар барысында жиналған далалық күнделіктер, археологиялық есептер, карталар, сызбалар, фотоматериалдар, керамикалық коллекциялар және әртүрлі ғылыми құжаттар қазіргі таңда бірегей ғылыми қор қалыптастырып отыр.

Материалдардың едәуір бөлігі қағаз

және аналогтық тасымалдағыштарда сақталғандықтан, оларды ұзақ мерзімді қорғау, жүйелеу және ғылыми қолжетімділікті қамтамасыз ету мәселесі ерекше өзекті. Осыған байланысты, соңғы жылдары Институт қорларын цифрландыру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Қазіргі уақытта Институт архивінде XIX ғасырдың соңғы жылдарынан бері жинақталған бірегей ғылыми материалдар сақталған. Бүгінде 148 фотоальбом цифрландырылып, 3443 ғылыми есеп өңделді, сондай-ақ, далалық күнделіктерді жүйелеу жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар, археологиялық жаппай материалдардың электрондық дерекқоры қалыптастырылуда. Қазіргі таңда базаға 2700 антропологиялық материал, 151 мың зооархеологиялық дерек және 66 914 археологиялық олжа енгізілген.

Қазіргі уақытта Институт іргелі ғылыми зерттеулер мен бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жыл сайын 60-тан астам археологиялық барлау және қазба жұмыстарын жүргізумен қатар, археологиялық мұраны цифрлық форматта жүйелеу жұмыстарын да жүзеге асыруда. Экспедициялар барысында жиналған фото және бейнематериалдар, далалық есептер, сызбалар мен ғылыми құжаттар Институттың арнайы құрылған бірыңғай цифрлық серверіне кезең-кезеңімен енгізілуде. Бұл өз кезегінде ғылыми ақпараттың сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, археологиялық деректерді жүйелеу, өңдеу және кешенді талдау мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашуда.

Археологиядағы цифрлы трансформацияның маңызды бағыттарының бірі – геоақпараттық жүйелерді пайдалану. Қазіргі таңда GIS-технологиялар археологиялық ескерткіштердің орналасуын картаға түсіруге, олардың таралу заңдылықтарын анықтауға және мәдени ландшафттарды кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ғылыми жобалар аясында GNSS RTK, тахеометрия, БПЛА-фотограмметрия және LiDAR секілді заманауи технологияларды кеңінен қолдану арқылы археологиялық түсірілімдердің дәлдігі мен тиімділігін арттыруда. Бұл әдістер сантиметрлік нақтылықтағы ортофотоларды, DEM/DSM модельдерін және нүктелік бұлттарды әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Институтта археологиялық ескерткіштердің картографиялық дерекқорлары қалыптастырылып, Қазақстан ескерткіштерінің, тас мүсіндердің және петроглифтердің бірыңғай цифрлы реестрлері жасақталуда.

Қазіргі уақытта Қазақстан аумағындағы мыңнан астам тас мүсінді қамтитын бірыңғай база жасалып, олардың географиялық орналасуы, типологиялық ерекшеліктері және ғылыми сипаттамалары цифрлық жүйеге енгізілуде. Бұл өз кезегінде нысандардың кеңістіктік байланыстарын анықтауға, таралу аймақтарын зерттеуге және тарихи-мәдени үдерістерді реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Қазіргі археологиядағы инновациялық бағыттардың бірі – үшөлшемді құжаттау технологиялары. Фотограмметрия, лазерлік сканерлеу және 3D-модельдеу арқылы археологиялық нысандардың сандық көшірмелері жасалып, олардың виртуалды реконструкциясы жүргізілуде.

Бұл технологиялардың негізгі артықшылықтары:

- жоғары дәлдіктегі цифрлық модельді қалыптастыру;
- бүліну қаупі бар нысандар туралы толық ақпаратты сақтау;
- виртуалды ғылыми зерттеулерді жүргізу;
- ғылыми материалдардың қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Институт экспедициялары барысында тас мүсіндерді, жартас суреттерін, қазба нысандарын және сәулеттік кешендерді үшөлшемді модельдеу тәжірибесі кезең-кезеңімен енгізілуде. Сонымен қатар, компьютерлік томография мен геометриялық морфометрия антропологиялық материалдарды зерттеуде кеңінен қолданылуда.

Археологиялық жұмыстар жөніндегі бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе.

Қазіргі таңда Институт Археологиялық жұмыстар жөніндегі бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйені қалыптастыру жұмыстарын жүзеге асыруда. Жүйенің негізгі мақсаты – археологиялық ескерткіштер жөніндегі мәліметтерді біріктіру, ғылыми есептерді цифрлық форматта сақтау, археологиялық деректер қорын толықтыру және мониторинг жүйесін жетілдіру.

Болашақта бұл жүйе мемлекеттік органдар, ғылыми ұйымдар мен сарапшылар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін маңызды құралдардың біріне айналуы мүмкін. Сонымен қатар, археологиялық жұмыстарды бақылау, рұқсат беру және ғылыми мониторинг жүргізу үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект және цифрлы археологияның болашағы.

Соңғы жылдары жасанды интеллект технологияларын археологиялық зерттеулерге енгізу мәселесі ерекше маңызға ие болуда. Әлемдік тәжірибеде нейрожелілер спутниктік суреттерден археологиялық объектілерді анықтау, артефактілерді автоматты түрде жіктеу, мәдени ландшафттарды реконструкциялау және үлкен көлемдегі деректерді өңдеу үшін кеңінен қолданылуда.

Қазақстан археологиясында да бұл бағыттың әлеуеті жоғары. Жасанды интеллект технологияларын пайдалану археологиялық мониторингті автоматтандыруға, GIS-талдауды жетілдіруге, археологиялық деректерді интеллектуалды өңдеуге және виртуалды реконструкция сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлы трансформация бірқатар мәселелерді де алға тартады. Олардың қатарында бірыңғай стандарттардың жеткіліксіздігі, инфрақұрылымның біркелкі дамымауы, мамандар тапшылығы және цифрлық деректерді ұзақ мерзімді сақтау мәселелері бар. Сондықтан цифрландыруды тек техникалық жаңғырту емес, ғылыми экожүйені кешенді дамыту үдерісі ретінде қарастыру қажет.

Қазіргі кезеңде цифрлы трансформация тарихи-мәдени мұраны сақтау жүйесін сапалық жаңа деңгейге көтеріп отыр. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының тәжірибесі цифрландырудың археологиялық деректердің сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды ғылыми айналымға енгізуге, зерттеу мүмкіндіктерін кеңейтуге және қоғамға қолжетімді етуге ықпал ететінін көрсетеді.

Алдағы уақытта жасанды интеллект, геоақпараттық технологиялар, Big Data, үшөлшемді модельдеу және интеграцияланған ақпараттық жүйелер тарихи мұраны зерттеу мен сақтаудың негізгі құралдарының біріне айналады деп есептейміз.

Осыған байланысты, тарихи-мәдени мұраны цифрландыру Қазақстан археологиясының стратегиялық даму бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются процессы цифровой трансформации системы сохранения историко-культурного наследия Казахстана, внедрение современных цифровых технологий в сферу археологии, а также новые модели управления археологическим наследием. На основе опыта Институт археологии имени А.Х. Маргулана анализируются работы по цифровизации археологических данных, внедрению GIS-технологий, 3D-моделированию, формированию интегрированных баз данных и разработке Единой автоматизированной информационной системы археологических работ. Кроме того, рассматривается значение цифровых технологий в учёте, сохранении, научной обработке историко-культурного наследия и его интеграции в международное научное пространство. В статье также освещаются перспективы развития цифровой археологии и возможности применения технологий искусственного интеллекта.

SUMMARY

The article examines the processes of digital transformation in the system of preserving Kazakhstan's historical and cultural heritage, the introduction of modern digital technologies into archaeology, and new models for the management of archaeological heritage. Based on the experience of the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, the paper analyzes initiatives aimed at the digitization of archaeological data, the implementation of GIS technologies, 3D modeling, the development of integrated databases, and the creation of a Unified Automated Information System for Archaeological Research. In addition, the article explores the role of digital technologies in the documentation, preservation, and scholarly processing of historical and cultural heritage, as well as its integration into the international scientific community. The paper also discusses future prospects for the development of digital archaeology and the potential applications of artificial intelligence technologies.

ТАРИХ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ШОҚАН ШЫҢҒЫСҰЛЫ УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Қуат САПАРОВ,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Физикалық және экономикалық география кафедрасының профессоры,
география ғылымының докторы,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі
Сырым ХАСЕНОВ,
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі,
ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметі,
«Қазақстан тарихы» бөлімінің аға ғылыми қызметкері,
ҚР Мәдениет саласының үздігі

Ғалымның топонимика саласындағы еңбектері – қазақ халқының тарихи географиясын зерттеудегі алғашқы және аса құнды қадамдардың бірі. Оның жинаған және түсіндірген жер-су атаулары – қазақ этносының тарихы мен дүниетанымының айнасы. Шоқан мұрасын тереңдете зерттеу – қазіргі топонимика ғылымының дамуына үлес қосатын маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Сондықтан оның еңбектерін жүйелеу, қазіргі ғылыми әдіснамалармен қайта талдауды жүргізу – болашақ ұрпақ үшін құнды мұра болары сөзсіз.

Ішкі Азияны зерттеушілердің ішінде топонимика мәселелеріне айрықша көңіл бөлген тұңғыш ғалым әрі ағартушы шығыс халықтарының география саласында айтарлықтай жемісті ғылыми зерттеулер жүргізген көрнекті тұлға Ш.Ш. Уәлихановтың географиялық саяхаттар нәтижесінде жинаған жер-су атауларына қатысты мағлұматтары баға жетпес мұра болып табылады [1].



1-сурет. Шоқан Уәлиханов

Белгілі қазақ ғалымы және саяхатшысы Шоқан Уәлиханов Қашқария мен Ыстықкөл аймағындағы зерттеулерімен кең танымал. Сонымен қатар, ол қазіргі Алматы облысымен шекаралас жатқан Жетісу өңірінде де маңызды зерттеулер жүргізген.

Шоқан Уәлихановтың бұл өңірге алғаш рет 1855 жылы келгені туралы пікір кең тараған. Мысалы, И. Стрелкова өзінің «Өмірбаяндар сериясы» аясында жарық көрген «Валиханов» атты әйгілі монографиясында Шоқанның 20 жас шамасында Сібір губернаторы Г.Х. Гасфортты Верный бекінісіне саяхаты кезінде ертіп жүргенін жазады [2]. Бірақ Шоқан Гасфортпен бірге Верныйға дейін бармаған болуы мүмкін деген де болжам бар. Бұл жөнінде ғалымның өз сөздеріне назар аударған жөн. «Жоңғария очерктері» атты еңбегінде ол: «Мен Жоңғарияға алғаш рет 1856 жылы бардым және полковник Хоментовскиймен бірге Ыстықкөлге жасалған алғашқы экспедицияға қатыстым», – деп жазады.

1855 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторымен бірге Семей, Аягөз, Қапал арқылы Алматыға дейін келіп қайтады. Осы сапарында қазақ, қырғыз, ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинап жүреді. Бұл материалдар негізінде кейін ол «Тәңірі (құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазады. Сол сапардан кейін оның әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, поручик шенін алады [3].

1856 жылы полковник М.Х. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми Ыстықкөл экспедициясына қатысып, қырғыз елін жете зерттейді. Осы сапарда жинаған материалдарды ол «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» атты еңбектерін жазуға пайдаланады. Табиғатты және ел тұрмысын Шоқан жазушылық шеберлікпен суреттейді. Осыдан барып оны орыс достары «Қазақ тақырыбына жазатын орыс жазушысы» деп атаған. Тарих, география саласындағы даңқы Петербург ғалымдарына да жетіп, жиырмадан жаңа асқан жас Шоқанды Орыс География қоғамының толық мүшесі етіп сайлайды.

1855 жылы Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфорттың Орталық



2-сурет. Шоқан жолы инфорграфикасы

1-кесте – Ш. Уәлихановтың еңбектерінде кездесетін географиялық атаулардың түсіндірмесі

Топоним	**Анықтамасы**	**Этимологиясы**	**Мағынасы**
Қапал	Алматы облысы аумағындағы тарихи бекініс	Түркі сөзі, «қопалы» – өзен атауы	Батпақты жер
Тентек	Алакөлге құятын өзен	Қазақша «тентек» – бұзық, асау	Асау, ағысы қатты өзен
Лепсі	Жетісудағы өзен және елді мекен	Түбірі Лепсу-Лепсу-Лепсі	Ағысы қатты өзен
Аягөз	ШҚО-дағы өзен мен қала	«Аяқ» (соңы) + «көз» (бастау, бұлақ)	Су көзі бар өзен
Көкшетау	Тарихи қала және тау	«Көкше» (көгілдір) + «тау»	Көгілдір тау
Есіл	Қазақстан мен Ресей арқылы ағып өтетін өзен	Көне түркі тілінен, «есіл» – лайлы су	Суы мол, есіліп ағып жатқан өзен
Нұра	Ақмола және Қарағанды облыстарындағы өзен	Нұра-моңғол қалмақ тілінде жыра мағынасында айтылады	Құлау, бұзылу
Сарысу	Орталық Қазақстандағы өзен	«Сары» (түсі) + «су»	Сарғылт түсті өзен
Баянауыл	Павлодар облысындағы тау, ұлттық парк	«Баян» (береке, молшылық) + «ауыл» Негізгі атауы Баянаула	Берекелі, жайлы мекен
Іле	Қазақстан мен Қытай жеріндегі өзен алабы	Қытайша «Или», моңғолша «Ир»	«Үлкен дария» мағынасына сай келеді
Жоңғар Алатауы	Жетісу мен Шыңжаң арасындағы тау жотасы	«Жоңғар» – сол жақ қанат (моңғолша); «Алатау» – қарлы тау	Негізгі атауы ұйғын тауы, гүндер тауы мағынасына саяды
Қалба	ШҚО-дағы таулы аймақ	Көне түркі сөзінен шыққан	Жабайы сарымсақ атауы
Тарбағатай	ШҚО мен Шыңжаң арасындағы тау	Моңғол тілінен: «тарбаған» – суыр + «тай» – тау	Суырлар мекендейтін тау
Верный	Алматының 1854–1921 жж. атауы	Орысша «верный» – сенімді	Сенімді бекініс
Ыстықкөл	Қырғызстандағы ірі тұзды көл	Қырғызша: «ыстық» – жылы, «көл» – су	Қыста қатпайтын жылы көл
Қарақол	Ыстықкөл жағасындағы қала	«Қара» – қара + «қол» – өзен (қырғызша/түркі)	Қара өзен негізінде қалыптасқан атау
Жетіөгіз	Ыстықкөл облысындағы шатқал және ауыл атауы	«Жеті» – 7, «өгіз» – бұқа	7 бұқаға ұқсаған жартастар
Сарыжаз	Ыстықкөл облысындағы өзен мен жайлау	«Сары» – түс, «жаз» – жайлау	Сарғыш жазықты жер, мол жаятын жайылым
Нарын	Қырғызстандағы өзен	Көне түркі тілінен – «күшті, буырқанған»	Асау, тасқын өзен
Тянь-Шань	Орталық Азиядағы тау жүйесі	Қытайша: «Аспан тауы» (Tian – аспан, Shan – тау)	Аспан мен астасқан тау
Қашқар	Шыңжаңдағы көне қала	Соғды немесе парсы тілінен	Керамика/тас қала (даулы)
Яркенд	Қашқар маңындағы тарихи қала	Мүмкін түркі тілінен, нақты этимология белгісіз	Жардағы өзен, кент атауы
Хотан	Ұлы Жібек жолындағы қала	Қытайша аудармаларда «Юйтянь»	Жібек орталығы

Ақсу	Шыңжаңдағы өзен мен қала	«Ақ» + «су» – таза су	Суы таза мөлдір өзен
Куча	Тарим ойпатындағы көне қала	Ежелгі тохар тілінен	Көне атау, мағынасы даулы
Турфан	Шыңжаңдағы қала, шөлді аймақ	Қытайша «Tulufan», парсы тілінен болуы мүмкін	Шөлді ойпатты жер
Үрімжі	Шыңжаң астанасы	Қытайша: «Жақсы жайлау»	Жайлы қоныс
Құлжа	Іле өзенінің бойындағы қала	Арқардың еркегін құлжа деп атайды	Жануар атауы негізінде қалыптасқан
Шәуешек	Қазақстан-Қытай шекарасына жақын қала	Көне түркі сөздерінен шыққан	Бұрынғы атауы Тарбағатай болған
Түркістан	Қазақ хандығының рухани астанасы	«Түрк» + «стан» (парсыша – ел)	Түріктер елі
Сайрам	Шымкент маңындағы көне қала	Соғды/парсы тілінен	Шам, жарық (жарқыраған қала)
Шымкент	Қазақстанның оңтүстігіндегі қала	«Шым» – қалың өсімдік + «кент» – қала	Жасыл желекті қала
Әулиеата	Тараз қаласының ескі атауы (XIX ғ.)	Қазақша – «Әулиенің атасы»	Қасиетті адамға байланысты қойылған атау
Созақ	Түркістан облысындағы көне қоныс	Көне түркі сөзінен	Қамал немесе жазық атауы
Қаратау	Түркістан облысындағы тау жотасы	«Қара» – түс, «тау»	Тянь-Шаньның батыс сілемі
Сырдария	Қазақстан мен Өзбекстан арқылы өтетін өзен	«Сыр» – көне атау, «дария» – өзен (араб/парсы)	Көне атауы - інжу өзені
Арыс	Сырдария саласы, қала	Түркі сөзі, көне тау,өзен атауы	Этноним атауы болуы әбден мүмкін

Қазақстан, Тарбағатай және Жетісу жеріне жасаған сапарларына қатысады. Бұл сапарда қарапайым халықтың өмірімен танысып, қырғыздардың тарихи аңыз-әңгімелері мен жырларын жазып алады.

Ш. Уәлиханов 1856 жылы аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.С. Семенов-Тян-Шанскиймен танысады. Ол жас қазақ ғалымның қабілетіне шын ниетімен сүйсіне қайран қалады. 1857 жылы П.С. Семенов-Тян-Шанскийдің ұсынуымен Ш. Уәлиханов Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданды. Шығыс Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған сапары Шоқанның ғалым ретіндегі даңқын арттырды. 1857 жылы Шоқан Алатау қырғыздарына сапар шегіп, оның тарихын, этнографиясын және халықтық поэзиясын зерттеді. Қырғыз халқына энциклопедиялық дастаны «Манасты» жазып алады.

Патша үкіметі жас ғалымның ғылыми ерлік еңбектерін жоғары бағалады. 1860 жылы Санкт-Петербургте ол орденмен марапатталып, әскери шені де жоғарылатылды. Оны орыс патшасы II Александрдің өзі қабылдайды. Осы кездесу кезінде Шоқан патшаға орыс шенеуніктерінің қазақ халқына жақсы қарауы жайлы өз өтінішін батыл жеткізді.

Петербургте болған кезінде (1859 - 1861 жылдары) Шоқан Уәлиханов әртүрлі әскери және ғылыми мекемелерде жұмыс істеді. Ол ресейлік шығыстанушылар мен дипломаттардың, жазушылар мен ақындардың құрмет тұтатын беделді тұлғасына айналды. Шоқан Қазақстан мен Орта Азияның және Шығыс Түркістанның карталарын жасаумен айналасып, қажымай талмай еңбек етті.

Шоқан Уәлихановтың 1856 жылғы күнделігінен көптеген топонимдер туралы қызықты мәліметтерді аңғаруға болады. Мысалы, ол Шарын өзенінің үш саласы мен



3-сурет. Құлжа мен Қашғария саяхаты

Меркі өзендері туралы жазады. Қазіргі карталарда екі Меркі – Шет және Орта Меркі ғана сақталған, ал үшіншісі Кенсу деп өзгертілген. Меркі – өте көне гидроним атауы. Бұл атау «бергі» «жақтағы» деген сөзден шыққан болуы мүмкін. Ежелгі түркі руникалық жазбаларында (VIII ғ.) «Үш-Біркю» деген топоним кездеседі.

Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде Іле өзенінің алғашқы сипаттамасын келтіреді. Қытайлар бұл өзенді «Ил», ал қазақтар «Ле», «Іле» деп жазады. «Ле» – Іле гидронимінің қысқартылған нұсқасы немесе «Лай», «Лайсу» (яғни, лайлы немесе батпақты су) сөзінің өзгерген түрі болуы мүмкін. Ол өзеннің суы, әсіресе, қыс айларынан басқа уақытта өте лайлы болатынын баяндайды. Сондай-ақ, өзеннің жағалауы, өсімдігі мен жануарлар әлемі туралы да егжей-тегжейлі мәлімет береді. Қыркүйек-қазан айларында Іле өзені таязданып, малды үш негізгі өткел арқылы айдап өтуге болатынын атап өтеді: Шілік пен Түргеннің сағалары арасындағы (Оғызөткел-Бұқа өткелі), Есік пен Талғардың арасындағы (Қызөткел-Қыз өткелі) және Таңбалытас қонысында орналасқан.

Шоқан «Жасылкөл» көлі туралы да айтады, оны қазіргі уақытта Есік көлі деп атайды. Бейнесі ерекше әсем, көгілдір түсті бұл көлдің бастапқы халықтық атауы әлі күнге дейін қалпына келтірілмеген.

Шоқан Уәлихановтың Алматы өңіріндегі үш өзен туралы мәліметтері Алматының Орта Алматы өзенінің нақты орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік береді. Белгілі болғандай, Алматы өңірі ерте заманнан бері, тіпті XVIII-XIX ғасырларда Гурван немесе Гурбан (моңғ. «үш»), кейде Үш Алматы деп аталған. Верный бекінісі құрылған жылы оның орны Бірінші және Екінші Алматы өзендерінің жанынан таңдалғаны жазылған. Бұл Кіші және Үлкен Алматы өзендері екенін білдіреді. Осыған байланысты Үшінші Алматы өзені Екінші өзеннен батысқа қарай орналасуы керек деп болжам айтқан.

Ұзақ уақыт бойы Үшінші Алматы өзенін табу мүмкін болмады. Кейбір зерттеушілер оның Весновка (Есентай) болуы мүмкін екенін айтқан. Алайда Весновка – Кіші Алматы өзенінің бір тармағы ғана және оны дербес өзен ретінде қарастыруға болмайды.

Үшінші Алматы өзенін анықтауда Шоқан Уәлихановтың жазбалары маңызды рөл атқарды. Оның еңбектерінде Кіші мен Үлкен Алматы өзендерінен бөлек Орта Алматы өзенінің де бар екені жазылған. Оның айтуынша, бұл өзеннің жоғарғы жағында Күнгей Алатауын (Шоқан оны Іле Алатауы деп атаған) кесіп өтуге қолайлы асу бар. Қазіргі карталарда бұл асу «Алматы асуы» деп аталады, оның биіктігі – 3599 метр. Кіші Алматы өзенінің жоғарғы жағында мұндай асу жоқ. Ал Үлкен Алматы өзенінің басында асу болғанымен, ол өте тік және түйелермен өтуге қиындық туғызады.

Сондықтан Іле Алатауын кесіп өтудің ең қолайлы жолы «Проходное» шатқалы арқылы өткен. XIX ғасырдың соңында бұл шатқал «Уртасай» (Орта сай) деп аталған, бұл атау Шоқанның мәліметтерін растайды. Орта Алматы өзені – Үлкен Алматы

өзенінің сол жақ саласы. «Орта» деген анықтауыш өзеннің орналасқан жерін емес, оның көлемін білдіреді: Кіші Алматы өзені үлкен, бірақ Үлкен Алматы өзенінен кішірек.

Шоқан Уәлиханов Жоңғар Алатауын «Кіші Алатау», ал Іле Алатауын «Үлкен Алатау» немесе «Күнгей Алатау» деп атаған. Оның еңбектеріне жазылған түсініктемелерде жергілікті қазақтар XIX ғасырда Іле Алатауын «Алматы тауы» деп атағаны көрсетілген. Бұл атау, бәлкім, тек жотаның орталық бөлігін білдірген. Қазіргі кездегі «Іле Алатауы» деген атаумен салыстырғанда, бұл тарихи атау географиялық шындыққа жақын.

Сонымен қатар, Үлкен Алматы мен Проходное шатқалын бөліп тұрған жота «Алматының Алатары» деп аталады. Мұның дұрыс атауы «Алматының Алатарауы» болуы мүмкін, бұл «Алматинский высокий отрог» немесе «Алматы биік тармағы» деген мағынаны білдіреді. «Ала» сөзі түркі тілдерінде «үлкен» немесе «биік» деген мағынада қолданылатынын айта кеткен жөн.

Шоқан Уәлиханов Жоңғар қақпасы маңындағы Лепсіні «Шұбарағаш» деп атаған. Бұл атаудың тура аудармасы – «ала орман», ал мағыналық аудармасы – «аралас шоқ-шоқ ормандар» ұғымына саяды. Сондай-ақ, Жоңғар қақпасы арқылы соғатын шығыс желін «Ебі-жел» деп атайды, бұл атау қазіргі кезде де қолданылады. Сол сияқты Сайқан желі де бар. Ебі және Сайқан желдерінің ерекшеліктеріне тоқталып, сипаттама берген алғашқы ғалым. Шоқан Уәлихановтың жазбалары Алматы өңірі топонимдерін зерттеуде тарихи географияны қалпына келтіруде баға жетпес дереккөз болып табылады.

Шоқан Уәлиханов көшпелі қырғыздар (қазақтар) туралы: Баянауыл (бұрмаланған атау, нақты тарихи атауы – Баянаула; моңғ. Баян-ола) – берекелі тау мағынада айтылады. Баянаула жүйесінде орналасқан Жаманаула керісінше, жалаңаш шоқылы тау (моңғ. Баинола) «Баян» – бай, «Ола» – тау, көрікті, бай тау мағынасында қарастырады [4].

Шоқан Уәлиханов жер-су атауларының халықтың рухани мәдениеті мен тарихи жадының айғағы екенін жақсы түсінді. Ол топонимдерге тек географиялық атау ретінде емес, сол өңірдің өткенін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын маңызды дерек ретінде қарады. Шоқан Уәлиханов қазақтың ру, тайпаларының шығу тарихы жөнінде және қазақ халқының қалыптасуы жайында тұңғыш қалам тартқан ғалымдардың бірі болды. Өзінің «Қазақ шежіресі» атты тамаша еңбегінде қазақ халқын құраған ру, тайпалардың өмір сүрген дәуірін, шыққан кезеңдерін, қазақ қауымының шығу мерзімі мен тарихын кеңінен талдаған еді [5]. Бұл шежірелік деректер мен тарихи жазбалар арқылы ол көптеген жер-су атауларының пайда болуын этникалық негізде қалыптасқанын түсіндірді.

Халқымыздың данышпан ғалымы Ш. Уәлиханов өзінің «Қазақ халқының космогониялық ұғымы» атты мақаласында ай мен күн, жұлдыздар туралы тамаша пікірін айтқаны баршамызға мәлім. Әсіресе, Темірқазық, Жетіқарақшы, Құс жолы, Үркер, Сүмбіле, т.б. космонимдер туралы айтқан ойлары топонимикадан ойып орын алады. Ш. Уәлиханов өзінің еңбектерінде 3000-нан астам топонимдерді пайдаланған, оның 2600-і түркітілдес болып келеді. Оның еңбектерінде 500-ден астам сол кездегі микротопонимдер кездеседі. Мысалы, Таскүнгей, Қыземшек, Қойтас, Ащысу, Жыланды, Көктас, Қарауылшоқы, Бұрақ, Суықжон, Бассай, т.б. атаулар жатады. Ол топонимдердің шығу тегін зерттеулер арқылы дәлелдеген [6]. Шоқан өз күнделігінде Өркоңырды, Қотырқай, Жаманасу, Тереңсай, Қараңғысай, Қашқынсай, Терісаққан өзені тағы басқа атауларды сипаттап жазды. Ғалымның еңбегі қазіргі ғалымдар үшін мұра болып отыр.

Шоқан Уәлихановтың топонимика саласындағы еңбектері – қазақ халқының тарихи географиясын зерттеудегі алғашқы және аса құнды қадамдардың бірі. Оның жинаған және түсіндірген жер-су атаулары – қазақ этносының тарихы мен дүниетанымының айнасы. Шоқан мұрасын тереңдете зерттеу – қазіргі топонимика ғылымының дамуына үлес қосатын маңызды бағыттардың бірі. Сондықтан оның еңбектерін жүйелеу, қазіргі ғылыми әдіснамалармен қайта талдауды жүргізу – болашақ ұрпақ үшін құнды мұра болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч Ч. Собрание сочинений: В 5 т. – Алма-Ата.: Главная редакция казахской советской энциклопедии., 1984. – Т.4. С. 460.

2. Валиханов / И. Стрелкова. 2-е изд. / доп.

– М.: Молодая гвардия, 1990. С. 298, (Жизнь замечательных людей сер: Биография). - Б. ц.

3. Бейсенова Ә.С. Қазақ елі – Мәңгілік ел. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2016. – 376 б.

4. Валиханов Ч. Ч. «О кочевьях киргиз» // Собрание сочинений, – Алма-Ата, т. 5, 1961, С. 720-721.

5. Сапаров К.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі).

– Алматы: Эверо, 2018. – 352 б.

6. Сапаров Қ.Т. Баянаула топонимикасы (ғылыми-танымдық зерттеулер): монография. – Алматы: Эверо, 2017. – 316 б.

РЕЗЮМЕ

В статье подробно рассматриваются топонимы в трудах великого казахского ученого Шокана Валиханова, описываются его научные экспедиции и исследования в период с 1855 по 1861 годы, а также его заслуги в сборе материалов по истории, этнографии и устному народному творчеству казахского и киргизского народов.

SUMMARY

The article extensively examines the toponyms in the works of the great Kazakh scientist Shokan Ualikhanov, describing his scientific expeditions and research conducted between 1855 and 1861, as well as his contributions to collecting materials on the history, ethnography, and oral literature of the Kazakh and Kyrgyz peoples.

«АЛЖИР» ЛАГЕРІ ТҰТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАТТАРЫ: САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫН ҚАЙТА ПАЙЫМДАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ДЕРЕККӨЗІ

Жанар ЕРГЕЛЬДИНОВА,
«АЛЖИР» мемориалды музей кешені қорының бас қор сақтаушысы

«АЛЖИР» мемориалды музей кешенінің қорында сақталған хаттар мен естеліктер XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеудегі аса құнды дереккөздердің бірі болып табылады. Бұл құжаттар лагерь тұтқыны болған әйелдер мен олардың ұрпақтарының тағдырын баяндап қана қоймай, сол замандағы қатал жүйенің шынайы бет-бейнесін көрсетеді. Музей қызметкерлерінің жүргізген ізденісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл қолжазбалар бүгінде тарихи дерек ретінде ғылыми айналымға енгізілді. Олар зерттеушілерге тұтқын әйелдердің лагерьдегі ауыр тұрмысын, психологиялық жай-күйін және отбасынан ажыраған ана мен баланың ішкі жан дүниесі мен рухани күйзелісін жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Саяси қуғын-сүргін жылдарындағы лагерь жүйесіндегі хат алмасулар барысы қатаң мемлекеттік бақылауда болды. КСРО ІІХК-нің (НКВД) 1937 жылғы № 00486 бұйрығына сәйкес «Отанын сатқандардың отбасы мүшелері» (ЧСИР) үшін сыртқы әлеммен байланыс барынша шектелді. Алайда 1939 жылдан бастап тұтқындарға жылына бірнеше рет хат жазуға және хат алуға ресми түрде рұқсат берілді.

Осындай қатал бақылауға қарамастан, тұтқындар мен олардың жақындары цензураны айналып өтудің түрлі әдістерін қарастырған. Оның айқын дәлелі – музей қорындағы мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың жары Әзиза Рысқұлованың лагерьдегі өміріне қатысты хаттардың көшірмелері.

Т. Рысқұлов тұтқындалғаннан кейін жары Әзиза да «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде жазаға тартылып, сегіз жылға бас бостандығынан айырылды.

Ол 1938 жылдың мамыр айында «АЛЖИР» лагеріне (Ақмола бөлімшесіне) жеткізілді.

Хаттардағы қолжазбаларда араб графикасымен (төте жазумен) жазылған сөйлемдердің арасында орыс тіліндегі





жолдардың, сондай-ақ керісінше орысша мәтіннің ішінде араб қарпімен жазылған сөздер мен сөйлемдердің кездесуі ерекше назар аудартады. Бұл – цензорларға түсініксіз тілді пайдалану арқылы лагерь әкімшілігінен жасырын ақпарат алмасудың немесе жақын адамдар арасындағы ішкі байланысты сақтаудың саналы іс-әрекеті. Бұл дерек саяси қуғын-сүргін жылдарындағы хат алмасудың тек ресми байланыс құралы ғана емес, сонымен бірге отбасылық бүтіндікті сақтау жолындағы күрестің бір формасы болғанын айғақтайды.

«АЛЖИР» музейі қорында сақталған құнды жәдігерлердің бірі – лагерь тұтқыны Мария Владимировна Минкинаның хаты. М. Минкина 1904 жылы Гомель қаласында дүниеге келген, ұлты еврей, белгілі әдебиеттанушы, Беларусь КСР Ғылым академиясының мүшесі Яков Анатольевич Бронштейннің жұбайы. Оның тағдыры 1937 жылғы зобалаңмен тікелей байланысты.

28 қарашада КСРО ІІХК жанындағы Ерекше Кеңестің шешімімен «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 8 жылға бас бостандығынан айырылып,




Мальта 10/V 42г.
Дорогая, родная моя Деточка.
Судя по твоим письмам, ты
от меня давно уже ничего не
получаешь. Очевидно я не успеваю
за твоими путешествиями. Из
последнего письма видно, что
ты в Воронеже с Костей. Лю-
бимая моя девочка, мне жутко
тяжко и горестно жить. Я ста-
рею, теряю силы, мне хочется
быть возле Вас. Еще поддер-
живает меня эта надежда
о Гаврииле. Жив-ли он? С сен-
тября я от него ничего не имею,
он так аккуратно писал! Узнай
дорогая, отец. А пишу еще ма-
ленькую потерпи. Умница Бе
на в одиночестве, среди чуж
по-жить добрых людей.

еңбекпен түзеу лагеріне жіберіледі.

Музей қорында сақталған осы хат 1938 жылғы 4 қаңтарда автордың Оршадан Ақмола бөлімшесіне бара жатқан жолда жазылған. Хаттың негізгі мазмұны – ананың өз балаларының болашағына деген алаңдаушылығы мен қамқорлығы. Оның туыстарына жолдаған: «*Умоляю вас, возьмите деток к себе…*» деген сөздері шарасыз күйдегі ана жүрегінің жан айқайын айқын аңғартады. Өз тағдырынан бұрын балаларының жетімдер үйіне түсіп кетпеуін ойлаған ананың бұл өтініші сол дәуірдің қатал шындығын, саяси қуғын-сүргіннің отбасы тағдырына тигізген ауыр зардаптарын көрсетеді.

Мәтіндегі «*Всюду можно жить*» тіркесі *өмірге деген үмітін жоғалтпай,* төзімділік танытқанын аңғартады. 1938 жылғы 24 қаңтарда лагерьге табан тіреген Мария Минкина жазасын толық өтеп, тек 1945 жылғы 11 маусымда Карлагтан босатылады.

Бұл хатты музей қорына 2014 жылы Мария Минкинаның қызы И. Бронштейн тапсырады. Осылайша, бір отбасының аяулы мұрасы бүгінде музейдің маңызды тарихи жәдігеріне айналып отыр. Хат «АЛЖИР» лагеріндегі әйелдердің тағдырын, олардың қайсарлығы мен шексіз аналық махаббатын зерттеуде маңызға ие.

Музей қорындағы ерекше тарихи жәдігерлердің бірі – Валентина Николаевна Грюнбергтің (1898 ж.т., Иркутск губерниясы, Мальта селосы, ұлты – орыс)

1942 жылы 10 маусымда «АЛЖИР» лагерінен қызы Ленаға жолдаған хаты. В. Грюнберг 1938 жылы

22 мамырда КСРО ІІХК жанындағы Ерекше Кеңес шешімімен «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 8 жылға сотталған. Ол сол жылдың 15 маусымында Мәскеудегі Бутырка түрмесінен Ақмолаға айдалып келеді. Бұл құжат соғыс кезеңіндегі лагерь тұтқындарының ауыр тұрмысы мен психологиялық жай-күйін зерттеуде маңызды дерек болады.

Хаттың мазмұнынан соғыс жылдарындағы ауыртпалық пен тұтқын ананың баласына деген сағынышы анық байқалады. Валентина Николаевна хатында: «*Мне все грустнее и грустнее жить. Я старею, теряю силы, мне хочется быть возле Вас…*», – деп жазады. Бұл жолдардан ұзақ жылдарға созылған қуғын-сүргін мен белгісіздіктің адам жанына салған ауыр салмағы сезіледі.

Хатта отбасы мүшелерінің тағдырына деген алаңдаушылық басым. Автор жұбайы Гавриилдің амандығын сұрап, белгісіздік пен сағыныштан туған жан күйзелісін жасырмайды. Сонымен қатар, немерелерінің фотосуреттегі бейнесіне қарап, олардың көңіл-күйін тануға тырысуы аналық мейірім мен нәзік сезімін көрсетеді: «*Юрочка на карточке очень худенький, но веселенький. А ты, Люлинька, очень и очень грустная…*».

1942 жылғы хатта лагерьдегі тұрмыстық жағдайдың да көріністері де айқын байқалады. Тұтқындарға сәлемдеме алуға рұқсат берілгенін айта отырып, ол қызына: «*Пришлимнемахорки, ржаных или пшеничных сухарей…*», – деп өтініш білдіреді. Бұл жолдар лагерьдегі аштық пен тапшылықты жанама түрде

сипаттайды. Соған қарамастан, ананың «*Обо мне не тревожься…*», деген сөздері оның моральдық қайсарлығын аңғартады. Сегіз жылдық жазасын толық өтеген Валентина Николаевна тек 1946 жылы 8 сәуірде ғана бостандыққа шығады.

Бұл тарихи құжат музей қорына В.Н. Грюнберггің немересі Вера Константиновна Грюнберг-Иванниковаңың тапсыруымен қабылданды. Осылайша, жеке отбасылық архивтегі қолжазба бүгінде «АЛЖИР» лагеріндегі әйелдер тағдырын


19 XI 1944
Дорогая моя мама Кира Ипполитовна! Отметки по успеваемости у меня такие: по Арифметике 4, по чтению 5, по письму 4. Я всё время беру из библиоте-
ки книги. Я интересуюсь древним миром, о котором я читал. Праздник я просидел дома так как очень кашлял. и только вчера пошел в школу. Целую крепко Твой Лёня.

айғақтайтын тарихи мұраға айналды.

Қордағы құжаттардың бірі – тұтқын Кира Ипполитовна Берсеневаның (1911 ж.т., Витебск облысы, Боровляный селосы) ұлы Леон Нұрмұхамедовтің анасына жолдаған хаты. К. Берсенева тұтқындалғанға дейін Алматы қаласында тұрып, үй шаруасымен айналысқан. Ол 1938 жылы 21 наурызда КСРО ІІХК жанындағы Ерекше Кеңес шешімімен «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 5 жылға сотталып, сол жылдың 3 қазанында Алматы түрмесінен Ақмолаға («АЛЖИР») жеткізіледі. Екі беттен тұратын бұл қолжазба – саяси қуғын-сүргін жылдарындағы «халық жаулары» балаларының тағдыры мен психологиялық жай-күйін айғақтайтын тарихи дереккөз.

Леон Нұрмұхамедов – белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Хасен Нұрмұхамедовтің ұлы. Әкесі ату жазасына кесіліп, анасы К. Берсенева лагерьге айдалғаннан кейін, ол жақын туыстарының тәрбиесінде қалады. Бұл хат – ата-анасынан бірдей айырылған мыңдаған балалардың тағдырын бейнелейтін қасіреттің нақты көрінісі.

Хаттың мазмұнында Леон өзінің күнделікті өмірі, оқу үлгерімі мен тұрмыстық жағдайы туралы баяндай отырып, анасына деген сағынышын ашық жеткізеді. Балалық аңғалдықпен жазылған жолдардан анасының амандығына деген тілек пен қайта қауышуға деген үміт байқалады. Лагерь жүйесінің қаталдығын толық түсінбесе де, бала жүрегімен анасының қиын жағдайда екенін сезінгені хаттың мәтінінен айқын көрінеді. 1943 жылы 24 наурызда Жезқазғанлагтан босатылған Кира Ипполитовна тек 1989 жылы ғана толық ақталды. Ол 1987 жылы қайтыс болып, Жуковский қаласында жерленген.

Бұл құжат – сталиндік репрессия салдарынан күйреген отбасылық құндылықтардың айқын айғағы. Екі бетке сыйған балалық сағыныш арқылы сол дәуірдің зұлматын тек саяси қырынан емес, адамгершілік пен отбасылық қасіреті ретінде тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Нұрмұхамедовтер отбасына қатысты материалдар жинағы музей қорына 2017 жылы «Ұрпақтар ұмытпайды» халықаралық жобасы аясында қабылданды. Санкт-Петербург қаласынан арнайы келген Леон Нұрмұхамедов өз отбасының тарихын сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында бұл хатты музейге ресми түрде


Бабушка жива и здорова. Мамочка, я тебе пришлю платье после окончания испытаний; тогда я заработаю денег.
за неимением свободного времени, ограничиваюсь этой картинкой, нарисованной наспех. Ну, извини мама за всё. До свидания
Целую Геня.

табыстаған.

Музей қорындағы тағы бір жәдігер – тұтқын Ксения Ивановна Никольскаяның ұлы Генаның анасына жолдаған хаты. К. Никольскаяға 1937 жылы «Отанын сатқандардың отбасы мүшесі» ретінде 8 жыл мерзімге еңбекпен түзеу лагеріне жазасын өтеуге үкім шығарылады. Оның жұбайы КСРО Ғылым академиясында кеңесші болып қызмет атқарған, ол 1937 жылдың желтоқсан айында

58-баптың 10-тармағы («Кеңес өкіметін құлатуға шақыру») бойынша айыпталып, тұтқындалғаннан кейін ату жазасына кесілді. Шамамен 1940 жылдары жазылған бұл құжат қуғын-сүргін жылдарындағы балалардың ата-анасына деген қамқорлығы мен рухани қолдауын айғақтайтын құнды дереккөз болып табылады.

Хаттың мазмұнынан тағдыр тауқыметін ерте сезінген баланың ересектерге тән жауапкершілігі байқалады. Гена анасына жазған жолдарында болашақта жұмыс істеп, қаражат тауып, анасына көйлек сатып алып беретінін айтады. Бұл уәденің сол сәтте орындалмағаны үшін кешірім сұрауы – балалық аңсар мен аналық мейірімге деген сағыныштың белгісі.

Құжаттың деректанулық құндылығын оның төменгі бөлігіндегі авторлық сурет арттыра түседі. Бұл қарапайым тұрмыстық көрініс лагерь шындығынан тыс, тыныш әрі жылы отбасылық өмірдің бала қиялындағы бейнесін танытады. Сурет арқылы бала анасына лагерьдің ауыр жағдайында рухани демеу көрсетуге тырысқандай әсер қалдырады.

Хаттың соңында автордың қолы қойылған, алайда мөрдегі нақты уақыт белгісі толық сақталмаған. Соған қарамастан, жанама деректер арқылы құжаттың 1940 жылдарға тиесілі екені анықталған.

Ксения Никольскаяға қатысты бұл материалдар музей қорына 2012 жылы Мәскеу қаласында тұратын қызы Татьяна Никольскаяның тапсыруымен қабылданды. Осылайша, бір әлеуеттің жеке жәдігері бүгінде «АЛЖИР» лагеріндегі аналар мен балалар тағдырын сипаттайтын тарихи мұраға айналды.

Қорыта айтқанда, «АЛЖИР» музейі қорындағы хаттар – зұлмат жылдар шындығын бейнелейтін аса құнды құжаттар. Бұл қолжазбалар жеке отбасылық мұра аясынан асып, тұтас бір дәуірдің қасіретін айғақтайтын тарихи жәдігерлерге айналған. Олар «АЛЖИР» тұтқындарының тағдырын, аналық мейірім мен балалық сағынышты нақты деректер арқылы келешек ұрпақ жадында сақтауға қызмет етеді.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. «АЛЖИР» мемориалды музей кешенінің қоры.

2. «Узницы АЛЖИРа». Астана қаласының заңсыз қуғын-сүргін құрбандарының қауымдастығы, "Мемориал" Халықаралық қоғам – М.: Звенья, 2003. – 567 б.

3. «Акмолинский лагерь жен «изменников Родины»: история и судьбы». Кукушкина А.Р. – Қарағанды, 2008. – 248 б.

4. «Страницы трагических судеб»: Сборник воспоминаний жертв политических репрессий в СССР в 1920-1950-е годы. Составители: Е.М. Грибанова, А.С. Зулкашева, А.Н. Ипмагамбетова и др. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. С. 448.

5. «Ұрпақтар ұмытпайды», «Помнят потомки», “The descendants remember”. «АЛЖИР» мұражайы. – Семей. 2017. – 514 б.

6. «АЛЖИР» музейі қорындағы коллекциялар каталогы – Астана. 2012. – 366 б.

РЕЗЮМЕ

В статье исследуется историческая ценность писем из фондов музейно-мемориального комплекса «АЛЖИР», повествующих о судьбах репрессированных женщин и их детей.

SUMMARY

The article sheds light on the historical value of the letters held in the archival collections of the «ALZHIR» Memorial Museum Complex, reflecting the tragic destinies of politically repressed women and their children.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ

(Архив материалдары негізінде)

Қанат ЖАПАҚОВ,
Қызылорда облысы
Жалағаш аудандық тарихи-өлкетану
музейі» филиалы

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қазақ халқы, соның ішінде Жалағаш ауданы еңбеккерлері өлшеусіз үлес қосты. Жалағаш ауданы – майдан мен тылды байланыстырып тұрған негізгі қатынас жолдарының бірі әрі майданға қосымша күш жіберген тіректі өңір ретінде соғыстың ауыртпалығын терең сезінген аймақтардың бірі.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен кәсіпорындары қысқа мерзім ішінде соғыс жағдайына бейімделді. Соған байланысты тылдағы қара жұмыстың бар ауыртпалығы ауылда қалған қариялар, қыз-келіншектер мен балалардың мойнына жүктелді. Жұмыс уақыты таңғы сағат 5-тен түнгі сағат 10-ға дейін созылып, аудан еңбеккерлері «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен және уақытпен санаспай еңбек етті. Олар барлық күш-жігерлерін Қызыл Армияның күш-қуатын нығайтуға арнады.

1941 жылғы 17 қыркүйекте қабылданған «*16 жастан 50 жасқа дейінгі КСРО азаматтарын әскери өнерге міндетті түрде үйрету туралы*» КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысына сәйкес ауданда ер-азаматтармен қатар қыз-келіншектерге де соғыс өнері үйретіле бастады. Колхоздар, мектептерде және әртүрлі кәсіпорындарда тыл еңбеккерлеріне бастауыш әскери білім беру мақсатында 110 сағаттық бағдарлама бойынша алғашқы әскери даярлық курстары ұйымдастырылды. Мысалы, «Иіркөл» колхозында аталған бағдарлама бойынша 12 қыз-келіншек әскери іс пен жалпы тактикаға үйретілді. Сонымен қатар аудан орталығында 50 комсомол қыз-келіншек мылтық ату, атқа міну, граната лақтыру, окоп қазу, әуе шабуылынан қорғану сияқты соғыс өнерінің түрлі әдіс-тәсілдеріне жаттықтырылып, «Ворошиловский стрелок», «Ворошиловский всадник», ГТО («Готов к труду и обороне»), «Готов к ПВХО» («Готов к противовоздушной и противохимической обороне») нормативтері бойынша емтихан тапсырды [ҚОМА, 54-қор, 1-тізімдеме, 15-іс, 49-б.].

Дегенмен ауданның бірқатар колхоздары мен кәсіпорындарында оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізуге қажетті маман кадрлар, қару-жарақтар мен түрлі құрал-жабдықтар жетіспеді. Уақыттың тығыздығына байланысты бағдарламада белгіленген кейбір оқу-жаттығу сабақтары толық көлемде өткізілмеді [ҚОМА, 54-қор, 1-тізімдеме, 15-іс, 123-б.].

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарында жұмыс күші тапшылығы байқалды. Әсіресе механизаторлар, су шаруашылығы мамандары және өнеркәсіп жұмысшыларының жетіспеушілігі қатты сезілді. Осыған байланысты 1941 жылғы 31 шілдеде Қызылорда облыстық партия комитеті «Өнеркәсіп орындарында, мекемелер мен ұйымдарда маман жұмысшы әйелдер даярлау шаралары туралы» қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес облыс аумағындағы шаруашылықтарда, өнеркәсіп орындары мен түрлі ұйым-мекемелерде өндірістен қол үзбей, қысқа мерзімді курстар арқылы қыз-келіншектер арасынан жұмысшы мамандар даярлау міндеті жүктелді. Бұл бастаманы Жалағаш ауданының қыз-келіншектері де бірауыздан қолдап, белсенді түрде атсалысты.

Осылайша, 1941 жылдың тамыз-қараша айлары аралығында Қаракеткен МТС жанынан ашылған тракторшы және механизатор мамандарын даярлайтын үш айлық қысқа мерзімді курсты 23 қыз-келіншек тәмамдап, трактор, молотилка және комбайн тізгінін ұстады. [ҚСТАФ, 268–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 54-б.].

Жалпы алғанда, соғыс жылдарында ауданның еңбекші әйелдері бар күш-жігерін жұмсап, денсаулықтарына қарамастан жанкешті еңбек етті. Олар соғыстың алғашқы күндерінен-ақ майданға аттанған ер-азаматтардың орнын басып, ауыл шаруашылығының барлық салаларында еңбек етті. Архив деректеріне сүйенсек, соғыстың соңғы жылдары ауданның ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарында барлығы 2 505 қыз-келіншек жұмыс істеген.

Олардың 1 733- і «Еңбек екпіндісі» («Ударник труда») және «Стахановшы» сияқты жоғары мәртебелі атақтарға ие болған [ҚОМА, 54 – қор, 1–тізімдеме, 14–іс, 14-15 бб.].

Соғыстың алғашқы айларында ауданда Кеңес өкіметінің саясатына қарсы үгіт-насихат жүргізу, жергілікті халық арасында дүрбелең мен үрей туғызу мақсатында жалған ақпараттар мен алып-қашпа әңгімелер тарату жағдайлары да орын алды.

1941 жылғы 25 қарашада аудан прокуроры Т. Сүлейменов халық депутаттары аудандық кеңес атқару комитетіне жолдаған баянатта: «...*Жалағаш аудандық тұтынушы одағының бухгалтері Рысбаев дегенді неміс-фашист басқыншыларының «ерекше күштілігі» туралы лақап хабарлар таратқаны үшін әскери трибунал 4 жылға, аудандық қаржы бөлімінің инспекторы Ширдановты 2 жылға бас бостандығынан айырды. «Бірлік» колхозының колхозшысы Әуесбаев соғыс басталғаннан кейін колхоз жұмысынан әдейі бас тартып, колхозшылар арасында неміс-фашист басқыншыларын мадақтап, «немістердің гуманизмі» туралы арандатушылық сипаттағы үгіт-насихат жүргізгені үшін 10 жылға сотталған...*» деген мәлімет кездеседі [ҚОМА, 481–қор, 1-тізімдеме, 1–іс, 59-б.].

Соғыс жылдарында ауданымызда Отанды қорғау және Қызыл Армия қорына қаржы жинау, ақшалай-заттай лотерея мен мемлекеттік қарызға жазылу, жауынгерлерге жылы киім мен азық-түлік жөнелту науқандары кеңінен жүргізілді. Мысалы, «Қазақстан комсомолы» атты танк колоннасын жасақтауға қаржы жинау науқанының алғашқы күнінің өзінде аудан комсомолдары 16 000 сом ақшалай қаржы жинаса, «Мақпалкөл» колхозының комсомолдары 1 500 сомдық облигацияға жазылып, қосымша 2 000 сом ақшалай қаржы тапсырған.

1941 жылдың қараша айында аудандық партия комитетінің хатшысы С.И. Кистанов облыстық партия комитетіне Қызыл Армия қоры мен «Қазақстан колхозшысы» атты танк колоннасын жасауға 50 пұттан астам астық және 20 мың сомнан астам ақшалай қаржы тапсырған 64 жалағаштық еңбеккердің тізімін жолдаған. Аталған тізімге жалғыз өзі 105 пұт астық өткізген Маркс ауылдық кеңес төрағасы Айымгүл Ізтілеуованың, 150 пұт күріш өткізген Калинин ауылдық кеңес төрағасы Шәйімбет Есовтің және т.б. көптеген қатардағы колхозшылардың есімдері енген [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 8-9 бб.].

Майдандағы жауынгерлерге жылы киім жіберу науқанына аудан мектептерінің мұғалімдері мен оқушылары да белсене қатысты. Мәселен, «1 Май» орта мектебінің оқушылары мен ұстаздары 1941 жылдың желтоқсан айына дейін майдан қорына 2 тон, 17 жылы күртеше (телогрейка), 5 мақталы шалбар, 20 пима, 67 қолғап, 75 жұп жүн шұлық тапсырған. Сонымен қатар мектеп директоры Смайылов пен мұғалім Кенжетаев 1 көрпе, 1 телогрейка, 1 пима және 1 көйлек өткізген.

Осылайша, жалағаштық еңбеккерлер 1941 жылдың соңына дейін майданға 7 мыңнан астам жылы киім жөнелткен. Оның ішінде 152 тон, 281 пима, 472 қолғап, 430 жүн шұлық, 698 бөрік пен құлақшын, 510 шұлғау және басқа да көптеген киім-кешек болған. Бұл науқанда «Қызыл Ту», «Красный Октябрь» колхоздарының колхозшылары мен мемлекеттік банктің аудандық бөлімшесінің ұжымы ерекше ұйымшылдық танытты [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 12-б.].

1941–1942 жылдар аралығында аудан бойынша 865 колхозшы жұмыс жоспарын асыра орындап, «Колхоз даласының стахановшысы» атанған. Олардың 284-і партия, 377-і комсомол ұйымының мүшелері еді [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 26-б.].



Жалағаш ауданы. Қаракеткен МТС трактористері жер жырту науқанында, 1942 жыл

1943 жылдың қаңтар айында аудандық ІІХК бөлімінің қызметкерлері танк колоннасын жасау қорына 5 мың сом қаржы аударса, «Жас қайрат» колхозының колхозшылары 360 пұт күріш пен 48 пұт ет тапсырған. Сондай-ақ Қызыл Армияның 25 жылдық мерейтойы қарсаңында майдандағы қызыл әскерлерге көптеген сыйлықтар жіберілген. Осы колхоздың төрағасы Н. Жүсіпов қорғаныс қорына 100 пұт күріш өткізген.

Ауданда толық емес мәліметтер бойынша, барлығы 1000 пұт күріш пен 200 пұт ет жиналып, майданға жөнелтілген. Аудан бойынша 5 302 адам қорғаныс қарызына жазылған [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 28-б.].

1943 жылғы 31 қаңтардағы облыстық «Ленин жолы» газетінің № 24 (1435) санында Қызыл Армия қорына мол астық өткізген облыстың алдыңғы қатарлы озат колхозшылардың тізімі жарияланады. Ол тізімге Жалағаш ауданы бойынша Отан қорғау қорына 300 пұт астық өткізген «Қызыл Ту» колхозының төрағасы Ж. Сақтағановаңың, 100 пұт бидай өткізген Калинин атындағы ауылдық кеңесінің төрағасы Ш. Есовтің, 100 пұт күріш өткізген «Жаңа талап» колхозының колхозшысы С. Қыдыралиевтің, 50 пұт бидай өткізген «Мақпал көл» колхозының жұмысшысы М. Абуовтың есімдері енген.

1943 жылдың 2 ақпанына дейін аудан колхозшылары мемлекетке 53 868 центнер астық өткізген. 1943 жылдың 25 ақпаны мен 2 наурызына дейін мемлекетке қосымша 4 614 центнер астық тапсырған. Одан басқа, колхозшылар өздерінің жекеменшік қорларынан Отан қорғау қорына қосымша 8 699 центнер астық тапсыру міндеттемесін қабылдаған [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 25-б.].

1943 жылдың көктемінде аудандық партия комитетінің хатшысы С.И. Кистанов аудан еңбеккерлерінің атынан ББКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы, қорғаныс халық комиссары И.В. Сталинге жеделхат жолдайды. Онда «*Қымбатты Иосиф Виссарионович! Ерлікпен алға басып бара жатқан Қызыл Армияның жеңістеріне рухтанған Жалағаш ауданының колхозшылары және колхозшы әйелдері 6 күннің ішінде «Қызылорда колхозшысы» атты танк колоннасын жасақтауға 1,5 миллион сом қаржы жинап, мемлекеттік банкке өткізді. Бірсыпыра колхозшылар бұл іске белсене қатысты. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты Айымгүл Ізтілеуова жолдас танк жасау қорына 105 пұт астық пен 25 мың сом қаржы берді. Ауданның колхозшы шаруалары Қызыл Армия қорына 57 мың пұт күріш, 12 мың пұт астық, мемлекетке 4272 пұт ет өткізді...*» деген мәлімет береді [1943 жылғы 15 сәуірдегі № 21 аудандық «Күрішшілер» газеті, 1-б.].

Аудан еңбеккерлерінің осындай ерлікке пара-пар еңбегі үшін 1943 жылдың сәуір айында С.И. Кистановтың атына Жоғарғы Бас Қолбасшы И.В. Сталиннен жеделхат келеді. Онда «*...Қызылорда колхозшысы» танк колоннасын жасауға 1 млн. 500 мың сом ақша жинаған және Қызыл Армияның қорына 57 мың пұт астық тапсырған Жалағаш ауданының колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне менің туысқандық сәлемімді және Қызыл Армияның алғысын жеткізіңіз*» деп жазылған [1943 жылғы 30 сәуірдегі № 27 аудандық «Күрішшілер» газеті, 1-б.].

1943 жылғы жаздың соңына дейін аудан еңбеккерлері Отан қорғау қорына 120 мың 250 сом, танк колоннасын жасау қорына 1 млн. 600 мың сом, авиаэскадрилья жасақтау қорына 74 мың сом, Қызыл Армия қорына 105 347 сом қаржы өткізген.

Сондай-ақ, 4 миллион сом соғыс қарызға жазылып, 362 мың сомдық лоторея билеттерін сатып алып, майданға 10 818 жылы киім, 5 вагон астық, 3 тонна қауынқақ және қауынқұрт, 3 тоннаға жуық сары май, 100 литрге жуық арақ жөнелткен [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 37-б.].

Архив деректеріне сүйенсек, алдын ала бекітілген жоспар бойынша 1941 жылы ауданға еліміздің батыс өңірлерінен қоныс аударған 1 500 адамды және 3 500 арнайы қоныс аударушыны (спецпереселенецтерді) орналастыру көзделген. Алайда сол жылдың 20 қазанына дейін ауданға барлығы 93 адам қоныс аударған, оның ішінде Ленинград қаласынан – 5, Харьков қаласынан – 5, өзге қалалар мен өңірлерден – 83 тұрғын келген. Олардың барлығы жергілікті партия органдары мен колхоз төрағалары тарапынан тұрғын үймен және мамандықтарына сәйкес жұмыспен қамтамасыз етілген [ҚСТАФ, 264– қор, 1– тізімдеме, 49–іс, 18-б.].

1942 жылы жау басып алған өңірлерден Жалағаш ауданына барлығы 2 095 адам қоныс аударылып, орналастырылды. Оларды қарсы алып, жұмысқа орналастыру және



О состоянии трудового устройства и размещения эвакуированного населения в Кзыл-Ординской области. на 20/X-41г.

Трудовое устройство и расселение эвакуированного населения, прибывших из приграничной полосы в нашу область 7638 человек, это население размещено в области по районам следующим образом:

Наименование районов	Эвакуированного населения							переселенц.	
	по плану	прибыло	Из них: Воспитанники детдомов	Беременных	Кормящих матерей	устроено	по плану	прибыло
Арельский.....	2500	857	10	40	20	217	35	4000	1049
Казалинский....	4500	889	16	18	15	845	889	4000	2159
Кармакчинск....	1750	158	11	14	10	123	158	3800	-
Жалагашск.....	1500	93	-	5	5	88	93	3500	-
Перемы-Узякск..	1000	467	-	-	-	467	467	3500	-
Сыр-Дарьинск...	2250	766	1	-	765	-	766	3500	-
Чиилийск.....	2750	1212	3	3	1200	6	1212	3500	53
Чиа-Курганский.	1750	574	-	3	571	-	574	3500	-
Кзыл-Орда.....		3617	115	46	480	3026	3217	-	-

В нашей области организовано шесть детдомов с детьми 625 человек из них ясельного возраста от 8 до 3 лет 267 человек, которые переданы в ведение Облоно и ясельного возраста 358 человек переданных Облздраву, организован специальный детдом в К.-Д. домотдыхе.

В Сыр-Дарьинском районе организованы при колхозах детдома при колхозе им. Сталина, в которых находятся 283 человека, при колхозе им. Молотова 55 человек. Помимо этого мы должны разместить 3 детдома, 2 дома малютки, госпиталь и другие учреждения.

При эвакуации организована одна больница на 25 коек Также в нашей области организовано 3 госпиталя на 1007 коек и дополнительно должны организовать 1 госпиталь на 1500 [illegible]

қажетті тұрмыстық жағдай жасау мақсатында аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Ш. Саяхов, аудандық партия комитетінің хатшылары Рүстемов, Шонин, Куроедов, медицина қызметкерлері Кошевая мен Ким Сын Нен сияқты жауапты адамдардан арнайы комиссия құрылды.

Алғашқы кезде қоныс аударған адамдар аудандық клуб, мектептер және өзге де тұрғын-үйлер мен ғимараттарға орналастырылады. Кейіннен, олардың жартысын аудан орталығында қалдырып, қалғандарын аудандағы 17 колхозға таратып жібереді. Қоныс аударған адамдарды колхоздарға келген сәттен бастап мемлекет есебінен 3 тәулік тегін тамақпен қамтамасыз етеді.

Осылайша аудандағы колхоздарға, түрлі өндіріс орындары мен мекемелерге мамандықтары бойынша барлығы 591 адам жұмысқа орналастырылады. Оның ішінде, партиялық жұмысқа – 6, аудандық прокуратура мен сотқа – 1, аудан мектептеріне – 9, өндіріс орындарының директорлығына – 1, қаржы саласына – 2, ауыл шаруашылық бөліміне – 1, әртүрлі қызметтерге – 10, сауда жүйесіне – 6 адам қабылданған, қалғандары колхоздың қара жұмысына жібілген.

Аудандық Кеңес атқару комитеті тарапынан көшіп келген отбасыларға 1,5 мың сом көлемінде ақшалай көмек көрсетіліп, барлық қоныс аударушылар тегін медициналық қызметпен қамтамасыз етіледі. Жалағаш ауданына қоныстандырылған балалар үшін «Актив» колхозында жаңадан бастауыш мектеп-интернаты және аудан мектептерінде қосымша 19 сынып ашылды [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 49–іс, 23-б.].

Соғыс жылдарында Еңбек армиясына, ФЗО-ға, ірі өнеркәсіп орындарына және басқа да тыл жұмыстарына ондаған, жүздеген адам тартылып, ауданның онсыз да тапшы жұмыс күшін одан әрі азайтты. Мәселен, аудандық халықты жұмылдыру бөлімінің меңгерушісі Дүйсебаевтің 1944 жылдың маусым айында халық депутаттары аудандық кеңес атқару комитетіне жолдаған мәліметіне сәйкес, 1941 жылы ауданнан Жезқазған кен басқармасына – 110 адам, 1942 жылы Батыс Қазақстандағы мұнай өндеу зауыттарына – 35 адам, 1943 жылы еліміздің әртүрлі өндіріс орындарына – 347 адам жіберілген. Сонымен қатар ФЗО мектептері (фабрикалық-зауыттық оқу) мен теміржол училищелеріне (ЖДУ) 96 жасөспірім оқуға жіберілген [ҚОМА, 54–қор, 1–тізімдеме, 17–іс, 83- 84 бб.].

1944 жылғы 1 ақпанға дейін қосымша 120 адам Еңбек армиясына жөнелтіледі. Оның ішінде «Аралсульфат» мекемесіне – 35 адам, Балқаш мыс қорыту комбинатына – 35 адам, Қарағанды қаласындағы ФЗО мектептеріне – 35 жасөспірім, ал Алматы қаласындағы теміржол мектебіне 15 жасөспірім жіберілген [ҚОМА, 54–қор, 1– тізімдеме, 15–іс, 32-б.].

Соғыс жылдарында тұрмыстық-санитарлық және жеке гигиеналық талаптардың сақталмауы, азық-түлік тапшылығы, аш-жалаңаштық пен күйзелістің салдарынан ауданда түрлі жұқпалы эпидемиялық аурулар кең таралып, науқастар саны көбейді. Мысалы, 1942 жылы бөртпе сүзегімен (сыпной тиф) 183 адам ауырса, 1943 жылы бұл көрсеткіш 19 адамды құраған. Сондай-ақ 1942 жылы қызылшамен 55 бала, 1943 жылы 20 бала ауырған. Ал скарлатинамен 1942 жылы 12 бала, 1943 жылы 1 бала сырқаттанған [ҚОМА, 54–қор, 1– тізімдеме, 17–іс, 41-б.].

1943 жылы аудандық денсаулық сақтау бөлімінің медицина қызметкерлері барлығы 600 үй мен 1918 отбасы мүшесін медициналық тексеруден өткізіп, үсті-басы биттеген 5 292 адамға санитарлық көмек көрсетті. Сонымен қатар 10 511-ге жуық зат санитарлық өңдеуден өткізіліп, 87 құдық пен 246 әжетхана залалсыздандырылды. Сондай-ақ шешек ауруына қарсы 1 585, сүзекке қарсы 4 779, ал дифтерия, қызылша, скарлатина секілді жұқпалы ауруларға

қарсы 6 500 екпе егілді. Осы кезеңде ауданда жаңадан 15 монша мен дезинфекциялық камера (вошебойка) салынып, олардың жалпы саны 31-ге жеткізілді. Нәтижесінде 1943 жылы аудан тұрғындарына қызмет көрсеткен 31 монша мен 6 дезинфекциялық камера жұмыс істеді [ҚОМА, 54–қор, 1– тізімдеме, 11–іс, 62- 63 бб.].

1944 жылы кейбір колхоздардағы моншалар мен дезинфекциялық камералардың уақтылы жұмыс істемеуі салдарынан қаңтар айында – 25, ақпан айында – 4, наурыз айында 7 жерде бөртпе сүзегі тіркелген. Алайда медицина қызметкерлерінің науқастарға дер кезінде диагноз қоюының нәтижесінде ауру ошақтары залалсыздандырылып, індеттің одан әрі таралуына жол берілмеді [ҚОМА, 54–қор, 1–тізімдеме, 15–іс, 41-б.].

1944 жылдың 10-11 наурызы аралығында Солтүстік Кавказдан жер аударылған шешен халқының Жалағаш ауданына қоныстандырылуына байланысты ауданда жұқпалы бөртпе сүзегі ауруының таралуы күрт күшейді. Осы қауіпті індеттің қоныс аударушылар арасында кең таралуына байланысты аудандық ІІХҚ бөлімінің арнайы комендатура бастығы, милицияның аға лейтенанты Н. Машақаев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Егізбаевқа көмек сұрап хат жолдаған. Аталған №1-26 санды хат 1944 жылғы 26 наурызда жазылып, бүгінде облыстық архив қорында сақтаулы.

Онда «...Қазіргі кезде арнайы қоныс аударушылар орналасқан «Иіркөл», «Елтай», «Алғабас» колхоздарында жұқпалы бөртпе сүзегі ауруына барлығы 34 адам шалдығып отыр. Қалған тұрғындар медицина және милиция қызметкерлерінің жіті бақылауына алынған. Бөртпе сүзегіне шалдыққан «Ақарық» колхозындағы науқастарға аудандық денсаулық сақтау бөлімі тарапынан тиісті шаралар қабылданып, тұрғын үйлерге дезинфекция және санитарлық тазарту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні аталған жұқпалы ауру инфекциясының басқа колхоздарға таралып кету қаупі өте жоғары болып отыр. Ауданда медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігіне байланысты барлық колхоздарға уақтылы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ету қиындық туғызуда. Осыған байланысты ауданға облыстық денсаулық сақтау бөлімінен тағы да қосымша медицина қызметкерлерін бөлуге көмек көрсетуіңізді сұраймын...» деп жазылған [ҚСТАФ, 264–қор, 1–тізімдеме, 74– іс, 269-б.].

Осы қауіпті індеттің таралуына дер кезінде тосқауыл қою мақсатында аудан дәрігерлері барлығы 10 222 адамды, 51 244 түрлі затты және 4 533 үй-жайды санитарлық-дезинфекциялық өңдеуден өткізді. Сонымен қатар 3 948 адам битке қарсы санитарлық тексеруден өтті. Аудан орталығында қосымша 60 орындық стационар ашылып, барлық науқастар сонда ем қабылдады [ҚОМА, 54–қор, 1–тізімдеме, 15–іс, 61-б.].

Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы жылдарында жалағаштық тыл еңбеккерлері теңдессіз бірлік пен қажырлы қайраттың үлгісін көрсетті. «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін ортақ іске жұмылып, барлық күш-жігерін Жеңісті жақындатуға арнады. Ауыр қиындықтар мен зор сынақтарға қарамастан, олар жауды жеңуге барынша үлес қосып, Отан алдындағы патриоттық борыштарын адал атқарды. Осы жанқиярлық еңбегі үшін жүздеген жалағаштық колхозшылар мен колхозшы әйелдер жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Дерекқор:

ҚОМА – Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві.

ҚСТАФ – Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің «Қоғамдық-саяси тарихы архиві» филиалы

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассказывается об огромном вкладе тружеников тыла Жалагашского района в Победу в Великой Отечественной войне. Здесь впервые широкой общественности представлены многие ранее неизвестные события на основе материалов Государственного Архива Кызылординской области.

SUMMARY

This article describes the contribution of the workers of Zhalagash District to the Victory in the Great Patriotic War. Many previously unknown events are presented to the general public for the first time on the basis of materials from the State Archive of the Kyzylorda Region.

МӘДЕНИ МҰРА

ҚАЛИ ЖҮНІС МОНШАСЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК МӘДЕНИЕТТЕГІ ОРНЫ

Жұлдыз ШАЛКЕЕВА,
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени мұзей-қорығының қызметкері

Тараз қаласы – Ұлы Жібек жолы бойындағы көне мәдени орталықтардың бірі. Қаланың тарихи қабаттары көне заманнан бастап жаңа заман дәуіріне дейін үздіксіз жалғасып келеді. Осы тарихи сабақтастықтың көріністерінің бірі – Қали Жүніс моншасы.

Монша Тараз қаласының тарихи бөлігінде, Байзақ батыр көшесі № 38 мекенжайында орналасқан. Ол XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Әулиеата қаласының тұрғыны, алғашқы меценаттардың бірі Қали Жүністің қаражатына салынған. Архивтік деректер бойынша оның шын есімі Юнус Маюсупов, 1854 жылы дүниеге келген. Аңыздарда Қали Жүніс әдептілігімен, жомарттығымен және қарапайымдылығымен танылған тұлға ретінде сипатталады. Ол Бұхара шеберлерінің қолымен салынған моншалар туралы естіп, өз қаласында да сондай ғимарат тұрғызуды мақсат еткен. Сонымен қатар, ол «Әулие-Ата» аталып кеткен Жүнісбай мешітін салдырған және жергілікті ақсақалдардың айтуынша, Қарахан кесенесін қалпына келтіруге демеушілік жасаған.

Шығыс елдерінде қоғамдық моншалар тек гигиеналық нысан ғана емес, әлеуметтік және мәдени кеңістік ретінде қызмет атқарған. Мұнда қала тұрғындары кездесіп, іскерлік әңгімелер жүргізіп, түрлі мәселелерді талқылаған. Орта Азия қалаларында моншалар мешіттермен, медреселермен және базарлармен қатар қоғамдық өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болған. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында Әулиеата қаласында төрт қоғамдық күмбезді монша жұмыс істеген. Олардың қатарында Барат-хан, Кәрімбай, Расулхан және Қали Жүніс моншалары бар. Бүгінгі күнге дейін солардың ішінен тек Қали Жүніс моншасы ғана сақталған.

Қали Жүніс моншасы – жоспар бойынша бір қабатты ғимарат. Жалпы ауданы 450 шаршы метр, қабырғаларының биіктігі – 3 м. Кейбір бөлмелердің күмбезге дейінгі биіктігі 6 м-ге жететін көп күмбезді монша. Монша әртүрлі пішінді 11 бөлмеден тұрады. Конструкциялық шешім ретінде аражабындардың арка-күмбезді жүйесі қолданылған. Қалыңдығы – 0,8 м. Моншаның құрылымы төбені жабудың аспалы-күмбезді жүйесі арқылы шешілген. Монша көне дәстүр бойынша еден астындағы жылу өткізетін қалталары арқылы жылытылады.

Жерасты жылу өткізгіш жылыту жүйесі Ежелгі Рим және Шығыс моншаларына ұқсатып салынған. Моншаның ішкі қабырғалары текшелермен, аркалармен, жазбалармен, мозаика, фреска элементтерімен безендірілген, ал кескіндеме ою-өрнектері геометриялық сипатқа ие. Қабырғалар күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Негізгі киреберіс маңында азиялық стильдегі ғимараттарға тән арқалық төбелері бар ашық ағаш шатыр – айван орналасқан.

Құрылыстың қалыңдығы 80 сантиметр болатын қабырғалары және салыстырмалы түрде аласа биіктігі қажетті температураны ұзақ уақыт бойы ұстап тұруға мүмкіндік берген. Әр бөлменің температурасы әртүрлі болған. Мысалы, бу бөлмелері ең ыстық болып саналды, ал кейбір бөлмелердің жылуы төмендеу болды. Еденнен күмбезге дейінгі биіктік екі метрден алты метрге дейін жеткен. Төбе мен бөлмеге кіретін жол неғұрлым аласа болса, ішкі температура соғұрлым жоғары болды. Су жертөледе орналасқан пешпен жылытылып, одан су қабылдайтын ыдыстар мен құдықтар арқылы тасымалданған.

Жылы ауа бөлмелерге еденнің астындағы ұзын дәліздер арқылы өтіп, кейін шатырға апаратын шахталар арқылы шыққан. Негізгі залдың қабырғасында терең, бірақ аласа қуыс бар. Ол бөлек бу бөлмесі ретінде пайдаланылған. Келушілер ол жерде тек отырып қыздырына алатындай етіп ойластырған.

Қажетті жоғары температураны ұстап тұру үшін киреберіс сыртынан төсенішпен жабылатын болған. Ал моншада мұндай қуыстар бірнешеу болды. Моншаның шет жақтарында жуынуға арналған жіңішке тік төртбұрышты тұғырлар орнатылса, ал ортасында массаж жасауға арналған үлкен сегіз қырлы суфа көзделген. Негізгі залдан бөлмелер бірінен соң бірі шеңбер

бойымен орналасқан. Күмбездердің жоғарғы төбе бөлігіндегі кішкентай тікбұрышты саңылаулар күндізгі жарықтың өтуіне және ғимаратты желдетуге мүмкіндік береді. Негізгі қасбетке қараған бөлмелердің қабырғаларындағы шағын терезе ойықтары да осы мақсатқа қызмет еткен. Моншадағы он бөлме бастапқы қалпында сақталған, тек біреуін ғана қалпына келтірушілер қайта жөндеген. Бір-бірімен өткелдер арқылы байланысқан бөлмелер әртүрлі функционалдық мақсатта пайдаланылған. Шартты түрде оларды үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа жалпы пайдалануға арналған аймақтар кірген: киреберіс, киім ауыстыратын бөлме, демалыс орны, бұрыштық қуыстары бар жуыну залы және ортасында массаж жасауға арналған тұғыр, сондай-ақ, екі қыздыру бөлмесі.

Екінші топ техникалық секторды құраған. Оның құрамына ыстық және суық суға арналған резервуарлары бар бөлмелер, қыздыру қазандығы орнатылған оттық (пеш) және кәріздік шұңқыр енген.

Үшінші топқа кіруі шектеулі, қолжетімділігі төмен бөлмелер кірген. Бұл секторға үш шағын бөлмеден тұратын оқшауланған блок және көшеге шығатын жеке есік кірген. Аталған бөлмелер әйелдерге арналған. Монша тәулік бойы, күндіз де, түнде де жылытылып отырған. Халық үшін монша тегін қызмет еткен. Негізгі залдың оң жағында намаз оқуға арналған бөлме – намазхана орналасқан. Монша кешені жанында, киреберістің алдында орналасқан бастырма астында шайхана қызмет атқарғаны белгілі. Бұл орын қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналып, іскерлік және достық кездесулер өтетін маңызды әлеуметтік кеңістік болған. Ескерткіштің артқы бөлігінде шатырға шығуға мүмкіндік беретін бұрандалы баспалдақ орнатылған.

2018 жылы қала моншаларының жұмысісістеген, уақыты туралы тарихи ақпаратты толықтыру мақсатында Жамбыл облыстық архивінің қорында «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкерлері қала тұрғындарының әртүрлі санаттарының есімдерін пайдалана отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу 1920-1930 жылдардағы Әулиеата қалалық және аудандық атқару комитеттерінің құжаттары бар 50-қор бойынша жүргізілді. 1940-1950 жылдардағы қалалық абаттандыруды қамтитын 7-қордың құжаттары да зерттелді.



1-сурет. Ағаш шатырлы айван



2-сурет. Ыстық су қайнайтын бөлме



3-сурет. Массаж жасауға арналған үлкен сегіз қырлы суфа

Архивтік құжаттарда Әулиеата қаласындағы моншалар туралы

1919 жылдан бастап Әулиеата қалалық комитетінің отырысының хаттамаларында моншалардың жай-жапсарлары келтірілген. Архивтік деректерге сәйкес 1936 жылы қалада екі қоғамдық монша жұмыс істеген. Олардың бірі сағатына 200 адам қабылдай алатын, дәретханалық типтегі монша нысаны болса, екіншісі – келушілерді екі есе аз қабылдайтын монша болған. Ол Кали Жүніс моншасы ретінде белгілі. 1942 жылы аталған нысанның жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша моншаның қызметін тоқтатқаны анықталған. Кейіннен монша қайта іске қосылып, жергілікті тұрғындарға, соның ішінде әскери қызметшілерге, мектеп оқушыларына және еңбек ұжымдарына қызмет көрсеткен.

Алайда жеті жылдан кейін ғимараттың ішінара қирауына байланысты оның техникалық жағдайы күрт нашарлай бастаған. Қалалық атқару комитеті төрағасының хатында нысанның апатты күйге түскені атап өтілген. Ресми хабарламада шұғыл жөндеу жұмыстары жүргізілмеген жағдайда ғимаратты жабу қажеттігі ескертілген. Шамасы, жөндеуге қажетті қаржы бөлінбеген, соның салдарынан мекеме өз қызметін толық тоқтатқан. Кейіннен бөлмелер қойма ретінде пайдаланылып, онда химиялық заттар сақталған. Бұл жағдай ғимараттың одан әрі бүлінуіне және құрылымдық тұтастығының әлсіреуіне алып келген.

Архивтік құжатта Қали Жүністің (ұқсас есімдер) шежіресін анықтай келе отырып, 1918 жылы аштықтан зардап шеккендерге ұлы Шаюнус Шайсабаев екеуі қаржылай көмек жібергендері жазылған. Бұл ақпарат Қали Жүністің қайырымдылық жұмыстарымен айналысқанын көрсетеді.

1919 жылғы құжатта Әулиеата қаласындағы буржуазиялықтардың тізімінде Қали Жүністің аты-жөні кездеседі. Ол жерде 1854 жылы туылғаны, және 1919 жылы 65 жаста екендігі, жеке меншіндегі мал саны, диірмені, үйі, арбасы, моншасы бар екендігі жазылған.

Осындай құжаттардың бірінде Қали Жүністің туыстары туралы мәліметтер мен олардың тізімі келтірілген. Аталған деректерге сәйкес оның туыстары да дәулетті әлеуметтік топтың өкілдері болған. Революциядан кейін аталған әулет өкілдерінің мүлкі тәркіленіп, өздері саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны анықталды. Алайда Қали Жүніс бұл үдеріске тартылмаған. Бұл жағдай оның табиғи себептермен қайтыс болғанын көрсетеді. Қали Жүністің шыққан тегін анықтау барысында жүргізілген жұмыстардың негізінде Қали Жүністің қыздары тұрмысқа шығып, қаладан көшіп кеткен, сондықтан бүгінде Таразда тікелей ұрпақтары қалмағаны анықталды.

Дегенмен де туыстары табылды. Қали Жүністің жиені Махкам Маюсуповпен сұхбат жүргізілді. Оның айтуынша, моншаның сәулеттік шешімі Қоқан қаласындағы сол кезеңдегі үлгілерге негізделген. Қазіргі дүкен орналасқан ғимараттың маңында Қали Жүністің өзіне тиесілі саманнан тұрғызылған үйі болғаны анықталды. Аула ішінде ат арбамен су тартылатын құдық орналасқаны, су моншаға ағаштан жасалған науа арқылы жеткізіліп отырғаны, пайдаланылған су ғимараттың батыс жағындағы кәріздік шұңқырға құйылғаны сұхбат барысында белгілі болды. Ал бүгінде бұл аумақта тұрғын үйлер мен қосалқы құрылыстар бой көтерген.

XX ғасырдың ортасынан кейін ғимарат ұзақ уақыт қараусыз қалып, бір бөлігі қираған. 1982 жылы республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынды. 1982–1986 жылдары Жамбыл реставрациялық шеберханасы алғашқы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Бұл жұмыстар барысында ғимараттың негізгі құрылыс материалдары сақталып, тек аз бөлігі ғана жаңартылды. 2002–2023 жылдары моншада қосымша реставрациялық және консервациялық жұмыстар жүргізілді. Бұл шаралар ғимараттың техникалық жағдайын тұрақты сақтауға бағытталған. 2020 жылы Қали Жүніс моншасына ресми түрде

Республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш мәртебесі берілді.

Қали Жүніс моншасының ерекшелігі – оны кешірек заманда тұрғызғанымен, ескі дәстүрлі технологиялар бойынша салынғаны. Сондай-ақ, ортағасырлық құрылымы сақталған моншалардың ішінде Қали Жүніс моншасы Қазақстандағы ең ірісі болып саналады. Әулиеата жеріндегі Қали Жүніс моншасы – қаланың экономикалық жағдайының, халықтың тұрмыс деңгейінің, әлеуметтік мәдениеті мен санитарлық инфрақұрылымының жоғары екенін айқын дәлелдеді. Сонымен қатар, монша қала тұрғындарының демалыс, денсаулық сақтау және әлеуметтік байланыстар орнату дәстүрін де бейнелейтін маңызды мәдени нысан болды. Қали Жүніс моншасы Жамбыл облысындағы республикалық маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі болып саналады. Ол өткен

4-сурет. Қали Жүніс моншасы. Фото сурет 1982 жылы түсірілген



5-сурет. Қали Жүніс моншасы. Фото сурет 1982 жылы түсірілген





6-сурет. Моншаның күмбезі.

ғасырлардағы тұрмыстық сәулет өнерінің маңызды үлгісі ретінде жоғары тарихи және архитектуралық құндылыққа ие.

Осы уақытта нысан «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің құрамында музейлік экспозиция ретінде жұмыс істейді. Мұнда ғылыми-танымдық экскурсиялар өткізіліп, Тараз қаласының тарихы мен шығыс моншаларының дәстүрлі мәдениеті таныстырылады.



7-сурет. Қали Жүніс моншасының макеті

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Жамбыл облысының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. – Алматы, 2002. – 69 б.
2. Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы: Жамбыл ауданы. – Алматы, 2010. – 49 б.
3. Жамбылская областная газета «Знамя труда». 27 июня 2022 г.
4. Альбом историко-культурных объектов и мест всеобщего паломничества Казахстана. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі. – Астана, 2018. С. 268.
5. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2005. Т.II. – 354 б.
6. Жамбыл облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары (1919–1950 жж.).

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются история, архитектурные особенности, состояние в советский период, реставрационные работы и современная музейная деятельность бани Кали Юнуса, расположенной в исторической части города Тараз.

SUMMARY

This paper explores the history, architectural characteristics, Soviet-period condition, restoration efforts, and contemporary museum functions of the Kali Yunus Bathhouse, located in the historical district of Taraz.

С. М. ДУДИН ФОТОСУРЕТТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

Ғалия АҚПАНБЕКОВА,
ҚР Ұлттық музейінің
ғылыми қызметкері,
тарих магистрі

Орта Азия этнографиясы бойынша С.М. Дудиннің фотосуреттік коллекциялары әлемдегі ең үздік жинақтардың бірі болып саналады.

Самуил Мартынович Дудин – ғылыми фотография саласының ірі ресейлік маманы, археолог, этнограф, географ, суретші, Шығыс өнерінің, әсіресе Орта Азия керамикасы мен кілем өнерінің көрнекті білгірі, сондай-ақ музей ісінің қайраткері. Ол Орыс музейінің Этнографиялық бөлімінің (ЭБ) және Ресей Ғылым академиясының Антропология және этнография музейінің (АЭБ) негізін қалаушылардың бірі болды.

Самуил Мартынович Дудин 1863 жылы Херсон губерниясының Елисаветград уезіндегі Ровное елді мекенінде дүниеге келген. Самуил бала кезінен сурет салуға қабілеттілік танытып, осы іске толықтай әуестенген. Саяси қудалауға ұшыраған С. Дудинге 1889 жылдан бастап Троицкосавск қаласында (қазіргі Кяхта) полицияның ашық бақылауымен тұруға рұқсат берілді. С. Дудиннің кейінгі кәсіби қызметінің негізін қалаған үш басты бағыты – фотография, этнографиялық музей және ғылыми қоғамдар дәл осы жерден бастау алды.

Қаланың мәдени өмірінде Самуил Дудин сияқты саяси жер аударылғандар маңызды рөл атқарды, олардың қызметі өлкені зерттеу және дамыту ісімен тығыз байланысты болды. Солардың бірі фотостудия иесі Н.А. Чарушин еді. Ол фотографияны ғылыми қызмет саласына бағыттап, 1889 жылы Г.Н. Потаниннің Моңғолияға жасаған экспедициясына қатысып, жоғары сапалы фотосуреттер түсірді. Самуил Мартынович Дудин осы фотостудияда жұмыс істеп, тек фотосурет ісінің қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, өңірдің фотографиялық жылнамасын жасау ісіне де араласты. Кейін ол бұл материалдарды музейге тапсырады. Троицкосавск қаласына 1891 жылы Орхон өзені аңғарына В.В. Радлов келіп, ежелгі түркі руникалық ескерткіштерін зерттеу мақсатында экспедиция ұйымдастыру жұмыстарын бастап кеткен болатын. Г.Н. Потаниннің ұсынысы бойынша экспедиция құрамына суретші және фотограф ретінде С. Дудин қосылады. «Орхон экспедициясы еңбектерінің жинағының» алғашқы басылымы 1892 жылы жарық көрді. В.В. Радлов Дудиннің иллюстрациялар дайындаудағы қажырлы еңбегіне жоғары баға береді.

С. Дудиннің Орта Азияға алғашқы сапары 1893 жылы басталды. Ол Санкт-Петербург университетінің сол кездегі түлегі В.В. Бартольдпен бірге Ғылым академиясы тарапынан Шу және Іле өзендері аңғарларындағы көне ескерткіштерді зерттеуге бағытталған археологиялық экспедицияға жіберілді. Ол Ыстықкөлді айналып шығып, ескерткіштердің (қамалдар, қорымдар, петроглифтер және т.б.) орналасуы мен жағдайын тіркеуге алып, олар туралы деректер жинады. С. Дудин 1895 жылдың жаз айында Н.И. Веселовский жетекшілік еткен тарихи-архитектуралық экспедиция жұмысына қатысады. Экспедицияның басты мақсаты Самарқанд қаласындағы сәулет ескерткіштері Бибі-Ханым мешіті мен Гур-Эмир кесенесінің сызбаларын, суреттерін және фотосуреттерін жасау болды. Экспедиция басшылары С. Дудиннің еңбекқорлығын бағалап, оның атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білдіріп отырған.

С.М. Дудин 1899 жылы мамыр-маусым айларында қазақ даласына арнайы экспедицияға шықты, мұндағы басты мақсат қазақ халқының өмір салты туралы этнографиялық коллекцияларды суретке түсіру арқылы жинақтау болды. С. Дудин Ақмола, Семей және Жетісу аймақтарына баруды көздеді. Өзінің экспедиция бағытын Омбыдағы Орыс Императоры Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі қызметкерлерімен бірлесе жоспарлаған болатын. Омбыда бұл географиялық қоғам 1877 жылдан 1919 жылға дейін жұмыс істеді (кейіннен атауы өзгерді) және аймақтың ең ірі ғылыми және мәдени орталығы болды [1, 98].

Сол кездері Омбы арқылы Ресей империясының ғылыми орталықтарына қазақ мәдениетінің көптеген ұлттық құндылықтары жеткізіліп отырды.

С.М. Дудин 1899 жылы Омбыдан 400 шақырым жерде орналасқан Павлодарға жол тартты. Бұдан әрі жолдың екі нұсқасы: біріншісі – Ертістегі пошта трактісі, екіншісі – Пароходтық қатынас арқылы болды.

Сол кездің өзінде Павлодар-Баянауыл-Қарқаралы пошталық трактінің ұзындығы

С.М. Дудин. Жүн сабау. Жетісу. 1907 ж.



С.М. Дудин. Уық пен кереге жасап жатқан үйші. Семей обл. 1907 ж.



С.М. Дудин. Намаз алдында қол сүрту. Жетісу. 1907 ж.





С.М. Дудин. Домбырашы. Семей обл. 1907 ж.

356 шақырымды құрап, телеграф желісімен жабдықталған еді. Паром өткелінен кейін саздыбалшықты дала арқылы Екібастұз темір жолын кесіп өтіп, Қалқаман пошталық пунктіне жетеді. Қалқаман атауы сол жердегі емдік қасиетімен танымал тұзды Қалқаман көлімен байланысты. Қалқаманнан кейінгі бағытта Жамантұз және Қайдауыл пошталық станциялары бар. Қазақ даласының әсем табиғатымен тыныстай отырып, С. Дудин бірнеше шақырымнан кейін Баянауыл тауларының етегіндегі Қарасор бекетіне келіп жетеді. Қалқаман мен Қарасор өзендері маңын қоныстанған елді мекендерде біраз аялдап, көптеген суреттер түсірді [2, 99].

Әрі қарай жол Баянауыл тауларының шығыс беткейін бойлай, қарағайлы ну орман арасымен иреленделеп өтіп, шамамен жиырма төрт шақырымнан кейін 1826 жылы Баянауыл өлкесінде іргесі қаланған казак станицасына алып келеді. Орман алқабы асқақ гранит жоталарын айнала қоршап, табиғаттың көркем бір ғажайып келбетін айшықтай түскендей әсер қалдыратын. Бұл өңір,

сол кезеңнің өзінде-ақ әсіресе Омбы мен Павлодар шаһарларынан келген жазғы демалушыларды өзіне магниттей тартатын. Мұндағы Әулие үңгірі мен Жасыбай көліне жасалатын серуендер мен саяхаттар жұрт арасында кеңінен танымал болған. Көл жағасында ел жадында сақталған даңқты батыр Жасыбай батырдың мәңгілік мекені – қорымы орналасқан.

Сол кезеңде аталған ауылдың халық саны шамамен сегіз жүз адамды құрады. Сонымен қатар, бұл мекен Баянауыл болысының әкімшілік орталығы болған, ал сол кездегі болыс қызметін Бекжан Жортағұлов атқарған. Өңірді мекендеген қазақ жұрты өздерін сегіз болыс аумағына таралған Сүйіндік руының өкілдері ретінде танылған.

С.М. Дудиннің фотосуреттерге қалдырған жазбаларына сүйенсек, ол Шақшақ, Қызылтау, Ақпеттеу және Аққелін болыстарында болып, жергілікті болыстармен танысқан, сондай-ақ, атақты Шормановтар әулетімен және Қаныш Сәтбаевтың әкесі Имантай Сәтбайұлымен кездескен. Сонымен қатар, Саумалкөл көлінің маңында, Нияз тауларында, Ащысу және Шідерті өзендері бойында көптеген фотосуреттер түсірді [3, 100].

Аққелін болысынан шыққан С.М. Дудин Баянауыл мекеніне қайта оралып, одан әрі Сарытау, Белағаш пошталық станциялары арқылы Қарқаралы қаласына қарай бет алды. Жол бойында тау-кен өндірісі орындарымен танысып, кейін атақты Қоянды жәрмеңкесіне барады. Қазіргі Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының аумағында Талды өзенінің Қарасор көліне құяр сағасына жақын орналасқан бұл жәрмеңке ұзындығы шамамен 11 шақырым, ені 5 шақырым болатын ұсақ шоқылы, суы мол, шөбі шүйгін алқапты алып жатқан.

Ресейлік көпес Варнава Ботов 1848 жылы мамыр айында осы жерде сауда керуенін аялдатып, мал айдап келе жатқан саудагерлермен айырбас сауда жүргізген. Бұл жер Талды өзенінің құнарлы жазығы мен айналасындағы шоқылар бұл өңірді мал жаюға аса қолайлы еткендіктен, 1930 жылға дейін Сарыарқадағы ең ірі сауда орталықтарының бірі болып келді. 1899 жылы осы әйгілі сауда орталығына С.М. Дудинмен бірге Сібірге мәшһүр географ А.Н. Седельников те келген. Ол халық арасында «Далалық әмбебап дүкені» атанған осы жәрмеңкенің көрінісін айрықша әсермен сипаттап жазып қалдырды.

С.М. Дудин Қоянды жәрмеңкесінде бір аптадай болып, сол өңірдің тұрмыс-тіршілігін жіті бақылап, мол дерек жинады. Әсіресе Аққияқ, Қараағаш, Қоспа, Сарыбұлақ, Қызылкеніш өзендері құятын Талды өзені аңғарында көптеген фотосурет түсіріп, оларда табиғат көрінісі мен ел тұрмысын кеңінен бейнеледі.

С.М. Дудин 1824 жылы негізі қаланған Қарқаралы уездік қаласын да назардан тыс қалдырмады. Қарқаралының таулы орманды аңғарында орналасқан бұл қала үш бөліктен тұрады: қазақ станицасы, қалалық қоныс және қазақ-татар слободкасы деп атап өткен. С.М. Дудин түсірген бірнеше фотосуретте ағаштан салынған үйлері бар қаланың келбетін бейнелеген. Сол фотолардың ішінде Қарқаралыдағы шіркеу мен Құнанбай қажы салған мешіт ерекше көзге түседі [4, 103].

С.М. Дудин барлық сапарларында әрдайым фотохимикаттар жиынтығы бар шағын жорық жәшіктерін, өлшемі 18×24 см. Фотопластиналар мен зертханалық ыдыстарды алып жүрді. Бұл штативке орнатылатын және түсіру алдында ұзақ дайындықты қажет ететін сол уақытқа тән көлемді ауыр «қара жәшік» камералары болатын. Ол түнде міндетті түрде киіз үйде немесе өзінің жорық шатырының ішінде түсірілген кадрларды өңдейтін. Мүмкін С. Дудин фотосуреттерді өзі тоқтаған Қарқаралы сияқты елді мекендерде шығарған болар. Қарқаралының көркем табиғатына тамсана отырып, С.М. Дудин қаладан 6 шақырым қашықтықта орналасқан Пашенное көлін, Жарлы және Нұра өзендерінің аңғарларын да суретке түсірген.

С. М. Дудин 1900 жылы Парижде өткен Бүкіләлемдік көрме үшін далалы аймаққа арнайы түсірілім жүргізген жалғыз фотограф болатын. Императорлық Ресей географиялық қоғамының Омбыдағы Батыс Сібір бөлімшесі фотосурет өнерінің әуес жандарға әр жылдары түсірілген суреттерді жинақтау жөнінде ұсыныс жасаған еді. Жетісу облысының сан алуан көріністерін Верный қаласында қызмет еткен фотограф А. Лейбин түсіріп жолдап отырды, ал Жаркент уезі Жетісу аймағы бойынша саудагер Уәлихан Юлдашев өз өңірінің табиғаты мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін фотосуреттер жолдап, туған өлкені танытуға елеулі үлес қосты [5, 104].

Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі қазақ халқының күнделікті тыныс-тіршілігі, маусымдық көші-қонға (номадизмге) негізделген ерекше өмір салты саяхатшылардың назарын ерекше аударып отырды. Қазақ қоғамында қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу, аруақты қастерлеу, жыраулық

өнер мен шешендік өнер айрықша бағаланған еді.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малдың жайылымы мен су көздеріне тікелей тәуелді болғандықтан, олар жыл мезгілдеріне қарай қоныс ауыстырып отырған. Әсіресе көшпелі өмірге ыңғайлы, тез жиналатын, көлікке артып алып жүруге қолайлы, экологиялық тазалық тудырды.

С.М. Дудиннің фотосуреттері мал жайылымы, мал бағу, жүн қырқу, мал төлдету, киіз үйдің ішкі-сыртқы жабдықтары, жүн сабау, текемет тоқу, алаша басу, ши тоқу, сүт пен ет өнімдерінен тағам дайындау үдерістері сияқты көптеген этнографиялық тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, суреттерде ер адамдардың зергерлік және ұсталық өнермен айналысуы, жас ерекшеліктеріне байланысты киім үлгілері, киімдегі ою-өрнектер мен әшекейлер, қыз бала мен келін киімдерінің ерекшеліктері де кеңінен бейнеленген. Самуил Дудин 1899 жылғы экспедициясы барысында бір ғана Павлодар уезі мен Семей, Қарқаралы өңірлерінде 500-ге жуық фотосурет түсірді.

С. Дудиннің фотосуреттері ерекше шынайылығымен таң қалдырады, оның объективі баланың, ананың, қарияның, әженің, жастың – жалпы әр адамның болмыс-бітімі табиғи қалпында көрініс табады. Әсіресе оның коллекциясындағы адам бейнесін айқындайтын портреттер аса құнды мұра болып саналады.

Қазақ даласына тән тыныштық пен еркіндік, бейқамдық, табиғатпен үйлесімділік, туған жермен тамырлас терең байланыс – мұның бәрі С. Дудиннің фотосуреттерінен айқын сезіледі. Әрбір фотосуретке зер сала қараған сайын XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының шынайы өміріне сапар шеккендей әсер аласың.

Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеуде С. Дудиннің еңбектері маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Олар XX ғасырдағы ірі өзгерістерге, яғни урбанизацияға, индустрияландыруға және дәстүрлі өмір салтын өзгертуге дейінгі қазақтардың өмірі қандай болғанын түсінуге көмектеседі. С. Дудин түсірген әрбір фотосурет заманауи көрерменмен ашық диалогқа түсіп, олардың түптамыры мен мәдени жадын жаңғыртуға септігін тигізері сөссіз. Әрбір фотосурет – уақыт құжаты.

Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеуде С. Дудиннің еңбектері маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Оның фотосуреттері XX ғасырдағы урбанизация, индустрияландыру және дәстүрлі өмір салтының өзгеруіне дейінгі қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

С.М. Дудин түсірген әрбір фотосурет бүгінгі көрерменмен үнсіз сырласып, халықтың тарихи тамыры мен мәдени жадын жаңғыртуға қызмет етеді. Сондықтан әрбір фотосурет – уақыттың үнін сақтаған құнды құжат.

Әдебиеттер тізімі:

1. Попов Ю.Г. «Маршрут поездки С.М. Дудина по Казахстану в 1899 г.» «Лавровский сборник» материалдар жинағы. СПб: Музей антропологии и этнографии им. Петра Великого РАН, 2011

РЕЗЮМЕ

В статье на основе фотографий С.М. Дудина описываются быт и культура казахского народа конца XIX – начала XX веков. Определяется историко-этнографическое значение фотоснимков.

SUMMARY

The article outlines the lifestyle and culture of the Kazakh people at the turn of the 20th century, based on the photographs by S.M. Dudin. It highlights the historical and ethnographic significance of these photographic images.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰРМАЛЫ-СОҚПАЛЫ АСПАПТАРЫНЫҢ ЖАСАЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

Қуанышбай ҚАБИДЕН,
Әлеуметтік ғылымдар магистрі,
Астана қаласы әкімдігінің
«Бірлескен музейлер дирекциясы» МКҚК
Өнер музейінің бас ғылыми қызметкері
Азамат БЕЙСЕНӘЛІҰЛЫ,
Музыкалық аспап жасаушы, шебер.
Астана қаласы әкімдігінің
«Бірлескен музейлер дирекциясы» МКҚК
Өнер музейінің бас қор сақтаушысы

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан күрделі жүйе. Соның ішінде ұрмалы-соқпалы аспаптардың орны ерекше. Бұл аспаптар тек музыкалық құрал ғана емес, сонымен қатар, әскери, діни-ритуалдық және тұрмыстық қызмет атқарған. Ұрмалы аспаптардың дыбысы көбінесе ырғақтық функция атқарып, музыкалық шығарманың құрылымдық негізін қалыптастырады.

Ұлттық аспаптарды зерттеу қазіргі таңда этномузыкатану ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ұрмалы-соқпалы аспаптардың жасалу технологиясы мен қолданылу аясы арнайы қарастыруды талап етеді.

Ұрмалы-соқпалы аспаптардың түрлері

Қазақтың ұрмалы-соқпалы аспаптарының санын нақты айту әзірше қиындау. Себебі белгілі аспаптанушы ғалым Болат Сарыбаев «Қазақтың музыкалық аспаптары» атты еңбегінде ұрмалы аспаптардың небары он түрін ғана атап өткен. Бұл туралы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Төлепберлен Тоқжанов мырза «Egemen Qazaqstan» газетінде жарық көрген «Ұрмалы аспаптармен мақтана аламыз» атты мақаласында кеңінен тоқталып өтеді.

Сол материалда профессор Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясына қарасты Өнер музейінің қызметкерлері, шеберлер бүгінде ұрмалы-соқпалы, сілкімелі аспаптардың саны 23 түрге жетеді деп есептейтінін нақты атап өтеді [1]. Аспаптанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, талдау жасауға болатыны да нақты көрсетіледі. Сол материалда қазақ халқының ұрмалы-соқпалы аспаптарының 23 түрі бар екенін айтып, көпшілік қауымға ұсынған. Аталған аспаптар қатарына мыналар жатады:

1. Дабыл
2. Қол дабыл
3. Кепшік
4. Даңғыра
5. Дауылпаз
6. Дудыма
7. Дудыға
8. Шартылдақ
9. Сақпан
10. Зырылдауық
11. Сылдырмақ
12. Шың
13. Тұяқтас
14. Нар дауылпаз
15. Қоңырау
16. Күлдіреуік
17. Қос дүңкілдек
18. Шыңдабыл,
19. Дүңгіршік
20. Тоқылдақ
21. Асатаяқ
22. Аттаныс дабыл
23. Жорық дабыл [1]

Жасалу технологиясы

Ұрмалы-соқпалы аспаптардың жасалу технологиясы табиғи материалдарды тиімді пайдалануға негізделген. Негізгі материалдарға ағаш, тері, металл жатады. Аспаптың қаңқасы, әдетте, қатты ағаш түрлерінен жасалады. Мысалы, қайың, емен немесе қарағаш кеңінен қолданылған. Ағаш арнайы өңдеуден өткізіліп, мұқият кептіріледі.

Бұл аспаптың ұзақ уақыт сақталуына мүмкіндік береді [2]. Тері – дыбыс шығаратын негізгі элемент. Көбіне ешкі, сиыр немесе түйе терісі пайдаланылады. Теріні илеу, керу және кептіру процестері өте маңызды. Дыбыстың сапасы осы кезеңдердің дұрыс орындалуына тікелей байланысты. Металл бөлшектер, әсіресе асатаяқта, дыбысты байыту үшін қолданылады. Қоңыраулар мен сақиналар темірден немесе қоладан жасалады [3].

Аспап жасау үдерісі материалды таңдау, оны өңдеу мен пішіндеу, құрастыру және дыбысты реттеу сияқты бірнеше негізгі кезеңнен тұрады.

Бұл технологиялар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге дейін сақталған [3].

Қолданылу аясы

Қазақтың ұрмалы аспаптары әртүрлі салаларда қолданылған:

Әскери мақсатта (дабыл мен дауылпаз арқылы





белгі беру, жауынгерлердің рухын көтеру), ритуалдық және діни салттарда (асатаяқ бақсылық дәстүрдегі қызметі), сондай-ақ, тұрмыстық және мерекелік шараларда (халықтық ойын-сауықта, той-думанда) кеңінен қолданылған [4].

Қазіргі заманғы музыкада

Бүгінде бұл аспаптардың фольклорлық ансамбльдер мен этномузыка бағытында кеңінен қолданысқа толық ене алмай отырғанын атап өткен жөн. Соңғы жылдары өнерпаз-шеберлерден құралған «JOSHY QAZAQ NATIONAL GROUP» ұжымы бұл олқылықтың орнын толтыруға талпынып, арнайы әуендер жазып, сахналық орындаулар ұсынып келеді. Топ жетекшісі Баянды Сахарияұлы алдағы уақытта барлық ұрмалы аспаптардың үнін кеңінен танытып, олардың мүмкіндіктерін толық ашатын шығармалар жазуды мақсат етеді.

Фольклорлық ұлттық ұрмалы аспап орындаушысы, музыкант Заңғар Асқаруұлы Мубараков зерттеу барысында берген сұхбатында: «*Қазақтың болмысын, халқымыздың ішкі философиясын айшықтайтын домбыра, қобыз, сыбызғы секілді дәстүрлі аспаптардың үнімен үндес жаңа ырғақтар қалыптастыру үшін ұрмалы аспаптардың кез келгенін қолдануға мүмкіндік бар. Мұны мен жиырма жылға жуық жеке тәжірибемде дәлелдеп келемін. Себебі бұл аспаптарды ата-бабаларымыз ғасырлар бойы түрлі мақсатта қолданған. Әрбір ұрмалы аспап халықтың рухын көтеріп, бойындағы қуатын оятып, батырлыққа баулып, жаугершілік рухты күшейткен. Бұған батырлар жыры мен эпостардағы сарындар айқын дәлел*», – деп атап өтеді.

Расында да, бала кезден оқып, жаттап өскен «Қобыланды батыр» жырында:

«Қара қасқа ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген,
Алдына дабыл төңкеріп,
Артына сауыт бөктерген» – деген жолдар халық жадында әлі күнге дейін сақталған.

Ал «Алпамыс батыр» жырында:

«Даңғыра, дабыл қақтырып,
Барып түсті Алпамыс,
Қаракөз айым үйіне» – деген жолдар кездеседі [4]. Тіпті бертіндегі сал-серілеріміз Сегіз Серінің жырларында да:

«Ортаңнан Марал шықты дабыл ұрып,
Еріңдер бәрің де оған мойын бұрып» – деген жолдар кездеседі (Сегіз сері Бахрамұлы/ Қазақ әдебиеті, 2006 ж. 13.01.).

Ұрмалы-соқпалы аспаптардың тарихы мен қазіргі қызметін терең зерделеп, оларды музыка тілі арқылы заманауи сипатта үндестіру ұлттық рухтың жаңғыруына ықпал етіп, жас ұрпақтың дәстүрлі аспаптарға деген қызығушылығын арттыра түседі. Бұл өз кезегінде дәстүрлі өнердің

кәсіби сахнада жаңа қырынан танылуына жол ашады. Соның нәтижесінде ұлттық болмысымызды айқындайтын қайсар мінез бен өр рухтың қайта жандануына мүмкіндік туады.

Осыған байланысты өткеннен жеткен мәдени мұраны жүйелеп, оны заман талабына сай дамыта отырып, келер ұрпаққа аман жеткізу – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі даму үрдістері

Қазіргі уақытта қазақтың дәстүрлі аспаптары қайта жаңғырып, кәсіби сахнаға шығу үдерісі қарқын алуда. Музыкалық оқу орындарында ұлттық аспаптар оқытылып, осы бағытта ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Сонымен қатар, Азамат Бақия бастаған шеберлер 23 ұрмалы-соқпалы және сілкімелі аспапты Қазақ ұлттық консерваториясына арнайы тапсырғаны, олардың алдағы уақытта оқу үдерісіне енгізілу мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Жаңа буынды арнайы білім негізінде тәрбиелеу – ғылым мен білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі.

Ұлттық ұрмалы аспап орындаушысы, белгілі музыкант Заңғар Мубараковтың шығармашылығындағы жаңашыл леп пен ерекше қоңыр ырғақ ұрмалы аспаптар үнінің сақталуына және дамуына ықпал ететін маңызды құбылыс десе болады. Бұл үрдіс қазақ музыкалық аспаптарының эволюциясындағы айрықша кезең ретінде бағаланады. Сонымен қатар, шеберлер дәстүрлі технологияларды сақтай отырып, жаңа материалдар мен әдістерді де тиімді қолданып келеді, бұл аспаптардың сапасын арттырып, оларды заманауи талаптарға бейімдеуге мүмкіндік береді. Ұлттық аспаптарды халықаралық деңгейде таныту және кеңінен насихаттау – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Этнофестивальдер мен концерттер аясында қазақтың ұрмалы аспаптарын кеңінен таныстыру – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі екені сөзсіз.

Қорытынды. Қазақтың ұрмалы-соқпалы аспаптары ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың жасалу технологиясы табиғи материалдарға негізделген және ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибені қамтиды. Ал қолданылу аясы кең әрі көпқырлы [6].

Бұл аспаптарды зерттеу тек музыкалық тұрғыдан ғана емес, тарихи және мәдени тұрғыдан да маңызды. Болашақта оларды сақтау, дамыту және насихаттау – келешектегі маңызды міндеттердің бірі [7].

Дереккөздер мен әдебиеттер:

1. https://admin.egemen.kz/article/398055-urmaly-aspaptarmen-maqtana-alamyz

2. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Б. Сарыбаев. Казахские музыкальные инструменты. По ред. А. Онгарулы. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2019. – 352 б.

3. Б. Сарыбаев. Казахские музыкальные инстурменты. – Алма-Ата «Жалын», 1978. С. 176.

4. Жәкішева З. С. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары. – Алматы: Алматыкітап, 2015.

5. Әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары: монография/С. Медеубекұлы. 3-бас. – Алматы. Қазақ университеті, 2024. – 332 б.

6. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Альбом. Алматы, «Жалын», 1978.

7. Сарыбаев Б. Ғылым мұрасы. – Алматы: ТҰРКСОЙ, 2019.

РЕЗЮМЕ

В данной статье приводится общий обзор видов казахских народных ударных музыкальных инструментов и технологии их изготовления, а также рассматривается и описывается сфера их традиционного и современного применения в сравнительном аспекте.

SUMMARY

This paper reviews the various types of Kazakh traditional percussion instruments and their production technologies, providing a comparative analysis of their historical and contemporary applications.

ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕР

БАСҚҰР – КЕҢІСТІКТІ БІРІКТІРГЕН МӘДЕНИ КОД

Дилорам ТАУАСАРОВА,
«Ұлы Дала Елі»
орталығының қызметкері



Адамзат мәдениетінің тарихында тұрмыс заттары тек күнделікті қажеттілікті өтейтін құрал ғана емес, халықтың дүниетанымы мен эстетикалық талғамын бейнелейтін көркем нышанға айналады. Көшпелі өркениет жағдайында қалыптасқан қазақ мәдениетіндегі мұндай заттардың бірі – басқұр. Басқұр деген не?

Басқұр – қазақтың дәстүрлі киіз үйінің ішкі құрылымын бекітіп, сәнін келтіретін өрнекті бау. Ол керегенің жоғарғы бөлігін айнала оралып, киіз үйдің барлық ағаш бөліктерін біріктіріп тұрады.

Басқұр тек құрылымдық қызмет атқарып қана қоймай, көшпелі халықтың эстетикалық талғамын, дүниетанымын және шеберлігін көрсететін маңызды сәндік элемент болып саналады. Ғасырлар бойы қазақ шеберлері жүннен иірілген жіптерді табиғи бояулармен бояп, түрлі-үсті өрнектер арқылы басқұр тоқып келген. Әрбір басқұр – қолөнер шеберінің еңбегі мен талғамының жемісі. Басқұрдағы ою-өрнектер тек сәндік мақсатта ғана қолданылмайды. Олар халықтың өмірге деген көзқарасын, табиғатпен байланысын және рухани құндылықтарын білдіреді. Мысалы, қошқармүйіз – молшылық пен берекенің белгісі, түйетабан – күш пен төзімділіктің символы, су өрнегі – өмір мен қозғалыстың белгісі. Бұл өрнектер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазақ халқының мәдени кодын сақтап келеді. Басқұр тоқу – ерекше шеберлікті қажет ететін күрделі процесс. Алдымен жүн өңделіп, жіп иіріледі. Кейін табиғи бояулармен боялып, арнайы тоқу әдістері арқылы өрнек салынады. Әрбір жіптің орналасуы мен түс үйлесімі мұқият ойластырылып, нәтижесінде үйлесімді композиция пайда болады.

Бұл өнер қазақтың қолөнер дәстүрінің маңызды бөлігі болып саналады және бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан емес. Бүгінде басқұр өрнектері заманауи дизайнда, интерьерде, сән индустриясында және көркем өнерде жаңа сипатқа ие болуда. Дизайнерлер мен суретшілер басқұрдың дәстүрлі элементтерін қайта жаңғыртып, ұлттық мұраны қазіргі мәдени кеңістікке енгізіп келеді. Осылайша, басқұр – өткен мен бүгінді байланыстыратын мәдени көпір. Оның құрылымдық қызметі киіз үйдің беріктігін қамтамасыз етсе, ал өрнектері арқылы халықтың табиғатқа, өмірге және әлемге деген көзқарасын бейнелейді.

Сондықтан басқұрды тек тұрмыстық бұйым ретінде емес, көшпелі мәдениеттің архитектуралық, көркемдік және символдық жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Осы тұрғыдан алғанда, басқұр дәстүрлі қолөнер мен мәдени кодты сақтап қана қоймай, қазіргі заманғы өнер мен дизайнда жаңа мағынаға ие болып отырған құнды мәдени мұра болып табылады.

Басқұр қазақ мәдениетіне тән ерекше элемент болғанымен, оның функциясы мен көркемдік сипатына ұқсас бұйымдар басқа көшпелі және дәстүрлі мәдениеттерде де кездеседі. Бұл құбылыс әлем халықтарының тұрмысында функционалдық бұйымдардың көркемдік мәнге ие болатынын көрсетеді. Мысалы, қырғыз мәдениетінде киіз үйдің ішкі бөлігін сәндеуде қолданылатын «терме боо» немесе өрнекті баулар бар. Олар да басқұр сияқты киіз үйдің құрылымдық бөліктерін бекітіп, түрлі-түсті өрнектер арқылы үй ішінің көркемдік келбетін әсемдей түседі.

Өзбек және түркімен қолөнерінде кездесетін кілемдік өрнекті баулар да тұрмыстық зат пен сәндік элементтің бірлігін көрсетеді. Ал моңғол халқы «гер» деп аталатын дәстүрлі үйінде ағаш құрылымды біріктіріп тұратын сәндік белдеулер



қолданылады. Бұл элементтер де құрылымдық қызметпен қатар символдық және эстетикалық мәнге ие. Егер кеңірек қарастырсақ, мұндай мәдени параллельдерді әлемнің басқа аймақтарынан да көруге болады. Мысалы, Орталық Азия кілем өнеріндегі өрнекті белдеулер немесе Таяу Шығыс пен Кавказ халықтарының тоқылған сәндік баулары тұрмыстық заттардың көркемдік тілге айналғанын дәлелдейді. Бұл ұқсастықтар басқұрдың тек ұлттық қолөнер бұйымы ғана емес, көшпелі және дәстүрлі мәдениеттерге ортақ архитектуралық-декоративтік құбылыстың бір көрінісі екенін көрсетеді.

Бүгінде басқұр өнеріне деген қызығушылық артып, ол музейлік және көрме кеңістігінде кеңінен таныстырылып келеді. Соның бірі – «Ұлы Дала Елі» орталығында ұйымдастырылған «Басқұр – дәстүр мен өрнектің эволюциясы» көрмесі. Бұл көрме келушілерге басқұрдың тарихи маңызын, оның өрнектеріндегі символдық мәнді және қазақ қолөнеріндегі орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Экспозицияда дәстүрлі басқұр үлгілерімен қатар заманауи дизайнерлер мен суретшілердің интерпретациялары ұсынылып, ұлттық қолөнердің бүгінгі мәдени кеңістіктегі жаңа қырлары көрсетіледі. Көрме дәстүр мен қазіргі өнердің тоғысқан тұсын айқындап, басқұрдың мәдени мұра ретінде өміршеңдігін дәлелдеді. «Басқұр – дәстүр мен өрнектің эволюциясы» көрмесі келушілерге басқұрдың тарихын, өрнек мағынасын және оның заманауи өнердегі орнын таныстыру мақсатында ұйымдастырылды, осы арқылы музей қорында сақталған бірегей басқұр үлгілері көпшілік назарына ұсынылды. Экспозицияда басқұрлар аймақтық, тоқылу тәсілі, өлшемдік және өрнектік ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, олардың қазақ қолөнеріндегі алуан түрлілігі мен көркемдік байлығы көрсетілді. Көрме арқылы келушілер қазақ қолөнерінің терең мағынасын түсініп, дәстүр мен шығармашылықтың үйлесімін сезіне алады.

Көрме бірнеше бөлімге бөлінді. «Өрнектің тілі» танымдық бөлім келушілерді басқұрдың ежелгі әлеміне жетелейді. Мұнда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан сақталған ең көне басқұр үлгілері ұсынылған. Арқа, Жетісу, Сыр бойы сияқты әр өңірге тән ерекшеліктер экспонаттар арқылы салыстырмалы түрде көрсетілді. Әрбір ою-өрнек тек әшекей емес, бұл – ежелгі халықтың ойы мен дүниетанымын бейнелейтін көрнекі тіл.

«Шебердің қолы» бөлімінде қолөнердің технологиялық қырлары ашылды. Келушілер жүн иіру құралдары – ұршық, иік, өрмек станогын көре алды. Табиғи бояулар жасау үшін қолданылатын күркетамыр мен рауғаш сияқты өсімдіктер гербарийі де ұсынылды.

Шеберлік сыныбы алаңында келушілер қарапайым тоқу әдістерін пайдаланып, білезік тоқып көру мүмкіндігіне ие болады. Мұнда өнер тек көрініс емес, сезім мен тәжірибемен ұштасқан үдеріс ретінде танылды.

«Басқұрлы киіз үй» этнографиялық бөлімі келушілерді қазақтың дәстүрлі тұрмыс ортасына жетелейді. Жабдықталған шағын киіз үйде басқұрлар үйлесімді түрде орналастырылып, жүкаяқ, сандық, кебеже де дәстүрлі орнында тұр. Келушілер киіз үйдегі заттардың символдық мәнін сезінеді: басқұр – тек ою емес, ол халықтың табиғатпен үйлесімінің айнасы.

«Заманауи басқұр» арт-бөлімі дәстүрлі өрнектің қазіргі замандағы өміршеңдігін паш етеді. Мұнда сәнгерлердің киімдерінде, интерьер заттарында басқұр өрнектері көрініс табады: жастықтар, суреттер, жиһаз дизайны. Сондай-ақ, графика мен кескіндемеде басқұр бейнесі жаңа, заманауи эстетикамен жаңғырады. «Басқұр толқыны» инсталляциясы көрерменге ерекше әсер сыйлайды.

Төбеден ілінген жүздеген түрлі-түсті жіптер басқұрдың шашақтарын бейнелейді. Келушілер олардың аралап жүріп, басқұрдың жіптен басталатын тарихын

білетін болады. Мұнда жіпті туннельдер арқылы басқұрдың тек визуалды ғана емес, кеңістікте де өмір сүретін формасы айқын көрінеді.

Көрменің жалпы экспозициясында қошқар мүйіз, түйетабан, су өрнегі, геометриялық басқұр оюлары визуалды тіл ретінде ұсынылған. Әрбір өрнек – халықтың ойы мен арманының көркем бейнеге айналған нышаны, тарих пен мәдениет арасындағы көпір. Бұл көрме тек өнерді тамашалау емес, сонымен бірге тарихты сезініп, дәстүрмен үйлесіп, қазіргі заманға қосылу мүмкіндігін береді. Басқұр – өткен мен бүгінді, қолөнер мен өнерді, табиғат пен адам болмысын байланыстаратын көркем нышан.

Басқұр – құрылым – киіз үйді ұстап тұрған элемент.

Басқұр – тіл – өрнектер арқылы берілген мағына.

Басқұр – болашақ – дәстүрдің заманауи дизайні мен өнері.

Басқұр – сән ғана емес, архитектура.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются историческое, художественное и символическое значение баскура, а также определяется его место в традиционном ремесле казахов. Кроме того, раскрывается важность баскура как культурного феномена, связывающего прошлое и настоящее.

SUMMARY

This paper explores the historical, artistic, and symbolic meaning of the baskur, establishing its position within traditional Kazakh handicraft. Furthermore, it elucidates the significance of the baskur as a cultural phenomenon that serves as a link between the past and the present.

БОЙТҰМАР – РУХАНИ ҚОРҒАУШЫ

Эльмира ИБРАГИМОВА,
Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі
Этнография және табиғат ғылыми-зерттеуді
қамтамасыз ету бөлімінің маманы



Ата-бабаларымыз ертеде қорғаныш қызмет атқаратын тұмар ретінде туған жердің топырағы, тас қиыршықтары, ұлутас, үкі қауырсыны мен тұяғы, қасқырдың азу тісі, киіктің бақайшағы, қойдың асығы сияқты заттар пайдаланған. Қолөнер дами келе осындай қасиетті заттарды ағаш, сүйек, металл сияқты заттардан да ойып, құйып жасаған.

Сондай қасиетті бұйымдардың бірі – алқа (бозбанд). Алқа – қазақ әйелдерінің мойнына, кеудеге сәндікке тағатын дәстүрлі зергерлік бұйымдарының бірі. Бозбанд – алқаның көне атауы. Яғни, бұл сөз «алқа» ұғымымен мәндес және қазіргі қазақ тілінде сирек қолданылып, көнерген сөздер қатарына жатады. Алқа кейде моншақтай тізілген асыл тастардан, кейде алтын-күмістен соғылады. Бетіне асыл тас қондырылып, ою-өрнектеліп, салпыншақты етіп жасалып, бір-бірімен шығыршық арқылы жалғасады. Кейбір алқа түрлерінің атаулары көнерген сөздер қатарына жатады: әйкел, дан алқа, ділда алқа, қола алқа, жақұт алқа, өнжорға, сары алқа, бойтұмар алқа, т.б. тәрізді әшекейлер бүгінде көпшілікке беймәлім.

Әйкел – алтын мен күмістен жасалған металл әшекейдің көне атауы. Олардың кейбір түрлері зерлі матаға асыл тас, күміс тиындар қадап, сол иықтың үстінен асынатын, кеудені орай келіп қолтық астынан түймеленетін етіп жасалады. Оны қыздар таққан. Бойтұмар алқа – тұмарлы алқа, әшекейленген тұмардың өзі. Дан алқа – ертеде жоғары лауазымды адамдардың мойнына тағылатын медальон тәрізді әшекей бұйым. Ділда алқа – алтыннан соғылған немесе алтынмен әшекейленген алқа түрі. Қазақ тілінде қолданылатын ділда, ділде, ділдә,

тіллә атаулары «алтын» мағынасын білдіреді және парсы-тәжік тілдерінен енген. Жақұт алқа – жақұт тасы қондырылған алқа түрі. Зер шашақты алқа – салпыншағы мол, бірнеше шашақтан тұратын сәнді бұйым. Сары алқа – алтыннан жасалған алқа. Шұбыртпа алқа – күміс шынжырлармен жалғасқан көп салпыншақты әшекей. Қозалы алқа – шар тәрізді сылдырмақтармен безендірілген түрі. Қос алқа – алтын немесе күмістен екі қатар етіп жасалған алқа. Қос тақта алқа – төртбұрышты тақташалардан құралған өңіржиек үлгісіндегі бұйым. Сонымен қатар, лағыл алқа (лағыл тасы бар), маржан алқа (маржан тасты), меруерт алқа (меруерттен жасалған) сияқты түрлері де кеңінен белгілі.

Омырауша – алқаның, өңіржиектің жергілікті аты. Өнжорға – алтын мен күмістен жасалған алқаның ертеректегі көне атауы. Бұрын алқаға қоса шолпы да өнжорға атауымен белгілі болған. Көне наным-сенімдердің сарқыншағы болып табылатын бойтұмарлар әшекейлік қызметімен қатар қорғаушы қызметін де атқарған [1, 239 б.].

Қазақ халқының бай мәдени ұлттық мұрасында ерекше орын алатын бойтұмар – ата-бабаларымыздың дүниетанымының, сенімі мен өмір салтының ажырамас бөлігі болған. Бойтұмар – тіл-көзден, пәле-жаладан, зұлым ниеттен қорғайтын, дұға, аят, қасиетті кітаптардан алынған сөздер жазылған қағазды сақтайтын құты қалта. Ол – тек әшекей ғана емес, адам жанын, тәнін түрлі жамандықтан қорғайтын рухани қалқан ретінде



танылған қасиетті бұйым [2, 687 б.]. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқы үшін қауіп-қатер әрдайым қатар жүрген. Сондықтан олар тек қарумен ғана емес, рухани сенім арқылы да қорғануды маңызды деп санаған. Бойтұмар осы қажеттіліктен туындаған.

Бойтұмар сөзінің этимологиясы «бой» және «тұмар» деген сөздерінің бірігуінен шыққан. Яғни, адамның бойында сақталатын, қорғаушы күшке ие қастерлі зат деген мағынаны білдіреді. Ежелден ерлер де, әйелдер де табиғаттың тылсым күштеріне сеніп, өздерін жамандықтан, тіл-көзден, түрлі аурулар мен пәле-жаладан қорғау үшін мойындарына бойтұмар таққан.

Зергерлер бойтұмар немесе тұмарлардың сыртын өрнектеп, түрлі әдіс-тәсілдермен, әртүрлі пішінде және мазмұнда жасаған. Ең кең тараған түрлері – үшбұрышты тұмарлар. Олар көбінесе былғарыдан немесе матадан жасалып, ішіне дұға немесе қасиетті сөздерді жазып, салған. Бойтұмарды алқа ретінде де тағатын болған. Металл бойтұмарлар күмістен жасалып, ою-өрнекпен безендірілген. Табиғи материалдан жасалған тұмарларға тіс, сүйек, тас секілді заттар қолданылған. Әрбір бойтұмардың өзіндік мәні мен қорғаныштық күші бар деп есептелінген.

Тұмардың бірнеше түрі бар: қиық тұмар – сәндік мақсатта мойынға тағылатын жылтыр заттардан жасалған бұйым; лағыл тұмар – лағыл таспен безендірілген түрі; сіркелкі қолтық тұмар – бетіне сіркелеп өрнек салынған тұмар; алтын тұмар – алтын жалатылған немесе алтынмен әшекейленген нұсқа; жастық тұмар – түсті металдан жасалған төртбұрышты көркем бұйым. Сонымен қатар бойтұмардың «тұмарша» деп аталатын түрі де кездеседі. Тұмаршаны шебер зергерлер бұрыштап немесе жұмыр түтікше пішінінде күмістен жасап, оны мойынға тағуға арналған әсем баумен толықтырған. Тұмаршаның қасиетіне сенген халық оны күмістен соқтырып, сыртын әртүрлі зермен өрнектеп, кейде алтынмен аптаған. Сонымен қатар, өңіржиек, сырға, тұмар сияқты әшекей бұйымдарға салпыншақ элементтер тағылған [2, 687 б.].

Бойтұмар – адам сенімінің көрінісі болып табылатын сакралды бұйым. Ол адамға күш-қуат беріп, сенім ұялатып, қорқынышты жеңуге көмектеседі деп саналған. Әсіресе балаларға тағылатын бойтұмарлар олардың амандығын сақтауда маңызды рөл атқарған. Шошып оянатын немесе ұйқысы бұзылатын адамдардың киімінің көзге көрінбейтін тұсына, яғни жағасының астына

немесе қолтық тұсына тігіліп, кей жағдайда мойынға баумен тағылған.

Бойтұмарға адам денесіндегі ауру-сырқауды аластайтын, тіл-көзден, дуадан қорғайтын, сондай-ақ, жағымсыз ниет пен тілектен үй ішін тазартуға және отбасы бірлігін нығайтуға ықпал ететін қасиеттер тән деп есептелген [1, 239 б.]. Сонымен қатар, жорыққа шыққан батырларды жау оғынан аман сақтауға сеп болғаны жөнінде аңыздар мен тағылымды әңгімелер халық арасында кең таралған. Сондай-ақ, бойтұмар адам мен рухани әлем арасындағы байланысты білдіретін белгі ретінде қарастырылған. Ол тек сыртқы қауіп-қатерден ғана емес, адамның ішкі күйзелісі мен қорқынышынан да қорғайды деген түсінік қалыптасқан.

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында да бірқатар бойтұмар үлгілері сақталған. Олар халқымыздың ежелгі наным-сенімдері мен дүниетанымынан сыр шертетін құнды жәдігерлер қатарына жатады. Әрбір бойтұмардың өзіндік жасалу тәсілі мен мән-мағынасы бар. Бұл бұйымдар ата-бабаларымыздың ұлттық мұрасын тереңірек танып-білуге мүмкіндік береді.



Аталған бойтұмар түтік тәрізді бөліктен және қозғалмалы төрт салпыншақтан тұрады (АОТӨМ қоры, НҚ 14643). Ортасындағы дұға салуға арналған қақпақты түтікше ширатпа әдісімен жасалған. Екі бүйірі сүйірленіп, шынжыр арқылы мойынға тағуға бейімделген. Бұйым 916 сынамалы күмістен соғылған. Ұзындығы – 44 см, қалыңдығы – 2 см, салмағы – 67 г. Салпыншақтарының төртеуі де әртүрлі пішінде жасалған: екеуі шар тәрізді, екеуі жебе тәрізді [1, 244 б.]. Бұл бойтұмар Қызылорда облысы, Арал қаласының тұрғыны Кульмамбетов Құдайбергеннің зергер әкесінің қолынан шыққан. Жәдігерді музей қорына әке жолын жалғастырған зергер, мүсінші Құдайберген тапсырған [3].



Келесі бойтұмар – төртқырлы пішінде жасалған, ортасындағы қас бөлігі шығыңқы етіп өңделген (АОТӨМ қоры, НҚ 15239). Мойынға тағуға арналған шынжырдың ортасына 1916 жылғы «20» және «10» тиындық сегіз күміс теңге, ал төменгі бөлігіне 1908 жылғы «15» тиындық сегіз күміс теңге қондырылған. Бұйым 500 сынамалы күмістен жасалған. Ұзындығы – 52 см, салмағы – 212 г [1, 246 б.]. Аталған жәдігер музей қорына Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғыны Дәулетов Амангелді тапсырған [3].



Негізгі бөлігі төртқырлы қорапша пішінінде жасалған бойтұмардың (АОТӨМ қоры, НҚ 20951) беткі жағына қызыл түсті ірі асыл тас қондырылған. Оның айналасы ұсақ көгілдір (бирюза) және қызыл түсті, жалпы саны 23 дана тастармен әшекейленген. Жоғарғы бөлігі шынжырлармен жалғасып, төменгі жағы ұсақ салпыншақтармен көмкерілген. Салпыншақтар қозғалған кезде сыңғырлаған нәзік дыбыс шығарып, зұлым күштерді үркітеді деген наным болған. Бойтұмардың негізгі бөлігі екі жағынан топса арқылы ашылып-жабылады. Шынжыр ұзындығы – 28 см, бұйымның ені – 11,5 см, биіктігі – 7 см, салпыншақтарының ұзындығы – 3 см, жалпы салмағы – 192 г. Негізгі бөлігі мен салпыншақтары 875 сынамалы күмістен, ал шар тәрізді тізбектері

550 сынамалы күмістен жасалған [1, 248 б.]. Аталған жәдігерді әжесінен мұра болып қалған алқа ретінде музей қорына Атырау облысы Қызылқоға ауданының тумасы Анар Есембаева тапсырған.



Бойтұмар (АОТӨМ қорынан, НҚ 21829) – түтік тәріздес бөліктен, екі шеті күмбезді қақпақтан және

8 тізбекті, шар тәрізді қуыс аспалар бекітілген шынжырлы салпыншақтан тұрады. Негізгі бөлігі – қуыс, түтікше формалы тұмарша, яғни ішіне дұға салуға арналған қаптама. Құрастырмалы конус тәрізді екі шетіне дәнді өрнек оймыштала салынған. Бойтұмардың үстіңгі жағынан екі ілмек орнатылып, мойынға тағу үшін шынжыр бекітілген. Шынжыр ұзындығы – 30 см, бойтұмар ені – 11 см, салмағы – 103,4 гр. Материалы – 875 сынамалы күміс [1, 250 б.]. Негізгі

бөлігінің бетіне зергерлік ою-өрнек түрінде нәзік бедерлер жүргізілген. Көп жылдар бойы жинаған коллекциясына тиесілі зергерлік бұйым – шамамен XIX-XX ғасырларда жасалған бойтұмарды музей қорына Қызылорда облысының тұрғыны, қолөнер шебері, коллекционер Берік Әлібай тапсырған [3].



Берік Әлібай коллекциясынан алынған тағы бір бойтұмардың (АОТӨМ қорынан, НҚ 21830) негізгі бөлігі – цилиндр пішінді, қос қапталы сүйірлене келген құрастырмалы конус. Бойтұмардың үстіңгі жағынан екі ілмек орнатылып, мойынға тағу үшін шынжыр бекітілген. Төменгі бөлігінен 6 салпыншақ шынжыр тарамдалып түскен. Әр салпыншақ ұшында конус тәрізді, қырлы әшекей элементтері бекітілген. Негізгі бөлігінің беткі бедерлерінде қазақ зергерлік өнеріне тән ширата өрілген және ирек толқынды өрнектер айқын көрінеді. Шынжыры жіңішке әрі берік металл буындардан құралған. Шынжыр ұзындығы – 20 см, бойтұмар ені – 10 см, салмағы – 77,36 гр. Материалы – 875 сынамалы күміс [1, 252 б.].



Берілген бойтұмардың негізгі бөлігі – іші қуыс, ортасы ашылмалы түтікше (АОТӨМ қорынан, НҚ 21903). Түтікшенің екі шеті күмбез тәрізді қақпақтармен бекітілген. Қақпақтарының ортасына көгілдір түсті тас қондырылған. Төменгі бөлігінде бір ірі және одан кішілеу екі үшбұрышты элемент және 11 дана жіңішке, жапырақ пішінді және 4 дана монета тәрізді салпыншақтар бекітілген. Бойтұмар өру әдісімен жасалған күміс шынжырға тағылған. Шынжыр ұзындығы – 23 см, бойтұмар ені – 16 см, салмағы – 153,3 гр [1, 254 б.]. Цилиндр пішінді негізгі бөлігі 916 сынамалы күмістен, шынжыры мен үшбұрышты салпыншақтары 750 сынамалы күмістен, ал дөңгелек және жапырақ тәрізді салпыншақтары 916 сынамалы күмістен жасалған. Бұл бұйымды музей қорына Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғыны, зергерлік бұйымдар коллекционері Гүлнар Дүйсенбекқызы тапсырған [3].

Музей қорындағы бойтұмарлардың басым бөлігі күмістен жасалған, бұл металдың зергерлік бұйымдар жасаудағы артықшылықтарын айқын көрсетеді. Аталған үлгілердің көпшілігі XIX– XX ғасырларға тән болып, сол кезеңде кеңінен қолданыста болған. Күміс – жұмсақ, иілгіш әрі өңдеуге қолайлы металл болғандықтан, зергерлер оны әшекей бұйымдар жасауда тиімді пайдаланған. Әсіресе бойтұмар дайындауда күміс нәзік өрнектер мен күрделі ою-өрнектерді дәл әрі шебер орындауға мүмкіндік берген.

Күмістің табиғи жылтыры мен эстетикалық тартымдылығы бұйымға ерекше сәндік сипат береді. Сонымен қатар, күміс ежелден тазалық пен пәктіктің нышаны ретінде жоғары бағаланған. Қазақ халқы оның тек сәндік емес, қорғаныш қасиеті бар деп сенген. Халықтық түсінік бойынша күмістің зиянды микроағзаларды жоятын қасиеті бар деген көзқарас кең таралған. Осыған байланысты күмістен жасалған әшекейлердің маңызы тек эстетикалық тұрғыдан ғана емес, рухани-мәдени тұрғыдан да айрықша мәнге ие. Жалпы алғанда, күміс – әшекей бұйымдар жасауға қолайлы әрі құнды металл.

Бүгінде бойтұмар өзінің бастапқы мәнін толық жоғалтқан жоқ. Қазіргі уақытта ол ұлттық нақыштағы әшекей ретінде де, рухани символ ретінде де қолданылады. Кейбір адамдар оны сән үшін тақса, енді бірі әлі де оның қорғаныш қасиетіне сенеді. Сонымен қатар, бойтұмар қазақ мәдениеті мен ұлттық құндылығымызды айқын танытатын маңызды элементтердің бірі ретінде туризм мен қолөнер саласында кеңінен насихатталуда. Заманауи қоғамда бойтұмардың мәні мен маңызы жойылған жоқ.

Ол әлі де адамға рухани күш беретін, жамандықтан қорғайтын әрі ата-баба дәстүрімен байланыстыратын құнды нышан ретінде сақталып отыр. Бұл – дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесім табуының айқын көрінісі. Осыған байланысты бойтұмар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлттық мұра ретінде өзінің мәнін жоғалтпай, қазіргі тұрмыста да жаңа сипатта қолданылуда.

Дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. «Зергерлік бұйымдар коллекциясы» ғылыми каталогы. Түрлі түсті суретті қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай тілдерінде жазылған. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі. Шығаруға жауапты Рашида Харипова. «Балауса» баспасы. – Алматы, 2020 жыл.

2. Қазақтың этнографиялық категориялар,

ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі. ҚР Мемлекеттік орталық музейі. Нұрсан Әлімбай және авторлар. «Алем Даму Интеграция» ЖШС. – Алматы, 2017 жыл.

3. Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қорындағы тұрақты қабылдау актілерінен алынған мәліметтер.

Қысқартылған сөздер:

АОТӨМ – Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

НҚ – негізгі қор

см – сантиметр

гр – грамм

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются место бойтумара (амулета) в духовной культуре казахского народа и его защитное значение. Также описываются особенности образцов бойтумаров из фондов Атырауского областного историко-краеведческого музея.

SUMMARY

The article examines the role and protective significance of the boytumar (amulet) in the spiritual culture of the Kazakh people. It also describes the features of the boytumars from the collection of the Atyrau Regional Museum of History and Local Lore.

КӨНЕ АСПАПТАР СЫРЫ

Қуанышбай ҚАБИДЕН,
Әлеуметтік ғылымдар магистрі,
Астана қаласы әкімдігінің
«Бірлескен музейлер дирекциясы» МКҚК
Өнер музейінің бас ғылыми қызметкері

Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеу – қазіргі ғылым үшін өзекті бағыттардың бірі. Бұл салада отандық және шетелдік музыкатанушы, аспаптанушы ғалымдар тарапынан жүйелі зерттеулер жүргізіліп, құнды ғылыми еңбектер жарық көрген. Осы зерттеулерге сүйене отырып, қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарының тарихын тас дәуірінен бастап, неолит, қола дәуірі, көне түркі және қыпшақ кезеңдері арқылы орта ғасырларға дейін жалғастыруға болады [1].

Музыкалық аспаптар жөніндегі деректер шығыс ғұламаларының еңбектерінде де кездеседі. Атап айтқанда, Ибн Сина, Әбу Насыр әл-Фараби, Абдурахман Жәми еңбектерінде аспаптардың құрылысы мен қолданылуына қатысты маңызды мәліметтер берілген. XIII–XVII ғасырларда қазақ даласына келген Марко Поло, И.Г. Георгий, П. Паллас, Г.Ф. Миллер сияқты саяхатшылар жазбаларында қазақ халқының музыкалық мәдениеті туралы құнды деректер сақталған. XVIII – XIX ғасырларда қазақ даласын зерттеген В.В. Радлов, Р.А. Пфенниг, Б.Ф. Залесский, А.Ф. Эйхгорн, Н.Ф. Финдейзен, Г.Н. Потанин еңбектерінде халықтың ән-күй дәстүрі жан-жақты сипатталған. Ал Шоқан Уәлиханов пен Әбубәкір Диваев зерттеулері ұлттық мәдениетті ғылыми тұрғыдан тануға үлкен үлес қосты [1].

Қазақтың ұрмалы-соқпалы аспаптары ежелден халықтың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты болған. Олар тек музыкалық құрал емес, сонымен қатар, олар арқылы ақпарат жиі жеткізілген.

Азия халықтарының музыкалық мәдениетіне тән ерекшеліктердің бірі – ұрмалы аспаптардың көптүрлілігі. Мұндай аспаптар өзбек, ұйғыр, әзербайжан, қалмақ, моңғол халықтарында да кең таралған. Бұл олардың ортақ мәдени-тарихи байланысын көрсетеді [3].

Қазақ қоғамында ұрмалы аспаптар халықты жиналысқа шақыру, аңшылыққа шығу, көш-қон туралы хабар беру сияқты маңызды әрекеттерді жүзеге асыру құралы ретінде қызмет атқарған. Сонымен қатар, олар әскери мақсатта да кеңінен қолданылып, жауынгерлерді жорыққа шақыру, шайқас барысында белгі беру және рух көтеру қызметтерін орындаған. Бұл құбылыстар «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты эпостарда да көрініс тауып жатады.

Ұрмалы-соқпалы аспаптардың негізгі қызметі – ырғақтық және сигналдық функцияны атқару. Олардың дыбыстық ерекшеліктеріне байланысты қолданылу аясы да әртүрлі болған. Кейбір аспаптар қатты әрі анық дыбыс шығару арқылы белгі беру қызметін атқарса, енді біреулері діни және салттық рәсімдерде қолданылған. Мысалы, асатаяқ бақсылық дәстүрде маңызды орын алған. Оның

дыбысы арқылы рухтармен байланыс орнатылады деп есептелген. Ұрмалы аспаптардың қоғамдағы рөлі уақыт өте келе өзгеріске ұшырады.

Олардың бастапқы сигналдық қызметі біртіндеп жойылып, қолданылу аясы тарылды. Соның салдарынан дабыл, даңғыра, кепшік, дауылпаз, шыңдауыл сияқты аспаптар күнделікті тұрмыстан ығыса бастады [3].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ұлттық музыкалық аспаптарды қайта жаңғырту үрдісі жандана түсті. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ұмыт болған көптеген аспаптар ғылыми айналымға енгізілді. Ғалым Гүлфайруз Далбағай өз еңбегінде 1973 жылы жарық көрген «Атлас музыкальных инструментов народов СССР» зерттеуіне сүйене отырып, қазақ аспаптарының бірқатарының уақыт өте келе ұмыт қалғанын атап көрсетеді [2]. Қазіргі таңда ұлттық аспаптарды зерттеу мен қалпына келтіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Астана қаласындағы Өнер музейі жанындағы Болат Сарыбаев атындағы ғылыми-зертханалық шеберханада қазақтың ұрмалы-соқпалы аспаптарының 23 түрін қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Жаңғыртылған аспаптар тәжірибелік тұрғыда зерттеліп, олардың дыбыстық мүмкіндіктері жетілдірілуде. Осындай игі жұмыстарды жауапкершілікпен ұйымдастырып, өнерпаздар мен шеберлердің басын қосып, ел мәдениетінің дамуына тамшыдай үлесін қосып жүрген Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясы» МКҚК директорның орынбасары, Өнер музейі басшысы Баянды Сахарияұлының, Музейдің бас қор сақтаушысы, өнерпаз-шебер Азамат Бақияның еңбектері атап өтуге лайық.

Бұл жұмыстар қазақтың аспаптанушы ғалымдарының зерттеулеріне негізделген. Олардың еңбектерінде қазақ музыкалық аспаптарының жіктелуі мен сипаттамасы кеңінен берілген. Ғалымдар ұрмалы аспаптардың біртіндеп қолданыстан шығып қалғанын көрсетеді [3].

Бүгінгі таңда ұрмалы-соқпалы аспаптар фольклорлық ансамбльдер мен оркестрлер құрамында қайта қолданысқа еніп отыр. Олардың ұлттық музыкалық мәдениетті жаңғыртуда үлесі зор. Музыкалық аспаптарды жетілдіру ісі орындаушылық өнердің дамуымен тығыз байланысты.

Осы еңбектердің арқасында бүгінде Ұлттық аспаптар музей экспозицияларында сақталып, ғылыми және мәдени тұрғыдан насихатталуда. Бұл жұмыстар ұлттық мұраны сақтау мен келер ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Қазақтың ұрмалы-соқпалы музыкалық аспаптары – халықтың тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Олар ғасырлар бойы тұрмыс-тіршілікпен, салт-дәстүрмен, әскери және рухани өмірмен тығыз байланыста дамыған. Тарихи-әлеуметтік өзгерістердің әсерінен бұл аспаптардың бірқатары қолданыстан шығып қалғанымен, бүгінгі таңда оларды қайта жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Ұлттық музыкалық мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау – қазіргі ғылым мен мәдениеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жәкішева З.С. Қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары. – Алматы: Алматыкітап, 2015.

2. Далбағай Г.Е. Сазсырнай және окарина тектес үрмелі аспаптар. – Алматы: Таңбалы, 2017.

3. Сарыбаев Б. Казахские музыкальные инструменты. – Алма-Ата: Жалын, 1978.

4. Сарыбаев Б. Ғылым мұрасы. – Алматы: ТҮРКСОЙ, 2019.

5. Медеубекұлы С. Әл-Фараби және қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024.

6. Әл-Фараби Ә. Н. Музыка туралы үлкен кітап. – Алматы: Колор, 2008. – 751 б.

7. Сейдимбек А. Мир казахов. – Астана: Фолиант, 2012. С. 560.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются историческое формирование казахских народных ударных музыкальных инструментов, их функция в обществе, а также культурно-духовное значение.

SUMMARY

This paper explores the historical development of Kazakh traditional percussion instruments, analyzing their social functions and cultural-spiritual significance.

ТҰЛҒА

ҚАЗАҚСТАННАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕР 80 ЖАСТА

Құрманшәді ОРАЗЫМБЕТОВ,
Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының ғылыми қызметкері

Әлемде өз ұлтынан үш немесе одан да көп азаматы ғарыш көгіне көтерілген 9 ғана мемлекет бар екен. Солардың қатарында біздің де еліміз бар екенін мақтанышпен айта аламыз. Байқоңыр ғарыш айлағы өз жерімізде орналасқанына қарамастан, 30 жылдай уақыт ішінде қазақ жерінен үш қазақ ғарышкері ғарыш көгіне көтерілуі тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды.

Осыдан 65 жыл бұрын, 1961 жылы 12 сәуірде Кеңестер Одағының аға лейтенанты Юрий Алексеевич Гагарин қазақ жерінен тұңғыш рет ғарышқа қадам басты. Арада 30 жыл уақыт өткен соң, 1991 жылы 2 қазанда қазақтан тұңғыш ғарышкер, сынақшы-ұшқыш Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров ғарышқа самғады. Ол өзінің ғарыш әлеміне сапарын «СоюзТМ-13» кемесі арқылы жүзеге асырды. Содан бері бұл күн еліміз тарихында алтын әріппен жазылған атаулы күнге айналды. Міне, биыл алғашқы қазақтың ғарышқа ұшқанына биыл 35 жыл толып отыр. Ал қазақтың марқасқа мақтанышы, батыр ұлы Тоқтар Әубәкіров 80 жасқа толады. Қазақтың тұңғыш ғарышкері еліміздегі көрікті өңірлердің бірі – Қарқаралы ауданының 1 Май ауылының тумасы. Ол әкесінен ерте айрылып, анасы мен апасының тәрбиесінде өскен. Әкесі Оңғарбай да, анасы Қамия да қолөнерге жақын, шебер жандар болған.

Осындай тарихи тұлғаларды дәріптеу мақсатында Халықаралық ғарышкерлер күніне орай, Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында 12 сәуір күні «Ғарыш әлемі» атты танымдық кездесу өтті.

Халықаралық ғарышкерлер күніне арналған іс-шараға көптеген құрметті қонақтар қатысты. Атап айтқанда, Тоқтар Оңғарбайұлының туысы, бар саналы өмірін мемлекеттік қызметке арнаған қаламыздың танымал азаматшаларының бірі Қыстаубаева Гүлжан Нығметқызы, сондай-ақ жерлесі, Қарқаралы ауданының әкімі қызметін атқарған, ардагер Омарханов Нихан Иманғалиұлы келді.

Тоқтар Әубәкіров ғарышта 7 күн 22 сағат 12 минөт болған. Ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тоқтар Әубәкіров КСРО-ның 72-нші ғарышкері атанды. Ол ғарышқа бұған дейін «Мир» станциясында жеті айдан астам уақыт аялдаған, кеңестік ғарышкер Александр Волков және алғашқы Австриядан шыққан тұңғыш





ғарышкер Франц Артур Фибекпен бірге аттанды.

Осы тарихи деректер іс-шара барысында кеңінен насихатталды. Оның аясында Тоқтар Әубәкіровтың өмірі мен ғарышқа ұшу барысы және басқа да қырлары жайында бейнебаяндар көрсетілді.

Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшуы барша қазақ халқы үшін зор қуаныш әрі үлкен мақтаныш болды. Осы орайда тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелді: «Тоқтар Әубәкіров – ұлт мақтанышы, ал оның ерлігі ұлттық құндылықтар қатарына жатады. Ұлт мақтанышы ұғымы «бренд» сөзінен әлдеқайда жоғары. Тоқтар бізді ұлт ретінде әлемдік жаңа кеңістікке шығарған тұлға», – деп атап өткен.

Тоқтар Әубәкіров Кеңес Одағының Батыры, Австрияның «Алтын крест» орденінің иегері, «Халық Қаһарманы», «Отан» ордені мен «Алтын Жұлдыз» белгілерінің, «Ғасыр саңлағы» атағының иегері, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер әрі түркі дүниесінен шыққан алғашқы ғарышкер ретінде танылды. Осындай биік марапаттар мен тарихи жетістіктер оның тұлғалық биігін айқындай түседі. Сондықтан да: «Тоқтар ағамыз тек қазақтың ғана емес, күллі түркі жұртының мақтанышы», – деген пікір кеңінен қолдау табады. Өйткені түркі халықтарының ішінде ғарышқа сапар шеккен тұңғыш перзент – Тоқтар Әубәкіров екені белгілі.

Бұл туралы журналист Ахмет Аляз да атап өткен. Ал жазушы, журналист Жүсіпбек Қорғасбек Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшпай тұрып-ақ ол туралы алғашқылардың бірі болып мақала жазған. «Ең алғаш кездескеннен-ақ Тоқтар Әубәкіровтің табиғаты мен болмысының тазалығын байқадым. Оның бірбеткейлігі, адамның көңіліне қарамай ойындағысын ашық айтатын аңғал да адал мінезі – тумысынан берілген табиғи қасиет. Сол мінезін қай биікте жүрсе де бұзбай, таза қалпында сақтай алғаны үшін оны аса жоғары бағалаймын. Алғаш көрген Тоқтар Әубәкіров менің көңілімдегі сол биігінен титтей де төмендеген жоқ», – деп жазды ол.

Тоқтар Әубәкіров – үлкен құрметке лайық, ұлтымыздың ардақты азаматы, ер тұлғалы нағыз батыр. Ғарышқа қорықпай ұшу үшін зор жүрек пен қайсарлық қажет, ал мұндай батырлық екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Осындай қайсарлық пен ерліктің айқын көрінісі оның ұшқыштық қызметінде де байқалды. Адамның жаны мұрнының ұшына келетін сәттерде ол асқан батылдық танытты. Мәселен, МиГ-29 ұшағын алапат дауыл болған кезінде крейсер палубасына қондыруы – теңдессіз ерлік. Қара теңіз – аса қатал мінезімен белгілі теңіздердің бірі: дауыл кезінде кемелер желге қаңбақтай ұйытқып, жал-жал толқындар көтеріледі. Осындай күрделі жағдайда ұшақты дәл қондыру – тек нағыз шеберлік пен батылдықтың белгісі.

Бұл, әрине, мұхит толқындарынан шағындау болғанымен, зардабы зіл-батпан еді: бірінің артынан бірі ұрған асау толқындар кемені парша-парша етуге қауқарлы. Осындай сұрапыл теңіз дауылы ышқынып тұрған шақта Тоқтар Әубәкіров дыбыстан жылдам ұшатын ұшақты кеме палубасына дәл қондырып, ғаламат ерлік көрсетті. Әдеттегі сынақ ұшуы саналғанымен, мұндай күрделі жағдайда ұшақты кеме үстіне қондыру – нағыз жүрекжұтқандық.

Судың жал-жал толқындарының салмағына ұшақтың салмағы қосылғанда, шамамен 80 мың

тоннаға тең жойқын жүктен кеме қатты шайқалып, қауырсындай айнала жөнелгендей күй кешкен. Алайда Тоқтардың бойына сол сәтте үрей ұялай қоймаған. Қорқыныш сезімі ұшақ қонғаннан кейін ғана келгендей: «Япыр-ау, мен мұнда қалай тап болдым, бұған қонып нем бар?» деген ой санасына кеш жетіп, қыр арқасын қара тер басқан.

Гиннестің рекордтар кітабына енген ерлігін де ол осы ұшақпен жасады. «Тбилиси» крейсерінен жаңа әдіспен ұшақты көкке көтеру оқиғасына бүкіл әлем көз тікті десек, артық емес. Кеңестік ұшақ лып етіп көтеріле ме, әлде апатқа ұшырай ма деген күдікпен дүние жүзінің мамандары демін ішіне тартып, бақылап тұрған еді. Осындай жауапты сәтте Тоқтар Әубәкіровке крейсердің қамзолдың етегіндей қып-қысқа ұшу алаңынан МиГ-29 ұшағын көкке көтеру міндеті жүктелді.

Жаңа әдістің ерекшелігі – ұшақтың трамплиннен сырғығандай төмен лықсып келіп, бір сәтте-ақ көкке көтерілуінде еді. Барлық мәселені санаулы секундтар шешеді, бәрі де қозғалтқыштың қуатына байланысты. Сәл ғана кідіріс болса, ұшақ суға құлап кетуі мүмкін. Осындай қауіпті сәтте сынақшы-ұшқыш Тоқтар Әубәкіров дыбыстан жылдам ұшақты іркіліссіз зыр еткізіп, көкке көтеріп үлгерді.

Асқан дәлдікпен тар алаңға ұшақты қайта қондыру да – ғаламат ерлік. Авиация тарихында алғаш рет осындай әдіспен ұшуды жүзеге асырғаны үшін Тоқтар Әубәкіровтің бұл ерлігі Гиннестің рекордтар кітабына енді. Бұл оқиға 1989 жылғы 1 қарашада орын алды. Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдиновтің Тоқтар Әубәкіровтің ерлігіне тәнті болғанда айтқан сөзіне қосыла бас иместе амал жоқ. Кез келген ғарышкер-ұшқыш сынақшы-ұшқыш бола алмайды. Былай қарағанда, олардың дәрежелерінің бір-бірінен еш кемдігі де, артықшылығы да жоқ. Алайда ғарышкерлер – ел алдында, халық назарында жүретін топ, ал сынақшы-ұшқыштар көбіне құпия жағдайда қызмет етеді. Сондықтан сынақшы мен ұшқыштың ара-жігін ажырата білу қажет. Мәселе олардың қызметінің құпиялылығында ғана емес, ең бастысы – олардың жүрегінде. Ең алдымен жүрек керек, жүрек!» – деген еді Талғат Бигелдинов. Бұл – жүрек жұтқан батыр ағаның сондай қайсар батыр інісі Тоқтар Әубәкіров туралы айтқан пікірі. Қазақ «жүрегінің түгі бар» деп дәл осындай Талғат пен Тоқтар сынды ерлерді айтса керек (1, 2).

Осындай ерлік пен асқақ рух ақын-жазушылар шығармашылығында да кеңінен жырланды.

Қарқара тауларынан Тоқтар ұшқан
Самға, самға, Тоқтар балам,
Арналы шың – аспаның
Алға шарлап, от лаулаған,
Арманысың жастардың.
Ғарыш жолы басталатын
Далаң, жерің – киелі!
Ғарыш қолын басқаратын,
Балам, елің сүйеді!
Қазақстан – бақстанда
Ерлігіміз – жалынды.
Қазақ ұшқан ғарыштан да
Елдігіміз танылды.
Айбарлы биік екпін,
Әрбір ойың ғажап тым.
Айдан да әрі биіктеттің
Абыройын қазақтың! – деп жырлады ақын Әдібай Табылдиев.

Бұл жыр жолдары Тоқтар Әубәкіровтің ел жүрегіндегі орнын айқын көрсетеді. Батыр ағамызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілейміз!

Қорыта айтқанда, 12 сәуір – Халықаралық ғарышкерлер күніне орай өткен «Ғарыш әлемі» атты кездесу жас ұрпаққа тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор іс-шара болды. Кездесу барысында Тоқтар Әубәкіровтің өмір жолы, ерлігі мен қайсарлығы кеңінен насихатталып, оның ел тарихындағы орны айқын көрсетілді.

Іс-шара қатысушыларға патриоттық рух сыйлап, ғылым мен білімге деген қызығушылықты арттыруға ықпал етті. Осындай тағылымды шаралар арқылы өскелең ұрпақ батыр тұлғалардың өнегесін бойына сіңіріп, елге қызмет етуге ұмтылады.

Дереккөздер тізімі:

1. «Аңыз адам» журналы, № 7(6\7), 2013 жылғы сәуір.
2. Талғат Сүйінбай «Тұңғыш қазақ ғарышкері» 2004 жыл.

РЕЗЮМЕ *В статье всесторонне описываются жизненный путь и полный героизма трудовая деятельность Токтара Аубакирова, а также раскрываются масштаб его личности и историческое значение.*

SUMMARY *The article provides a comprehensive account of Toktar Aubakirov's life and heroic career, highlighting his outstanding personality and historical significance.*

ПРОФЕССОР АЛАН ОУТРАМ: БОТАЙ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМ ТӘЖІРИБЕСІ

Сабина АМИРОВА,
Солтүстік Қазақстан облысы,
«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
Дамир ТОКТАРОВ,
Солтүстік Қазақстан облысы,
«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

Ботай энеолиттік қонысы бүгінде республикалық маңызы бар археологиялық ескерткіштердің бірі болып табылады. 2017 жылы ол Қазақстанның жалпыұлттық маңызы бар киелі нысандарының тізіміне енгізілді. Ботай халықаралық археологиялық экспедициясы аясында отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ежелгі тұрғындардың тұрмыс-тіршілігі мен шаруашылығын сипаттайтын көптеген артефактілер, қолға үйретілген жылқы мен ит сүйектерінің қалдықтары анықталды. Бұл зерттеулердің нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланып, Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуге елеулі үлес қосты.

Көпжылдық ғылыми ізденістердің нәтижесінде Ботай жылқыларының қолға үйретілгендігін дәлелдейтін ғылыми тұжырымдар халықаралық деңгейдегі беделді журналдарда жарияланды. Осы зерттеулердің белсенді қатысушыларының бірі болған Алан Оутрам Ботай мәдениетін зерттеуге арналған қазақстандық-британдық ғылыми жобалардың нәтижелерін жоғары бағалайды.

Алан Оутрам – жиырма жылдан астам уақыт бойы Солтүстік Қазақстандағы Ботай мәдениеті мен Ботай қонысын зерттеуге қатысып келе жатқан жетекші шетелдік ғалымдардың бірі. Ботай мәдениетін алғаш ашып, ғылыми айналымға енгізген көрнекті археолог, тарих ғылымдарының докторы, археология профессоры, Герман археологиялық институтының корреспондент мүшесі Виктор Федорович Зайберттің жетекшілігімен жүзеге асырылған халықаралық ғылыми ынтымақтастық нәтижесінде көптеген маңызды ғылыми жетістіктерге қол жеткізілді.



Профессор В.Ф. Зайберттің көпжылдық ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 1980 жылы Ботай археологиялық мәдениеті ашылып, ғылыми айналымға енгізілді. Кейінгі зерттеулер бұл мәдениеттің Еуразия кеңістігіндегі энеолит дәуірінің маңызды археологиялық кешендерінің бірі екенін көрсетті. 1995 жылы Ботай қонысында «Еуразияның ежелгі салт аттылары» атты халықаралық симпозиум өткізіліп, оған әлемнің әртүрлі елдерінен танымал археологтар мен тарихшылар қатысты. Бұл ғылыми жиын Ботай мәдениетінің халықаралық ғылыми қауымдастықта кеңінен танылуына ықпал етті.



Эксетер университетінің ресми сайтындағы мәліметтерге сәйкес Алан Оутрам – археология ғылымдарының профессоры, биоархеолог және зооархеология саласына маманданған палеоэкономист. Оның ғылыми қызметі археологиялық жануар сүйектерін талдау арқылы адам мен жануарлар арасындағы тарихи өзара байланыстарды зерттеуге бағытталған. Ғалымның зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі – Орталық Азиядағы жылқыны қолға үйрету үдерісі мен Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығы қоғамдарының қалыптасуы және дамуы. Оның кеңінен танылған ғылыми еңбектерінің қатарында Ботай мәдениеті материалдары негізінде жылқыны қолға үйретудің ең ерте археологиялық дәлелдерін анықтауға арналған зерттеулер бар.

Бүгінде Алан Оутрам – Ұлыбританиядағы University of Exeter Гуманитарлық, өнер және әлеуметтік ғылымдар факультетінің Археология және тарих кафедрасының профессоры, Далалық жұмыстар және зертханалық зерттеулер директоры, Адам-жануар-қоршаған орта өзара әрекеттесуінің биоархеологиясы орталығының (HumAnE) директоры, «Frontiers in Environmental Archaeology» журналы редакторының орынбасары және Routledge баспасынан шығатын Science and Technology of Archaeological Research (STAR) журналының бас редакторы және World Archaeology журналының құрметті атқарушы редакторы. Сондай-ақ, АҚШ-тың Оңтүстік Дакота штатындағы Августана университетінде антропология пәні бойынша шақырылған профессор қызметін атқарады. Алан Оутрам Лондон антикварлар қоғамының (FSA), Археологтардың жарғылық институтының (MCIfA), Қоршаған орта археологиясы қауымдастығының, Археозоология жөніндегі халықаралық кеңестің, Тарихқа дейінгі қоғамның, Биологиялық антропология және остеоархеология жөніндегі Британ қауымдастығының, Америка археология қоғамының және Еуропалық археологтар қауымдастығының мүшесі болып табылады.

Алан Оутрам мен Виктор Зайберт 2018 жылы кинорежиссер әрі антрополог Ниоб Томпсон түсірген «Equus: The Story of the Horse» атты үш бөлімнен тұратын деректі фильмінің ғылыми кеңесшілері әрі қатысушылары болды. Фильмнің тұсаукесері 2018 жылы CBC телеарнасында көрсетіліп, кейін халықаралық аудиторияға ұсынылды. Кейіннен аталған жоба Канада киносыйлықтарының «Үздік табиғат және ғылыми деректі серия» номинациясы бойынша марапатқа ие болды.

Ол 2019 жылдың сәуір айында ғылым мен білімнің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Құрметті докторы атағына ие болды.

Ғалымның ғылыми қызығушылықтары зооархеология, биоархеология, палеоэкономика, эксперименттік археология, сондай-ақ, аңшы-жинаушылар, малшылар және алғашқы фермерлік қоғамдарды зерттеу мәселелерін қамтиды. Оның зерттеулері негізінен Еуропа, Орталық Азия және Солтүстік Америка өңірлерімен байланысты.



Қазіргі уақытта профессор Алан Оутрам археология, антропология және пәнаралық зерттеулер салаларындағы бакалавриат деңгейіндегі ғылыми жұмыстарға жетекшілік етеді.

1996 жылы профессор В.Ф. Зайберт Ботай мәдениетін жылқыны қолға үйретудің ежелгі орталықтарының бірі ретінде танытырған баяндамаларымен Еуропаның бірқатар ірі қалалары мен университеттерінде сөз сөйледі. Атап айтқанда, Германиядағы Берлин археологиялық институтында ғылыми баяндама жасап, кейін Герман археологиялық институтының корреспондент мүшесі атанды. Сонымен қатар, Ұлыбританияның Белфаст, Кембридж, Оксфорд, Ньюкасл және Эдинбург университеттерінде дәрістер оқылып, Ботай қазбаларынан табылған еңбек құралдары мен қыш бұйымдар негізінде көрмелер ұйымдастырылды. Осы іс-шаралар Қазақстанның археологиялық мұрасын халықаралық ғылыми қауымдастыққа кеңінен танытуға мүмкіндік берді.

2026 жылғы 6 сәуірде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі жанындағы «Мәдени мұра» журналы редакциялық тобының ұйымдастыруымен «Ғылыми жарияланым: тәжірибе мен болашақ мүмкіндіктер» атты дәстүрлі ғылыми-әдістемелік дәріс өтті.

Іс-шараның құрметті қонағы ретінде қатысқан Алан Оутрам «Мәдени мұра» журналының редакциялық алқа мүшесі болып табылады.

Шара барысында профессор Алан Оутрам «Ғылыми мақалаларды халықаралық журналдарда жариялау тәжірибесі (Ботай мәдениеті материалдары негізінде)» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқып, халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланым дайындаудың негізгі талаптары, зерттеу нәтижелерін ғылыми қауымдастыққа ұсынудың тиімді жолдары, халықаралық әріптестік және рецензиялау үдерісінің ерекшеліктері жөнінде өз тәжірибесімен бөлісті.

Ғалым Ботай мәдениетіне арналған көпжылдық қазақстандық-британдық зерттеулердің нәтижелеріне арнайы тоқталды. Оның пікірінше, Ботай ұзақ уақыт бойы жылқыны қолға үйрету үдерісін және Орталық Азиядағы жайылымдық қоғамдардың қалыптасу тарихын зерделеудегі аса маңызды археологиялық нысандардың бірі болып келеді. Профессор Виктор Зайберттің ғылыми жетекшілігімен жүргізілген зерттеулерге Германия, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей, Франция, Дания және Литва мемлекеттерінің жетекші ғалымдары қатысып, Қазақстандағы археологиялық зерттеулерде заманауи ғылыми әдіснамалар қолданылды.

Алан Оутрамның айтуынша, Ботай ескерткіші әлемдік археологияда жаңа ғылыми тәсілдер



мен әдістерді сынақтан өткізетін бірегей зерттеу алаңына айналды. Сонымен қатар, бұл ескерткіш халықаралық ғылыми байланыстардың нығаюына, жаңа зерттеу бағыттарының қалыптасуына және жас археологтарды даярлауға үлкен үлес қосты. Профессор Виктор Зайберттің жетекшілігімен Қазақстанның жүздеген студенті дайындықтан өтіп, Ботайдағы ғылыми жұмыстарға көптеген шетелдік студенттер, магистранттар мен докторанттар тартылды.

Сонымен бірге, ғалым Ботай мәдениетіне қатысты соңғы археологиялық жаңалықтармен бөлісіп, болашақ зерттеулердің негізгі бағыттары жөніндегі ойларын ортаға салды. Ол Ботай археологиялық мәдениетінің ғылыми пікірталастардың маңызды нысанына айналғанын, осының нәтижесінде әлемнің түрлі елдерінен келген ғалымдардың назарын аударып, археология ғылымындағы жаңа әдістер мен зерттеу тәсілдерінің дамуына ықпал еткенін атап өтті. Ботайда қалыптасқан ғылыми байланыстардың арқасында көптеген зерттеушілер кейіннен басқа да халықаралық жобаларда бірлесіп жұмыс істеп, жас ғалымдар мен студенттердің мол тәжірибе жинақтағанын айтты.

Дәрісте қатысушылар халықаралық ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыру, археологиялық зерттеулерді дамыту, жас ғалымдарды қолдау және Ботай мәдениетін кешенді зерттеуді жалғастыру мәселелері бойынша пікір алмасты. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулердің заманауи тәсілдері жөнінде ой бөлісіп, халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, бірлескен зерттеулер жүргізу және ғылыми нәтижелерді әлемдік академиялық ортаға таныту мәселелеріне ерекше назар аударды.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются опыт британского археолога, профессора Алана Оутрама, в подготовке международных научных публикаций, а также его вклад в изучение культуры Ботай. Кроме того, анализируются значение международного научного сотрудничества и актуальные направления археологических исследований.

SUMMARY

This article discusses the experience of British archaeologist Professor Alan Outram in preparing international scientific publications and highlights his contribution to the study of the Botai culture. It also examines the importance of international scientific collaboration and explores current trends and key areas of archaeological research.

ӘДІЛЕТ ПЕН АР ЖОЛЫНДА:

Салық Зиманұлының мұрасы

Лаура МЫРЗАХМЕТ,
Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің әдіскер маманы

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Төле би

Адамзат өмірінің негізін құрайтын маңызды құндылықтар – тәртіп, уақыт және жауапкершілік. Олар жеке адамның дамуына ғана емес, бүкіл қоғамның өркендеуіне тікелей әсер етеді. Тәртіп бар жерде жүйелілік пен сенімділік қалыптасады. Әрбір адам баласы өз мақсатын айқын белгілеп, сол мақсатқа жету жолында кездесетін қиындықтарға төтеп бере алса ғана тұрақты нәтижеге қол жеткізеді. Ал уақытты тиімді пайдалану мүмкіндіктерді дұрыс жүзеге асырып, өмір сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ол үшін жауапкершілік қасиеті өте маңызды. Адамның өз іс-әрекетіне жауап беріп, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықтың нығаюына үлес қосуына себеп болатын да – осы жауапкершілік. Жауапкершілігі жоғары адам сенімге ие болады, қоғамда құрметке бөленеді. Тәртіп – жетістікке бастайтын жол болса, уақыт – өмірдің өлшемі, ал жауапкершілік – адамдық қасиеттің айқын көрінісі. Осы үш құндылықты бойына сіңірген адам ғана толыққанды әрі саналы өмір сүре алады.

Демек, бұлар заң мен әділет үстемдік құрған қоғамның негізгі тіректері. Осы қағидаларды өз еңбектерінде терең талдап, ғылыми тұрғыда негіздеген көрнекті заңгер-



ғалым Салық Зиманұлы еді. Заң саласында қызмет етіп, өз тәжірибесі мен білімін ел игілігіне жұмсау – ғалымның өмірлік ұстанымына айналды. Оның еңбектері мен ғылыми мұрасы қазақ қоғамының құқықтық санасын жаңғыртып, әділет пен заң үстемдігін нығайтуға бағытталды. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқық жүйесін зерттей отырып, билер институтының әділдікке, тәртіпке және жауапкершілікке негізделгенін ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Ғалымның пайымдауынша, заң үстемдігі орнаған жерде ғана қоғамда тәртіп сақталады. Тәртіп – жай ғана ереже сақтау емес, ол – құқықтық мәдениеттің көрінісі. Егер әр азамат заңды құрметтеп, өз міндетін адал атқарса, мемлекет те берік әрі тұрақты болады.

Ағымдағы жылы Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің ұйымдастыруымен «Тарихи тұлғалар» жобасы аясында Салық Зиманұлының туғанына 105 жыл толуына орай «Әділет пен парасат жолында» тақырыбында музейлік дәріс өтті. Тағылымды іс-шараға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен М. Нәрікбаев атындағы университеттің студенттері, С. Нұрмағамбетов атындағы Әскери колледж ұландары қатысты.

Дәрісті Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Заң факультетінің ғылым докторы, профессор Абдрасулов Ермек Баяхметұлы оқып, ғалымның еңбек жолы және заң саласында атқарған еңбектері жайында баяндады: «Салық Зиманұлын Қазақ заңгерлерінің патриархы десек те болады. Оны қазіргі Тәуелсіз еліміздің заңгерлері ғана емес, сонау Кеңес үкіметі дәуіріндегі заңгер ғалымдар да мойындады. Себебі, ол тек тәуелсіз Қазақстанның заң жүйесінің дамуына ғана үлес қосып қойған жоқ, сонымен қатар қоғамның өзге де салаларында өзіндік із қалдырған көрнекті тұлға болды. Ол Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты қызметін атқарып, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласты. Мемлекет басшылары да ғалымның білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, оның пікірлері мен кеңестеріне әрдайым назар аударып отырған.

Жастайынан Ұлы Отан соғысына қатысқан Салық Зиманұлы өмірдің талай



қиындығын бастан өткерді. Соғыстан кейінгі жылдардағы ерен еңбегі жоғары бағаланып, мемлекет тарапынан түрлі ордендермен, ғылыми және мемлекеттік марапаттармен наградталды. Қазақстанның бірнеше жоғары оқу орындарында ғалымның есімі берілген аудиториялар ашылды. Білікті заңгер ретінде ол егемендік пен тәуелсіздік жолын таңдаған Қазақстанның халықаралық қатынастарын құқықтық тұрғыдан заңдастыруға, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру ісіне, Президенттік басқару институтын енгізуге және құқықтық-демократиялық реформаларды жүзеге асыруға белсене атсалысты.

Білім жолында ғылыммен айналысқан шәкірттеріне көп демеу болды, көмек көрсетті. Маған өз кезегінде білім жолында талмай еңбек етіп, өз ісіме адал болуымды айтып, жақсы нәтиже көрсететініме сенген еді. Ол тек ғылымда ғана емес, қоғамдық саясатта да белсенді болды. Құқықтық реформа, парламенттік жүйе, адам құқықтары мен заң үстемдігін нығайту мәселелерін үздіксіз көтерді. Қазақстанның Тәуелсіздігіне қол жеткізу жолында да аянбай еңбек етті. Қазақ құқықтық жүйесінің тарихи дамуын зерттей отырып, әр дәуірдің өзіндік ерекшелігі бар екендігін көрсетті.

Ол ұлттық құқықтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі ретінде мемлекет және құқық теориясы, қазақтың дәстүрлі құқық жүйесі, конституциялық даму үдерісі бағыттарында іргелі зерттеулер жүргізді.

Тағы бір айта кететін жайт – бүгінгі кездегі нарықпен бірге қоғамдық тәртіп бұзушылық белең алып, әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында қылмыс көбейіп, отбасы және неке тұрақтылығы әлсіреп тұрған кезеңде, далалық демократияның көрнекті институты – «билер сотын» жергілікті жерлерде қоғамдық ұйым ретінде ұйымдастыру қажет екенін айтқан.

Салық Зиманұлының зерттеу бағыттарының бірі – билер сотының тарихи-құқықтық табиғаты. Қазақ қоғамының мемлекеттілігі мен құқықтық мәдениетін қалыптастыруда билер соты институтының маңызы теңдессіз. «Елге бай құт емес, би – құт» деген қазақ «Билер сотын» ерекше ықыласпен құрметтеген. Би – тек шешен емес, елдің бірлігін сақтаушы, әділдіктің



жаршысы. Ғалымның еңбектерінен олардың әділдікті ту етіп, руға емес, ақиқатқа жүгініп, өз төрелігінде туыстыққа емес, шындық пен ар-ожданға басымдық бергенін аңғарамыз. С. Зиманұлы – «Билер соты біздің санамызда және біздің істерімізде, сондай-ақ әлі жазылмаған оқулықтарда болуға лайық» – дейді [1]. Билер – сол кездегі қоғамның заң шығарушысы да (парламент), орындаушысы да (үкімет), қазияты да (сот билігі) болып қызмет атқарды. Халық билер жолын, билік салтты ежелден сыйлап, осы лауазым иелеріне ерекше құрметпен қарап келді. Би болу мәртебелі болғанымен, оған қол жеткізу үшін талай сынақтан сүрінбей өту екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Ол – үлкен абырой мен жауапкершілікті талап ететін мәртебе. Би атағы мұрагерлік жолмен берілмеген, адамның жеке қасиетімен, білімімен, шешендігімен және әділдігімен танылған. Ең алдымен, болашақ би жастайынан ел ішіндегі әңгіме-дауларды тыңдап, шешендердің сөзін үйренген, көп алдында сөз сөйлеп, өз ойын анық әрі дәл жеткізе білуі керек болған. Оның айтқан уәжі қисынды, дәлелді, халыққа түсінікті болуы шарт.

Би – заңды жатқа білетін ғана емес, ел бірлігін сақтайтын, дау-жанжалды бейбіт жолмен шешетін, әділдіктің символы болған тұлға. Билердің орны ерекше: олардың кесім-шешімдерінде ешқандай құпия алдын ала келісу, ымыраласу деген атымен болмаған. Қазақ халқының бірлігін бұзбай, іргесін сетінетпей, мемлекет дәрежесіне көтерілуіне әсіресе үш жүздің Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке сынды төбе билерінің сіңірген еңбегі зор. «Ысқаяқ болған дауларды шешу және бітістіру үшін бес жастағы баланың құқықтық сауаты (атақты билердің биліктерінің үлгісін жөнімен, жолымен пайдалана алуы) жеткілікті еді. Құқықтық сауаттылық балиғатқа толмай жатып-ақ (13 жас) құқықтық сана-сезімінің ерте жетілуіне мол әсерін тигізді және бұл қазақ құқығының басты мәдени ерекешеліктерінің бірі еді. Әрбір құқықтық субъектісіне тән құқықтық нормаларын иелену, жарату, сақтаумен қатар оны құқықтық мәні бар дауларға бала билердің жөнімен қолдана білуі билер сотының тамаша дәстүрі. Қазақ билер сотының тарихында бала кезден билікке араласқандар өте көп және олардың көбі тіпті жасы ұлғайған кезде де өз есімдерімен



аталмай «Бала би» (Шорман би, Бөлтірік би, Бименбет би, т.б.) аталып жүрді» [2]. Билердің қоғамдағы әлеуметтік деңгейлері де әртүрлі болған. Билік дәстүріне араласқан бала билер мен әр ауылда болатын көзі ашық, көңілі ояу, көргені мен көңілге түйгені мол ақылман қарт ақсақалдарды есептегенде, би санаты: «ата би», «үлкен би», «кіші би», «төбе би», «төре би», «бас би», «жанама би», «ру биі», «тайпа биі», «ұлыс биі» «бала би», «қарт би», «сүбе би», «кеңесші би», «алқа би», «жас би», т.б. билермен өсіп отырған. Билер жөнінде Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген» – дейді.

Салық Зиманұлының кітабында «Қазақ құқығы» деген ұғым бар. Ол – «Қазақ құқығының пайда болу тарихы тереңде жатыр, ол қазақ халқының этникалық тұтастығы қалыптаспай тұрып-ақ өмірге келген. Қазақ құқығы ғылымының құқықтық этимологиясына зер салсақ, қазақ сөзінің құдіретін, қасиетін ашып беретін, адамзатқа өнеге болар керемет құқықтық дүниелер әкелер едік. Зар заманның жырау-билері қазақ құқығын қорғаған. Жамбыл жыраудан мұқалмаған Мұқағалиға жеткен. Мұқағали Мақатаев та заң ғылымын игерген. Қазақ құқығының тарихи орны да, ғылыми мүмкіндігі де, болашағы да зор» – дейді [3].

Қазақ құқығы – жазылмаған құқық, бірақ қатаң тәртіптелген құқықтық нормалар (қағидаттар) мен жұмсақ әрі икемді соттық нұсқалар (прецеденттер) оның құқықтық әлеуеті мен күшін адам таңғаларлық деңгейге көтере алады. Қазақ құқығы – қазақ халқының және барлық көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ал, көшпелі халықтың құқықтық сауаты өте жоғары және соншалықты қарапайым болды. Ол мыңжылдық тарихы мен ерекшелігі және өміршеңдігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен әлем назарына ілінді. Майқы бидің «Түгел сөзі», Әз Жәнібек ханның «Әдет-ғұрыптары», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» – құқық-заң дәрежесіне жеткізіліп, құқықтық қолданысқа енген.

Дәрісте сөз кезегін алған М. Нәрікбаев атындағы университтің ассистент профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, PhD Жұмағали Алмас Қабдымәжитұлы Салық Зиманұлының зерттеулерінің ғылыми бағыты жөнінде былай деді: «Көнеден келе жатқан дәстүрлі құқықтың осындай қымбат құндылығын академик Салық Зиманұлы «Қазақтың ата заңдары» деген 10 томдық ғылыми еңбекке жинақтап, ұлтымыз үшін баға жетпес мол мұра қалдырды.

Кеңес империясы ыдырап, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануымен билер туралы, билер соты және қазақ құқығы «Жарғы» жүйесі туралы кеңінен айтыла бастады. Қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесін ғылыми тұрғыдан терең зерттеп, оның ұлттық мемлекеттілік тарихындағы орнын айқындады. Қазақ құқығының тарихи қалыптасуын, негізгі қағидаттарын және оның ұлттық құқықтық мәдениеттегі орнын ғылыми тұрғыдан талдады. Қазақ қоғамындағы әділдікті қамтамасыз етуде билер сотының мақсаты – бір тараптың жеңіп, екіншісінің жеңілуі емес, екі жақтың да ортақ келісімге келіп, әділ шешім табуы. Сөз құдіреті мен заң құдіретін жан-жақты зерттеген ғалым ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыруда заң үстемдігін, адам құқықтарын қорғауды және мемлекеттік тәуелсіздікті нығайтуды басты бағыт ретінде қарастырды. Құқықтық мемлекет құру үшін әр азаматтың құқықтық санасы жоғары болуы керектігін, заңға құрмет пен жауапкершілік қоғамның тұрақтылығының негізі екенін дәлелдеді».

Уже позже, в январе 1884 г. российской империи удалось подчинить себе Мерв. Политическое и военное руководство Российской империи еще с начала 1881 г. предпринимает меры по решению этого вопроса мирным путем. После ряда подобных дипломатических операций, часть ханов Мерва начинает проявлять лояльность к вопросу признания власти российской империи (Атдаев, 2026: 49).

В конце 1883 г. начальник Закаспийской области А.В. Комаров (на посту с 1883 по 1890) направляет в Гарры-бент 1 500 отряд под командованием полковника В.Д. Муратова. Из Теджена в Мерв был послан Алиханов, чтобы убедить мервских туркмен принять без сопротивления российское подданство. Алиханов отправляется в путь в сопровождении Махтум-Кули-хана и отряда из казаков и джигитов. 30 декабря 1883 г. в Мерве созывается общеплеменное собрание – Генгеш. Видя безвыходность положения, участники генгеша, после дебатов и обсуждений, подписывают документ о признании власти российской империи, и 1 января 1884 г. вручают его Алиханову. В январе мервская депутация прибывает в Ашхабад, где принимает присягу на верность императору России. 22 февраля 1884 года русский отряд под руководством генерала Комарова выступает походом на Мерв. После небольшой стычки с людьми Гаджар-хана отряд Комарова 4 марта занимает крепость Говшут-Хан-гала.

Резюмируя, можно сказать, что членам коншинского каравана удалось собрать ценные материалы о Мервском оазисе: о идущих к нему путях, его географическом положении, численности населения, состоянии ирригации, объемов посевов и выращиваемых видах

сельского хозяйства. Власти закаспийской области рассчитывали на развитие торговли с Мервом, зная, что это умиротворит население края и будет способствовать налаживанию коммерческих отношений с Бухарой. Поездки мервских торговцев и ханов в Ашхабад, приведет к усилению взаимных контактов и открытию возможностей для ведения переговоров о будущем этого края. Осуществление всех этих мер привело к тому, что в январе 1884 г. Мервский оазис бескровно перешел в состав Российской империи.

В ходе исследования автору удалось установить имена некоторых туркменских личностей, сопровождавших русский караван. Это – Ак-Мурат-сердар, Анна-Берды-хан и Ходжа-Нияз. Получилось дать краткую характеристику тедженским лидерам: Ходжа-Кули-хану и Овез-сердару. Показаны образы ряда мервских ханов и их позиция по отношению к российским властям.

Список литературы:

1. Алиханов-Аварский М., 1904. Закаспийские воспоминания. 1881-1885 // Вестник Европы. СПб. № 9. С. 73-125.
2. Андреевский Е.К., 1912. Из записок за сорок семь лет // Исторический вестник. Октябрь. С. 37-82.
3. Арбеков П., 1930. Первый русский караван в Мерв // Туркменоведение. № 4-5. С. 35-38.
4. Атдаев С.Дж., 2026. Мерв 1881-1884 гг.: шаги дипломатии // Россия и мир в исторической ретроспективе: материалы XXXII Международной научной конференции: Санкт-Петербург, т. 1. 10 апреля. С. 45-51.
5. Атдаев С.Дж., 2025. Грозные проводники мира (исторические портреты) // Россия и мир в исторической ретроспективе. Материалы XXXI Международной научной конференции. Санкт-Петербург, т. 1. 11 апреля. С. 26-32.
6. Гродеков Н.И., 1884. Война в Туркмении. Поход Скобелева в 1880-1881 гг. Т. 4. СПб: В тип. В. Балашова. 382 с.
7. Записка о дороге из Асхабада в Мерв, Хорунжий 1-й конной батареи Терского казачьего войска Соколова, февраль 1882 года, 1883 // Сборник географических, топографических и статистических материалов по Азии. Вып. 6. СПб: Военная типография. 1883. С. 156-199.
8. Из Средней Азии. Мерв, 1882. // Всемирная иллюстрация. № 709. 7 августа. С. 102-103.
9. Мервский оазис и дороги ведущие к нему. Составил поручик 18 Драгунского его величества полка Алиханов, 1883. СПб: Типография и хромолитография А. Траншеля. 108 с.
10. Присоединение Туркмении к России (сборник архивных документов), 1960. Ашхабад. 824 с.
11. Россия и Туркмения в XIX веке. К вхождению Туркмении в состав России, 1946. Ашхабад. 327 с.
12. Русский инвалид, 1908. № 266. 6 декабря.
13. Русский инвалид. 1904. № 130. 16 июня.
14. Русский инвалид, 1902. № 142. 2 июля.
15. Русский инвалид. 1899. № 241. 5 ноября.
16. Русский инвалид, 1896. № 178. 14 августа.
17. Старый красноводец. Красноводский отряд, 1889. // Военный сборник. № 7. С. 5-42.
18. Тихомиров М.Н., 1960. Присоединение Мерва к России. М.: Восточная литература. 240 с.
19. The Russians at Merv and Herat, and their power of invading India. By Charles Marvin, 1883. London: W.H. Allen & Co., Publishers to the India office. 556 p.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл жұмыс 1882 жылғы «Коншин керуенінің» ұйымдастырылуын Ресей империясының Мерв оазисін бейбіт жолмен қосу құралы ретінде қарастырады. Автор сауда байланыстары мен түрікмен элитасымен тікелей қарым-қатынас орнату арқылы әскери-саяси міндеттердің қалай шешілгенін және аймақтың инфрақұрылымы қалай зерттелгенін талдайды. Зерттеу жаңа аумақтарды игерудегі коммерциялық миссиялардың рөлін ашып, сол кезеңдегі тарихи тұлғалар туралы деректермен толығады.

SUMMARY

This work examines the organization of the 1882 "Konshin caravan" as a strategic tool for the bloodless annexation of the Merv oasis by the Russian Empire. The author analyzes how the establishment of trade relations and direct contact with the Turkmen elite helped address military-political objectives and facilitate the study of regional infrastructure. The study reveals the role of commercial missions in the development of new territories and provides historical insights into the key figures of that period.

МУЗЕЙ ІСІ

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕ – БАЛДЫРҒАН ГИД ЖОБАСЫ

Айгүл РАХТАЕВА,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық музейі Экскурсия
жұмыстары бөлімінің әдіскері

Музейдің басты міндеттерінің бірі – Қазақстанның материалдық, рухани және мәдени мұрасын насихаттау, Астананы мәдени және халықаралық деңгейдегі гуманитарлық орталық ретінде және Қазақстанды тұтастай көне тарихы мен бай мәдениеті бар қарқынды дамып келе жатқан заманауи мемлекет ретінде таныту.

Қазақстан тарихына қатысты өте құнды мәдени мұраларды, артефактілерді, өзге де музей бұйымдарын мақтанышпен көрсететін халықаралық деңгейдегі Ұлттық музейдің ашылғанына да 12 жыл болды. Бұл нысан бірегей жәдігерлерге жақындауға, тарихты терең зерттеу үшін олардың мәнін жете түсінуге, Қазақстан халқының ұлттық мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын жандандыруға мүмкіндік береді.

Біздің басты міндетіміз – еліміздің өткені мен бүгінін және келешекке деген ұмтылысын көрсету. Ұлттық музейде сонау көне дәуірлерден бастап, бүгінгі күнге дейінгі ұлтқа қатысты құнды мұралардың көбісі жинақталған. Олардың алдыңғы легі археологиялық қазба жұмыстары кезіндегі мұралар болса, одан кейінгі Қазақ хандығы дәуірінің жәдігерлері, Кеңес Үкіметі тұсындағы экспонаттар, Тәуелсіздік жылдарындағы тарихи маңызы ерекше құжаттарға дейін бар.

2014 жылдан бері экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі музей қонақтарына бірнеше тілде экскурсия жүргізіп келеді. Қазақ, орыс, ағылшын, түрік және қытай тілдерінде. Музейге шет мемлекеттерден келген әрбір қонақ, алдарынан экскурсия жүргізуші өздері қалаған тілде түсіндіре бастаған кезде, көңілдері көтеріліп, ризашылықтарын білдіре бастайды. Экскурсия жүргізуші біріншіден білімді, жан-жақты, шыдамды болуы шарт. Негізі экскурсиядан бөлек



бөлімде бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылады. Олар тақырыптық экскурсиялар, музейлік сабақтар, дәрістер, бір жәдігер тарихына арналған экскурсия, театрландырылған экскурсиялар мен жобалар.

Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі бүгінде бірнеше жобаларды жүзеге асыруда. 2022 жылы Балалар жылына байланысты тұңғыш рет Ұлттық музейде «Балдырған гид» жобасы өз жұмысын бастаған болатын. Жобаның мақсаты – Қазақстан тарихынанхабаберіпотырып,балалардыңтарихқа деген қызығушылығын ояту, патриоттық сезімге баулу. Музей залдарында орналасқан жәдігерлер, құнды мұраларымыз арқылы жас бүлдіршіндерді еліміздің тарихы, мәдениеті, қолөнерімен таныстыру. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу, жас ұрпақ бойындағы шығармашылық белсенділікті арттыру және экскурсиялық қызметті игеру. Жобаны іске асыру барысында экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің білікті мамандары экскурсиядан бөлек, дәріс оқып, ойын, викториналарды қазақ, орыс тілдерінде жүргізіп келеді. Биылғы жылы атаулы жоба өз жұмысын жалғастыруда. 18 мамыр күні бүлдіршіндер музей залдары бойынша экскурсия жүргізетін болады.

«Балдырған гид» жобасына қатысушылар алған білімдерін шыңдап, 2026 жылғы 18 мамыр күні музей залдарында орналасқан құнды жәдігерлерді таныстырған болатын. Бүлдіршіндердің жасы 4 жастан 6 жасқа дейін. Атаулы жобаға Астана қаласындағы № 47 «Ақ желкен» және № 9 «Нұр шашу» және «Шағала» бала бақшаларынан келген болашақ экскурсия жүргізушілер және тәрбиешілер мен әдіскерлер, ата-аналар қатысты. Бүлдіршіндер Ғалымова Айсәуле, Қазбек Нұрсая, Чигенов Аңсар, Амангельдиев Ибраһим, Марғұлан Еркежан, Кемелбек Көзайым, Жаналиев Абулхаир, Мұратхан Әлихан, Сембек Құдірет, Мұратбек Інжу музей залдары бойынша қазақ, орыс тілдерінде экскурсия жүргізді.

Музейге келушілер арасында шетелдік қонақтармен қатар, еліміздің әр өңірінен елордаға қонаққа келген меймандар көне жәдігерлерді өз көзімен көріп, өткен дәуірдің тынысын сезінгендей әсер алып, ризашылығын білдіріп жатады. Мұны музей қызметкерлерінің еңбегіне берілген жақсы баға деп түсінеміз. Ұлттық мұраны қорғап, оның тарихи әрі рухани мәнін жас ұрпаққа терең түсіндіру – әр азаматтың қасиетті борышы. Экскурсиялық жұмыс бөлімі музейге келген әрбір қонақты шын ықыласпен қарсы алып, ұлттық мұраларымызды жан-жақты таныстыру арқылы



келушілердің құрметі мен ықыласына бөленіп келеді.

Ұлтымыздың жаyһар жәдігерлері мен мәдени мұраларының бір парасы арқылы мемлекеттігіміз бен елдігімізді ұлықтайтын Ұлттық музей дәстүрлі қызмет көрсету аясымен ғана шектелмей, қоғамның бар саласына қажетті мәдени-ағарту, ғылыми-әдістемелік, танымдық-ұйымдастыру жұмыстарының қайнаған ортасына айналуда. Ұлттық музей – Қазақстанның қазіргі беделі мен мәртебесіне сай нысан.

Мұндағы жұмыстардың барлығы әлемге әйгілі музейлердің тәжірибесіне және кәсіби талаптарға сай жүзеге асырылады. Мәселен, музейге келушілер жәдігерлер туралы қосымша ақпаратты интерактивті құрылғылар арқылы ала алады. Осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі ретінде «Балдырған гид» жобасының тұжырымдамасын ұсынамын.

МАЗМҰНЫ

I. Тұжырымдаманың төлқұжаты

Атауы – «Балдырған Гид»

Әкімші Өңдеген – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Экскурсиялық жұмыстар, музей педагогикасы және экспозициялық залдарды сақтау қызметі

Жүзеге асыру мерзімі – 2026 жыл

II. Кіріспе

Музей – бұл тек ғылыми-зерттеу мекемесі ғана емес, бұл әртүрлі жастағы келушілер уақытты қызықты және мазмұнды өткізе алатын, Қазақстанның тарихы мен мәдениеті туралы білім алатын, рухани және адамгершілік жағынан өсетін өзіндік мәдени-білім беру орталығы.

Музей оқуы – тәрбие процесіне белсенді түрде интеграцияланған: өзінің құрлымы мен қызмет формалары арқылы ол нақты оқу пәндерін оқытумен және қосымша біліммен байланысты. Музей тәрбие мен білім беруді бастайтын шығармашылықты жүзеге асыру құралына айналды, жергілікті мәдени-тарихи дәстүрлерді сақтау, жандандыру және дамыту бойынша шағын зерттеу орталығы болып табылады, ұрпақтар мен мәдениеттер диалогына қатысады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2022 жылды жылды "Балалар жылы" деп жариялағаны жобаның өзектілігін арттырады.



Жоба ауқымында мектепке дейінгі жастағы балаларды тарту, Қазақстанның тарихы, мәдениеті және табиғаты туралы қосымша білім бере отырып арнайы циклды видео контент жасау көзделген. Жобаны жүзеге асыруда музейдің экскурсия жүргізуші мамандары, экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің әдіскерлері және балабақша балалары тартылатын болады, әдіскерлер балаларға арнайы мәтіндер дайындап ақпараттандырады және экскурсия жүргізушілікке дайындап, дәрістер оқиды. Балалар музейі экскурсия жүргізушілерімен бірігіп жыл бойы музей залдары бойынша экскурсиялар өткізеді.

III. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Осы Тұжырымдаманы жасау және қабылдау мақсаты – балаларға ерекше назар аудару және өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Білім беру

Тарихи уақыт ерекшеліктерімен таныстыру, балаларды әртүрлі тарихи деректермен таныстыра отырып, олардың білімді игеруін қамтамасыз ету.

Тәрбиелік мәні

- Қазақстан тарихынан хабар бере отырып, тарихқа деген қызығушылығын ояту;
- Тарихты құрметтейтін ұрпақ тәрбиелей отырып, патриоттық сезімге баулу.

Дамыту шаралары

Дәлелдей білу, ой қорытуды, ауызша сөйлеудің әртүрлі түрлерін меңгеру. Ойын нақты жеткізу дағдыларын қалыптастыру.

Құрылымы жағынан толық ауызша жауап қайтару. Тарихи тамырларын, сақталған құпияларды ашып көрсету. Балалардың оқыту үдерісінде алған білімдерін ықпалдастыру.

IV. Мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға негізгі тұрғылар

1. Келушілер санын арттыру (музей қызметінің басты көрсеткіштерінің бірі ретінде).
2. Ұсынылатын мәдени-демалыс қызметтерінің көптүрлілігін кеңейту.
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды білімге, тарихқа баулу.

V. Тұжырымдаманы жүзеге асыру жөніндегі негізгі іс-шаралар

1. «Балдырған Гид» жобасының бағдар-



ламасын әзірлеу;

2. Жас ерекшеліктеріне қарай, қазақ және орыс тілдерінде балалар үшін бейімделген экскурсия мәтінін әзірлеу;

3. Балабақшалармен байланысқа шығып жоба қатысушыларын іріктеу;

4. Жоба қатысушыларына экскурсия жүргізушілердің лекциялары мен тренингтерін өткізу;

5. Экскурсия жүргізуші мамандар мен жобаға қатысушы балалар бірігіп, 15-30 минут аралығында музей залдары бойынша экскурсия жүргізу;

6. 2026 жылы жүзеге асырылатын «Балдырған Гид» жобасы аясында жасалған видеоматериалдарды музейдің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жариялау;

7. Музей залдары экспозициясының материалдарын тарату, жұртшылықпен байланыс, БАҚ-тағы жарияланымдар.

VI. Тұжырымданы жүзеге асыру тетігі

1. Мәдениет және өнер саласындағы жеке немесе ұжымдық ғылыми-зерттеу жобаларының жоспарын жасау.

2. Ақпараттық қамтамасыз ету.

3. Музейдің құрылымдық бөлімшелері бойынша ұйымдастыру-дайындық шараларын өткізу.

4. Ұйымдастыру-атқару жұмысы экспозицияларды ұйымдастыру.

VII. Тұжырымдаманы ресурстық қамтамасыз ету

1. Материалдарды Экскурсиялық жұмыстар, музей педагогикасы және экспозициялық залдарды сақтау қызметі ұсынады.

2. Іс-шаралар үшін Музей жабдықтары пайдаланылады.

VIII. Тұжырымдаманы жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

1. Елдің бәсекеге қабілеттілігі факторы ретінде ұлттық тарих пен мәдениетті зерделеу және тарату.

2. Патриоттық тәрбие және азаматтық сана-сезім міндеттерін жүзеге асыру.

3. Мәдени-тарихи, көркем, патриоттық тәрбие және даму орталығы ретінде Ұлттық музейдің имиджін қалыптастыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Биржаков, М.Б., Биржаков М.Б. Введение в туризм. – М.: Герда.
1999.

2. Б. В. Емельянов "Экскурсоведение". – М.: Советский спорт. – 2009. С. 216.

3. Илюхин М.М. Особенности и средства показа в экскурсии: Метод.рекомендации. – М., 1980.

4. Н.В. Савина, З.М. Горбылева. Экскурсоведение – Минск: Издательство БГЭУ. 2004. С. 336.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются культурно-просветительская деятельность Национального музея и значение проекта «Балдырган гид» в приобщении подрастающего поколения к истории и национальным ценностям. В рамках проекта описывается опыт освоения детьми навыков ведения экскурсий, развития у них интереса к историко-культурному наследию и патриотических чувств.

SUMMARY

This paper addresses the cultural and educational initiatives of the National Museum, highlighting the importance of the "Baldyrgan Guide" project in fostering historical awareness and national values among the younger generation. It outlines the practical experience of children acquiring tour-guiding skills, thereby cultivating their interest in historical-cultural heritage and nurturing their patriotism.

ИММЕРСИВНЫЕ ПРАКТИКИ В МУЗЕЙНОЙ ПЕДАГОГИКЕ: ТРАНСФОРМАЦИЯ ГОРОДСКОГО ПРОСТРАНСТВА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНУЮ СРЕДУ НА ПРИМЕРЕ АУДИОЭКСКУРСИОННОГО ПРОЕКТА «ГОРОД ГОВОРИТ»

Валентина ПАВЛИК,
руководитель экскурсионно-массового отдела
КГКП «Историко-культурный центр Первого Президента»

В статье рассматривается, как трансформируется современная музейная деятельность в условиях цифровизации и урбанизации. Особое внимание уделяется иммерсивным форматам как инструменту вовлечения аудитории в культурно-историческое наследие. На примере проекта «Город говорит» анализируется модель интеграции музейного контента в городское пространство посредством аудиогидов, реализуемых через цифровые платформы. Обосновывается значимость соединения физической среды и аудиоповествования как формы неформального образования и культурной социализации молодежи.

Современный этап развития музейного дела характеризуется активным поиском новых форм взаимодействия с аудиторией. Традиционная модель музейной коммуникации, основанная на статичной экспозиции и линейной экскурсии, постепенно уступает место интерактивным, цифровым и иммерсивным форматам.

При этом важно отметить, что музей уже давно перестал восприниматься исключительно как пространство хранения и демонстрации экспонатов. Сегодня он ищет новые способы диалога с посетителем, особенно с молодежью, для которой привычны цифровая среда, быстрые форматы и возможность самостоятельного выбора [1].

Особенно актуальным становится вопрос привлечения именно этой аудитории. В этих условиях музей выходит за пределы своих физических стен и начинает осваивать городское пространство как альтернативную площадку для трансляции культурно-исторического знания.

Одним из наиболее перспективных направлений становится использование аудиоформатов. Они позволяют сопровождать человека в привычной среде – на улице, в парке, на площади – и при этом ненавязчиво погружать его в исторический контекст.

Иммерсивность в контексте культурных практик обычно понимается как эффект погружения, при котором человек становится не просто наблюдателем, а активным участником происходящего [2].

К основным характеристикам иммерсивных форм можно отнести:

- пространственную включенность,
- персонализацию восприятия,
- синхронизацию контента с окружающей средой,
- эмоциональное вовлечение.

В отличие от традиционных музейных форм, где взаимодействие происходит в заранее организованном пространстве, иммерсивные практики разворачиваются в реальной среде. Это делает восприятие более естественным и усиливает эффект сопричастности.

Особую роль здесь играет аудиоформат. В отличие от визуальных решений, он не конкурирует с окружающей средой, а дополняет её, создавая ощущение внутреннего диалога между человеком и пространством.

Современный город можно рассматривать не только как социально-экономическую систему, но и как носитель культурной памяти. Архитектура, улицы, памятники, индустриальные объекты – всё это формирует своеобразный «текст», который, однако, не всегда считывается без дополнительной интерпретации [3].

В рамках данной парадигмы город становится:

- открытой экспозицией,
- пространством неформального обучения,
- площадкой для культурной коммуникации.

Тем не менее без посредничества институций, прежде всего музея, этот «текст» зачастую остается незамеченным, особенно для молодежной аудитории. Именно здесь возникает необходимость в инструментах, способных «озвучить» город и сделать его историю более понятной.

Проект «Город говорит» как модель иммерсивной практики.

Проект «Город говорит» представляет собой



Рис.1. Работа над аудиоматериалами проекта «Город говорит»

попытку буквально «дать голос» городскому пространству. Он реализуется сотрудниками Историко-культурного центра Первого Президента в г. Темиртау и направлен на повышение интереса к локальной истории и культурной памяти города.

В разных точках Темиртау размещаются QR-коды. Отсканировав их, пользователь попадает в Telegram-канал проекта, где может выбрать аудиоэкскурсию и пройти маршрут, слушая историю в наушниках.

Экскурсия начинается непосредственно в той точке, где находится человек. Далее он движется по маршруту, а аудиорассказ сопровождает его, связывая окружающее пространство с историческими событиями и судьбами людей. В результате привычная прогулка по городу постепенно превращается в личное исследование.

Концептуально проект строится на идее «озвучивания пространства»: город здесь выступает не фоном, а полноценным участником повествования.



Рис. 2. Брендирование проекта

Одной из ключевых особенностей проекта является привязка аудиоматериала к конкретным локациям. Человек слышит историю именно там, где она происходила или с чем она связана.

За счёт этого возникает эффект своеобразного «совпадения» – когда услышанное и увиденное накладываются друг на друга. В такие моменты город начинает восприниматься иначе: как пространство, наполненное смыслами.

Отдельного внимания заслуживает форма подачи материала. Аудиоэкскурсии выстраиваются не как набор фактов, а как истории.

В центре этих историй – герои: реальные люди или собирательные образы, через которых раскрывается эпоха. Такой подход делает восприятие более личным и эмоциональным.

Для усиления эффекта Центр сотрудничает с актёрами Театра юного зрителя города Темиртау, которые озвучивают аудиоматериалы. Это позволяет придать рассказам выразительность и интонационную глубину.

Кроме того, тексты экскурсий предварительно адаптируются в сценарии. Благодаря этому появляется сюжет, логика развития и определённая драматургия.

В результате формируется эффект «ожившей истории», когда прошлое воспринимается не как абстрактное знание, а как происходящее «здесь и сейчас».

Проект не предполагает строго регламентированной последовательности. Пользователь сам выбирает:

- маршрут;
- длительность взаимодействия;
- глубину погружения.

Такой подход соответствует современным образовательным практикам, в которых важную роль играет самостоятельность и личный интерес.

Использование аудио является принципиальным решением. Оно позволяет сохранить визуальную целостность городской среды и при этом добавить к ней дополнительный смысловой слой.



Рис.3. Формат работы Telegram-бота

Голос, интонация, паузы создают атмосферу, благодаря которой информация воспринимается не только рационально, но и эмоционально.

Проект «Город говорит» наглядно демонстрирует изменение роли музея. Он перестает быть исключительно пространством хранения и экспонирования и становится активным участником городской культурной жизни.

В данной модели музей:

- выходит за пределы своих стен;
- осваивает новые форматы взаимодействия;
- инициирует культурный диалог в городской среде.

Смысловая насыщенность проекта напрямую связана с историей и идентичностью города Темиртау. Именно локальный материал определяет его ценность.

Это принципиально отличает подобные инициативы от универсальных цифровых продуктов: здесь важна не технология сама по себе, а способ работы с конкретным городским контекстом.

Несмотря на очевидные преимущества, реализация подобных проектов связана с рядом сложностей:

- необходимостью сохранять баланс между научной точностью и доступностью;
- высокими требованиями к качеству аудиоматериалов;
- зависимостью от уровня цифровой грамотности аудитории;
- риском поверхностного восприятия.

Кроме того, каждый маршрут требует серьёзной исследовательской и методической подготовки.

Иммерсивные форматы открывают новые возможности для развития музейной деятельности. Они позволяют преодолеть границы традиционного музея и интегрировать культурное наследие в повседневную жизнь.

Проект «Город говорит» показывает, как город может стать образовательной средой, в которой история не просто изучается, а проживается.

В условиях цифровизации такие инициативы становятся важным инструментом формирования интереса к прошлому и укрепления культурной идентичности.

Список литературы:

1. Муналбаева У.Д. Музейная педагогика. История, теория, практика: учебное пособие. – Алматы: Publicite, 2013. – 527 с.

2. Жолбарыс Н., Калнияз Б., Жайлыбаев Д. Государственные музеи Казахстана: показатели и рекомендации по развитию основных направлений // Научно-практический журнал «Museum.KZ». – 2024.

3. Қаби Г.А. Музейная педагогика в патриотическом воспитании учащихся (из опыта Карасуской средней школы) // Материалы международной научно-практической конференции «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». – Костанай, 2023.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала цифрландыру мен урбанизация жағдайындағы дәстүрлі музей қызметінің трансформациясына арналған. Автор статикалық экспозициялардан иммерсивті және интерактивті форматтарға көшу үдерісін зерттейді , сонымен қатар қаланы бейресми білім беру мен мәдени жадты жеткізуге арналған ашық кеңістік ретінде қарастырады. Тәжірибелік мысал ретінде Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы (Теміртау қ., Қазақстан) жүзеге асырған «Қала сөйлейді» жобасы талданады.

SUMMARY

The article examines the transformation of traditional museum activities in the context of digitalization and urbanization. The author explores the shift from static expositions to immersive and interactive formats, treating the city as an open space for informal learning and the transmission of cultural memory. As a practical case study, the article analyzes "The City Speaks" project (Temirtau, Kazakhstan), implemented by the Historical and Cultural Center of the First President.

МУЗЕЙЛІК КОММУНИКАЦИЯ: ЖӘДІГЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ДИАЛОГ

(18 мамыр – Халықаралық музей күніне орай)

Үрзия ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,
«Отырар» мемлекеттік
археологиялық қорық-музейі қоры

Әр халықтың тарихи жадын сақтайтын негізгі орын – музей. Ұлттық бірегейлік, тарихи сана мен мәдени құндылықтар осы кеңістікте жүйеленіп, ғылыми негізде таныстырылады. Әрбір жәдігер – белгілі бір дәуірдің тынысын, сол кезең адамдарының дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін үнсіз куәгер. Қыш ыдыс, қару-жарақ, зергерлік бұйым немесе қолжазба – барлығы да ақпарат сақтаушы мәдени мәтін іспетті.

Қазақстандағы музейлер тәуелсіздік жылдары жаңа мазмұнмен толықты. Археологиялық зерттеулер, этнографиялық экспедициялар және реставрациялық жұмыстар ұлттық мұраны жаңғыртуға бағытталды. Бүгінде музей көне заттарды сақтайтын орын ғана емес, мәдени коммуникация кеңістігіне айналды. Мұнда жәдігер мен қоғам арасында рухани әрі танымдық байланыс қалыптасады. Мәселен, «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорындағы археологиялық олжалар Отырар өркениетінің жоғары деңгейін дәлелдейді. Бұл жәдігерлер арқылы келушілер ортағасырлық қала мәдениетін, сауда байланыстарын және қолөнер дәстүрін көз алдына елестете алады. Осылайша тарихи зат қоғаммен «сөйлесетін» дерек көзіне айналады.

Музейлік коммуникация – өткен мен бүгіннің, зат пен адам санасының, тарихи дерек пен қазіргі түсініктің өзара байланысын білдіретін үдеріс. Экспозиция барысында экспонаттар тек көрсетіліп қана қоймай, түсіндіріліп, салыстырылып, ғылыми тұрғыдан талданады. Осы арқылы қарапайым зат мәдени құндылыққа айналады.

Музейлік коммуникацияның негізгі тетігі – интерпретация, яғни жәдігердің мәнін ашу. Зат өздігінен мағына бермейді, оның мазмұны ғылыми түсіндіру мен мәдени контекст арқылы айқындалады. Экспозициялық мәтіндер, мультимедиалық құралдар, экскурсиялар мен интерактивті бағдарламалар жәдігер мазмұнын заманауи аудиторияға түсінікті етуге бағытталған. Әсіресе жас ұрпақ үшін визуалды және цифрлық форматтағы түсіндіру тәсілдері маңызды.

Қазіргі таңда көптеген музейлер виртуалды турлар, QR-кодтар және аудиогидтер арқылы келушілермен жаңа форматта байланыс орнатуда.

Бұл дәстүрлі музей ісінің заманауи технологиялармен ұштасуының көрінісі болып табылды.

Музей мәдени диалог алаңы ретінде де маңызды рөл атқарады. Бүгінгі музейлер тек ақпарат таратумен шектелмей, қоғам пікірін ескеретін ашық кеңістікке айналып келеді. Дәрістер, көрмелер, дөңгелек үстелдер және шеберлік сабақтары мәдени диалогтың негізгі формаларына жатады. Осындай іс-шаралар арқылы музей өткенді таныстырып қана қоймай, қазіргі қоғамдық мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

XXI ғасырдағы музей дәстүрлі ұғымнан әлдеқайда кең әрі көпқырлы қызмет атқаратын орталыққа айналды. Қазір музей тек жәдігерлерді сақтау және көрсетуге ғана жауап бермейді; ол білім беру, ғылыми зерттеу, мәдени-ағартушылық және әлеуметтік қызметтің маңызды мекені болып отыр. Мұндай музей қоғам өміріне белсенді қатысады, өйткені ол тарихты сақтау арқылы ғана емес, оны түсіндіру, қоғамға жеткізу және адамдардың мәдени танымын дамыту арқылы да жұмыс істейді.

Заманауи музейдің басты ерекшелігі – инклюзивтілік. Қоғамның барлық әлеуметтік топтарына қолжетімді болу, әр жасқа, әр ұлтқа, әр түрлі қабілеті бар адамдарға музейлік білім беру мүмкіндігін ашу – мәдени демократияның нақты көрінісі. Бұл тек физикалық қолжетімділікпен шектелмейді; экскурсиялар, білім беру бағдарламалары, онлайн мастер-кластар, интерактивті көрмелер арқылы музейлер барлығына теңдей тәжірибе ұсынады.

Цифрландыру музей жұмысына тың серпін берді. Электронды каталогтар, онлайн көрмелер, виртуалды турлар, цифрлық архивтер музей қорының әлемдік аудиторияға қолжетімді болуына жол ашып отыр. Енді жәдігерлерді қашықтан зерттеу немесе виртуалды түрде көріп-білу мүмкіндігі бар, бұл жастар мен шетелдік зерттеушілер үшін үлкен артықшылық.

Осы бағытты одан әрі дамытуда жасанды интеллект (ЖИ) жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, ЖИ арқылы музей экспонаттарының 3D моделін жасау, виртуалды экскурсияларды интерактивті ету, жәдігерлер туралы сұрақтарға автоматты түрде

түсініктеме беру мүмкіндігі пайда болды. ЖИ технологиясы тарихи деректерді талдап, мәдени ақпаратты әр келушінің қызығушылығына қарай бейімдей алады. Бұл музей мен келуші арасындағы диалогты тиімді әрі жеке қылып, білім алуды қызықты әрі интерактивті етеді. Сондай-ақ, ЖИ музейде ғылыми зерттеу жұмыстарын жеделдетуге көмектеседі. Археологиялық қазба материалдарын жүйелеу, жәдігерлерді даталау, керамика мен зооморфты бейнелерді салыстыру сияқты күрделі жұмыстар ЖИ арқылы тез және дәл жүргізіледі. Бұл зерттеушілерге тарихи процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Заманауи музей сонымен қатар әлеуметтік рөлге ие. Ол қауымдық жобаларды, дәстүрлі өнер мен қазіргі шығармашылықты қолдауды, мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыруды қолға алады. Мысалы, шеберлік сабақтары, дәстүрлі қолөнер фестивальдері, жас ұрпаққа арналған тарихи ойындар – музей мен қоғам арасындағы мәдени диалогтың тұрақты платформасы болып табылады. Сөйтіп, XXI ғасырдағы музей – бұл тек тарих пен мәдениетті сақтайтын орын ғана емес, ол білім, ғылым, технология және мәдениет орталығына айналды. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану арқылы музей әртүрлі аудитория үшін ашық, тартымды және интерактивті мәдени алаңға айналады. Ол өткен мен бүгінді байланыстырып, адамдарға тарихи тәжірибе мен мәдени құндылықтарды тереңірек сезінуге мүмкіндік береді.

Халықаралық музей күні – жыл сайын 18 мамырда әлемнің көптеген елінде атап өтілетін халықаралық мәдени мереке. Бұл күн музейлердің қоғамдағы рөлін көрсетуге, мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудың маңызын түсіндіруге арналған. Мереке 1977 жылы Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM) ұйымының бастамасымен бекітілген.

Халықаралық музей күні музей қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ғана емес, сонымен қатар, қоғамның тарих пен мәдениетке деген қызығушылығын арттыруды мақсат етеді. Осы күні әлемдегі көптеген музейлерде арнайы көрмелер, ғылыми конференциялар, ашық есік күндері, экскурсиялар және мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Кейбір елдерде бұл мерекеге байланысты түнгі уақытта өткізілетін «Музей түні» акциялары да өтеді.

Бұл күннің басты мақсаты – музейлердің мәдени мұраны сақтау, ғылыми зерттеу жүргізу және қоғамға білім беру ісіндегі маңызын көрсету. Музейлер өткен мен бүгінді байланыстыратын рухани көпір ретінде қызмет етеді. Олар тарихи жәдігерлер арқылы халықтың тарихын, мәдениетін және ұлттық құндылықтарын келесі ұрпаққа жеткізеді.

Қорыта айтқанда, музей – өткеннің үнін бүгінге жеткізетін ерекше рухани кеңістік. Ондағы әрбір жәдігер ата-бабаларымыздың өмірі, дүниетанымы мен сенімі туралы сыр шертеді. Сол тарихи мұраны түсініп, оны қазіргі ұрпаққа жеткізу – музейлік коммуникацияның басты мақсаты. Яғни, музей тек мәдени құндылықтарды сақтайтын орын ғана емес, ол – білім беретін, тәрбиелейтін және қоғамды ойлануға жетелейтін маңызды орта.

Музейге бару – жай ғана көрме көру емес, өз тарихыңмен жүздесу. Сондықтан мәдени мұрамызды қорғау, музейлерді құрметтеу және олардың қызметін қолдау – әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Акишев, К.А. Түркі қағанаты дәуіріндегі символика және өнер. – Алматы, 1984.
2. Пугаченкова, Г.А., Ремпель, Л.И. Археология және ежелгі керамика зерттеулері. – Мәскеу, 1982.
3. Халықаралық музейлер кеңесі (ICOM). The Museum Definition and International Museum Day. – Paris, 2023.
4. Жақыпбекова Г. Қазақстан музейлеріндегі заманауи технологиялар және музейлік коммуникация. – Алматы, 2021.
5. Байтұрсынов М. Қазақстандағы археологиялық қазбалар мен мәдени мұра. – Алматы, 2019.
6. Мирзаханов А. Музей және білім беру: теория мен практика. – Астана, 2020.
7. UNESCO. Museums and Digital Innovation. – Paris, 2022.
8. Ержанова С. Жасанды интеллект және заманауи музейлер. – Алматы, 2022.
9. Отырар мен Жібек жолы археологиялық зерттеулері: жинақ. – Түркістан, 2017.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются культурная, научная и познавательная роль музея в обществе, а также значение музейной коммуникации. Кроме того, анализируются возможности цифровых технологий и искусственного интеллекта в современном музейном деле.

SUMMARY

The article examines the cultural, scientific, and educational role of the museum in society, as well as the importance of museum communication. It also analyzes the potential of digital technologies and artificial intelligence in modern museum practice.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРА

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ АҢШЫЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Жанар СЕЙТЕНОВА,
Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми зерттеуді қамтамасыз ету бөлімі

Аңшылық – түз жануарларын аулау кәсібі. Қазақстан аумағында аңшылық тарихы палеолит дәуірінен бастау алады. Қазақ халқы үшін аңшылық тек күнкөріс көзі ғана емес, батылдық пен ептілікті, табиғатпен үйлесімділікті танытатын ерекше өнер болып саналады. Көшпелі өмір салтын ұстанған дала тұрғындары табиғат заңдылығын терең меңгеріп, аң аулаудың сан алуан тәсілдерін қалыптастырған. Бүгінде бұл дәстүрлер халқымыздың мәдени мұрасы ретінде музей қорларында сақталып, ғылыми тұрғыда зерттелуде. Қазақтың дәстүрлі аңшылығының ең көркем әрі кең тараған түрі – саятшылық. Саятшылықта құсбегілер қыран құстарды баптап, аңға салған. Әсіресе бүркіт, қаршыға, сұңқар сияқты жыртқыш құстар кеңінен пайдаланылған. Мысалы, бүркіт – саятшылықтың символы саналады. Бүркітпен түлкі, қоян, кейде қасқыр да алынған. Құсбегілер құсты арнайы томаға, балақ бау, шыжым арқылы баптап, ұзақ уақыт үйреткен. Саятшылық дәстүрі туралы құнды мәліметтер қазақ этнографиясын зерттеген Шоқан Уәлиханов еңбектерінде де кездеседі.

Тазы жүгірту: Қазақ аңшылығында ит жүгіртіп аң аулау да кең тараған. Ерекше жүйрік, сезімтал аңшы ит – Қазақ тазысы дала аңшыларының сенімді серігі болған. Тазы қоян, түлкі, қарсақ аулауда таптырмас көмекші саналған. Иттің жүйріктігі мен иесіне адалдығы туралы көптеген аңыз-әңгімелер бар.

Қақпан құру және тор салу: Дәстүрлі аңшылықта қақпан құру тәсілі де жиі қолданылған. Темірден жасалған қақпандар түлкі, қасқыр, суыр секілді аңдарға қойылған. Сонымен қатар, құс аулауда тор, тұзақ әдістері пайдаланылған. Бұл тәсілдер аңшыдан үлкен шыдамдылық пен табиғатты терең түсінуді талап етті.

Аңшылық түрлері: бірінші түрі – топ болып аң аулау. Аңшылық маусымында иен далаға ұжым болып аттанып, ондағы барлық аңшылар өздерінің құстарымен, тазыларымен ұзақ уақыт бойы аң аулаған. Аңшылар тобының құрамында әнші-күйшілер, көңіл көтеретін ақындар, сайқымазақтар, сал-серілер де болып, түрлі қызықты да әсерлі шаралар ұйымдастырды. Олармен дабылшы, атшы, ыспан қазаншы және т.б. сияқты қызмет көрсететін адамдар бірге жүрген. Мақсаты – бір жағынан қыстық соғымның қорын көбейту, екінші жағынан серуен құрып, көңіл көтеру болған.

Аңшылықтың екінші түрі – жеке аң аулау. Бүркіт, мылтық, иттері бар орта дәулетті қазақтар аңшылықпен қызық қуып қана емес, күнкөріс қамы үшін айналысты.

Аңды ұрып алу – аңшылықтың қарапайым түрі. Тазы ерткен аңшы қолына шойыл, шоқпар, дойыр сияқты ұру құралдарын алып, жүйрік атқа мінген. Аң аулауға өрімі жуан дойыр, өзегіне қорғасын қосып өрілген, сабы ұзын бұзаутіс және дырау қамшылар аң ұруға аса қолайлы болған. Балуан Шолақтың дойыр қамшысы «қашқан қасқырды қуып жетіп, онымен жоннан тартқанда, қабырғаларының көбесі сөгіліп, омыртқалары үзіліп кетеді екен. Қашаған жылқылардың қай-қайсысы болса да, қабырғаларын бойлай тартып өткенде етпетінен түсетін көрінеді», – деп жазды С. Мұқанов. Саятта, ұрыс-соғыстарда қамшымен олжа түсірген қамшыгерге өзіне тиесілі олжадан бөлек «қамшы сыбағасы» деп аталған арнайы үлес берілген.

Аңшылық құрал-жабдықтары: Қазақ аңшылары садақ, найза, кейінірек мылтық қолданған. Аңшылыққа қажетті қақпан, тұзақ, пышақ, тор сияқты құралдарды қолөнер шеберлері жасалған. Саятшылыққа арналған арнайы киімдер мен жабдықтар да болған.

Алайда қазіргі уақытта аңшылық кәсібіне деген қызығушылық төмендеп келеді. Аңшылықты негізгі кәсіп еткен адамдардың саны айтарлықтай азайған. Қазіргі уақытта аңшылық көбіне демалыс пен көңіл көтеру мақсатында жүзеге асырылып, кәсіп ретінде бұрынғы мәнін жоғалта бастады. Дегенмен, аңшылықтың дәстүрлі әдістері мен тәжірибелері кейбір аймақтарда әлі күнге дейін сақталып келеді. Аңшылық пен саятшылық қазақ халқының байырғы дәстүрлерінің бірі болып табылады. Ол көшпелілердің күнкөрісінің маңызды бөлігі болып, әлеуметтік қатынастардың нығаюына, мәдениеттің қалыптасуына ықпал еткен. Аңшылықтың қазіргі заманғы өзгерістеріне қарамастан, оның тарихи



Кісе белдік



Биялай



Тымақ



Табын аяқ



Шоқпар



Дауылпаз

және мәдени маңызы сақталуы тиіс.

Қазақтың аңшылық дәстүрі туралы этнографиялық деректер Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында сақтаулы. Қазақтың дәстүрлі аңшылық тәсілдері – халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен біте қайнасқан мәдени құндылық. Аңшылық тек олжа табу амалы емес, табиғатқа құрметпен қараудың, батылдық пен шеберліктің мектебі болды. Бүгінде бұл мұра музей экспозицияларында, ғылыми зерттеулерде және ұлттық спорт түрлері арқылы жаңғырып келеді.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается историко-культурное значение традиционного охотничьего искусства и саятшылык (охоты с ловчими птицами) казахского народа. Описывается связь охоты с бытом и мировоззрением, а также её изменения на современном этапе.

SUMMARY

This paper explores the historical and cultural significance of traditional Kazakh hunting and falconry (sayatshalyk). It outlines the interconnectedness of hunting with the lifestyle and worldview of the Kazakh people, while also analyzing its transformations in the contemporary era.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Редакциялық алқа төрағасы:
ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Редакциялық алқа төрағасының орынбасары:
ИБРАЕВА Ақмарал – Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Редакциялық алқа мүшелері:
ӘЛІМБАЙ Нұрсан – Т.ғ.к., профессор, музей саласының ардагері

САРОВ Сержан – Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі

ЖУМАБЕКОВА Гулайым – Ә. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының өнер музейі

САҒАДИЕВ Ұлан – Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық музей-қорығы

ДАКЕНОВ Ерлан – «Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей -қорығы

АХМЕТЖАНОВ Нұрболат – «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

БОЛДЫҚОВ Жандос – «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

АМИРОВА Сабина – «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

МЕРГЕНБАЙ Нұржан – «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ҚОЙЛЫБАЕВ Әзімхан – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ДАНДЫҒАРАЕВА Бибігүл – «Таңбалы» мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы

ИСМАТОВ Бахадир – «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени қорық музейі

ЖАНДОСОВ Айбек – «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы

ӘБІЛСЕЙІТ Мұқтар – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы

ОСПАНОВ Ғалым – "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы

МЫРЗАБЕК Құдайберді – Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейі

ДҮЙСЕНҒАЛИ Мейрам – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

КИПИЕВ Мұхамбетқали – Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі

АБЛАНОВА Эльвира – Ә. Кекілбайұлы атындағы Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі

САФУЛЛИН Жантас – Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

АЛИАКПАРОВ Арман – Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі

ІЛИЯС Сейітжан – Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі

АЯЗБАЕВА Рысжан – Жетісу облысы М. Тынышбайұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ержан – Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі

МЕНДЕКИНОВА Гүлжан – Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі

КӨЗЕЙБАЕВ Сапар – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

САДЫРБАЕВ Қайрат – Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі

МҰҚЫШЕВА Гүлнәр – Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

ШУБАЕВ Ерболат – С. Сейфуллин атындағы Жаңаарқа аудандық тарихи-өлкетану музейі

АЙТЫМБЕТ Баян – Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейі

ТӨЛЕУБЕКОВА Эльдар – Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі

Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ақпарат комитетінде
16.08.2024 жылы тіркелген. Куәлік №KZ91VPY00099077

***«Музей әлемі»* танымдық журналына жазылыңыздар**
Журнал жылына 4 рет шығады

***Бір жылға жазылу бағасы* – 21 674,08 тг**
***Алты айға жазылу бағасы* – 10 837,04 тг**
***Үш айға жазылу бағасы* – 5 418,52 тг**
***Бір нөмірдің бағасы* – 5 418,52 тг**



Журналдың 2026 жылға арналған газеттер мен
журналдар каталогіндегі индексі – 76244
«Қазпочта» АҚ